

Ғалым Шоқан

Жетісу сапары

I

Генерал-губернаторды шығарып салуға келген жұртшылық шағын пристань басына сыймайды. Мәртебелі ұлықтарының ұзақ та тосын сапарға шығуы қала жұртшылығына аса бір ірі жаңалық болып танылған. Олардың кейбір жағымпаздары: «Уа, жасаған ием, мәртебелі мырзамыздың сапарын оң ет. Бұл өте қауіпті жол. Генерал-губернатордың бұл жолға аттануы — асқан ерлік. Патша ағзамға қызмет көрсетудің бұл бір ерекше үлгісі»,— десіп шу-шу етеді. Генерал-губернатордың алдынан бұрынырақ келіп, өздерімен жүретін қошеметшілер тобына Шоқан да келіп қосылған.

— Шоқан Шыңғысович, сіз келіп те үлгерген екенсіз. Біз үлкен кісілердің ырғатылып үйден шығуын күтіп аз кешігіп жеттік,— деп Вера мен Елизавета Шоқанға келіп жол болсын» деген жақсы ниеттерін айтып үлгерді. Қашан да қауқалақтай бар ықыласымен Шоқанды сүйе амандасатын Карл Казимирович, Екатерина Ивановналар да келіп жақсы ықыластарын айтып жатыр. Оларға жалғаса Яков Петрович, Екатерина Ивановна, Сергей Дуров, Ивановтардың үй іші де келген. Олардың жылы, достық лебіздері бірінен бірі асыра айтылады.

Біраздан соң ойқастаған үш арғымақ жегілген генерал-губернатордың солқылдақ пәуескесі де келіп жетті. Алдынан тосып алған қошеметші топ тілектерін айтып, шуласып жатыр. Көппен бірге Шоқан да өзі қолғанат болып еріп баратын бастығын әскери әдеппен қарсы алды. Фридрихс, Корейериус, Кури сияқты чиновниктері өздерінің қара қауым алдындағы кісілікті айбаттарын мейлінше көтере ұстап, генерал-губернаторды қошеметтей шығарып салуға келді.

Өзіне арналған сәнді пароходтың жасаулы каютасына Гасфорттың бәйбішесі кіріп көріп шыққанша, пароход жүру хабарын жарияламады. Осы бір саябыр кезде Шоқанды шығара келген достар бөлек топтана өздерінің достық ықыластарын, кейбір ойларын айтысып жатты.

Бір әредікте Сергей Дуров: «Мен Федор Михайловичтен хат алдым. Ол Семейде ғой. Егер уақыт тапсаңыз жолығыңыз. Мұндағы жағдайларға ол ынтызар ғой, бәрін айтарсыз. Және сізді көріп мәжілістессе бір жасап қалады,— деп тапсырма айтты. Гутковскийлердің, Капустиндердің үй іштері: «Хат күтеміз. Ұмытпаңыз!»— деген достық тапсырмаларын айтысты. Пароход гудогі беріліп «жолаушылар орындарына отырсын» деген хабар болған кезде. Шоқан тағы да достарымен қайталай қол алысты. Үлкендерден имене әдеп сақтай келіп қош айтысқан Вера қолын беріп, Шоқанға қоңыр ұялы көзі мөлдірей қарап:

— Елизавета Карловна қарындасыңыз ғой. Оған хатты жиі жазарсыз. Бізді де ұмытпаңыз,— деді. Вераның осы бір назды үні Шоқанның құлағында көпке дейін сүйкімді лебімен келіп тұратындай сезілді. Шоқан өз ойындағы сырын ашып айта алмай, үнемі жүрегімен алысып жүретін шыдамды қалпын бұл жерде де айнытпады. Бірақ Вераның аз дірілмен созған қолын батылырақ қысып:

— Хатты сізге де жиі жазам, Вера Яковлевна. Ол жағынан жәбірленбессіз,— деп жүрек толқынын зорға билеп жымиды.

Пароход Ертістің ағынын өрлей жылжып жүзе бастағанда, Шоқан орамалын бұлғап тұрған Вера мен Елизаветаға өзгелерден бөлекше көз салды. Ол көпке дейін Вераның жаудыраған үлкен қой көзінің жалынды жанарын көз алдынан кетіре алмады. Пароход Ертіс өзенінің ағынын қақ жарып, ақ айдар толқындарды шұбалтып, біраздан соң қаланың қарасынан көз жазды.

Ертіс бойын аздап көзі шалғанымен, ұзын арнасын жүріп көрмеген Шоқан өз каютасына кірмей қойды. Июнь айының бұлтсыз аспанынан тамылжыған ыстық күн бар жылуын жерге мейірлене төгіп тұр. Бірақ мол сулы өзеннің арнасында пароход үстінен сондай бір майда қоңыр жел лебі еседі. Оның үстіне арнасы кең асау ағынға еміне өскен өзен жағасындағы жасыл тоғайлар, көкторғын желектей жапырақ шоқтарының суға көлеңкесін шомылдырып созылып қалып жатыр. Өзеннің кей жерінде тоғай үзіліп, биік аңсағайланған құзар жарлауыт едірейе пароходқа жоғарыдан үңіледі. Ертіс бойына әлі ел көп қоныс теппеген. Анда-санда қазақ-орыс селениелері көрініс береді. Кей жеріндегі тырбықай тоғай ішінен мыжырайған қазақ қыстауы да көрініп қалады. Осы көріністердің бәрі өзіне алуан түрлі ой салған Шоқан күн еңкейе каютаға кірді. Оның алдымен қолына алғаны жол дәптері болды. Бүгін үлкен сапарға аттанған күнін, мына Ертіс бойын, бағанағы достар бейнесін тегіс жазып қойды.

Семейге жеткенге дейінгі пароход үстінің тіршілік көрінісі бір қалыпта. Тек кейбір елді аялдамаларға тоқталады. Пароходқа отын алады. Пароход үстінің жүкші, пеш жаққыш отшылары қызыл танау болып машинамен арпалысады. Сондай бөгеліс кезінде жағаға келіп пароходты тамашалаған жұпыны жұртты көреді. Су бойының жұртшылығы пароходтағы жолаушыларға азық-түлік базарлауға да жөнді жаттықпаған. Бірлі-жарым айран, сүт, май әкелгендерінің бағасын айтуға да зорға батылы барады.

Шоқанға бұл жолдың бойындағы біраз әсер қалдырған Семейге таянғандағы бір ерекше көріністер болды. Ертіс жағасының тізеден келіп малтығып жатқан қызыл құмын кешіп жаяу шұбаған орыс адамдарының жігі үзілмейді. Олардың еркектері ұзын қара шекпенді сүйретіле киіп, үлкен темір кресті мойындарына шынжырлап іліп, төстеріне салбыратып қойған. Ал әйелдері шаштарын түмшалай ақ жаулық салып, ұзын қара көйлек киіп, бөтелкеге құйған суларын мойындарына аса шұбырып, үздік-создық, ерсілі-қарсылы жүріп жатты.

Осы бір көрініске танданған Шоқан жол бойынан хабардар кексе жүкшінің біреуінен сұрап еді, ол жымысып күліп:

— Офицер мырза, сіз әулие судан хабарсыз екенсіз ғой. Бұл осы күнгі Семей қаласынан жаяу сопыларға бір күндік жерде, Ертіс жағасында, әулие су бар. Мына жаяу шұбырғандар Семейдегі шіркеудің сопылары. Соған келіп түнеп су алып қайтады,— деп барлық білгенін айтып берді. Осы көріністі Шоқан өзінің күнделік дәптеріне жазып қойды. Мүмкін ол минералды су шығар деп ерекше белгі жасады...

Пароход Семейге келгенде генерал-губернатордың пароходпен келе жатқан хабарын алған, жаңа ұйымдасқан Семей облысының чиновниктері көтеріле келіп қарсы алды. Алдын ала губернатордың жүрісін хабарлаған да оның көтермешілері: «Бұл кісі жай ғана губернатор емес, ақ патшаның Сібір өлкесіндегі оң қолы, қалаларыңызға кірерде шіркеулеріңізден ғибадат қоңырауын соғып құрмет етіңдер»,— деп арнайы ескерткен. Сол тәртіппен Семейдегі тұңғыш шіркеуден соғылған қоңырау үні бүкіл пристань бойын жаңғырықтырып, қаланы ғибадат азанына бөледі. Мына сияқты құрметке көңілдене пароходтан шыққан губернаторға: «Қош келдіңіз, мәртебелі ұлығымыз генерал-губернатор мырза!»— деп ұран тастады. Бас киімдерін алып, бастарын тізесіне жеткенше иіп құрмет көрсетуде. Онсыз да кеудесін жоғары ұстауға әдеттеніп алған мақтаншақ Гасфорт кекірейе ернін әрең қозғап, аяғын аса маңызды салмақпен басып, қошеметшілердің дегбірсіз сүйемелімен сыртқа су жиегіне шықты. Семей пристаны өте қораш екен, Гасфорттанауын көтере қарады.

Генерал-губернатордың қабағын бағып тұрған Семей облысының бастығы полковник Хоментовский генералды қарсы алу құрметіне арналған сөзін бастап:

Генерал-губернатор мырза, кешірім етіңіз. Біздің қаламыз жас, азды-көпті құрылысын жаңа ғана қолға алған. Әзір көзге түсер көлемді сарайдан шоламыз. Мына сіз көріп тұрған пароход тоқтар жеріміз өте жабайы, бұған да дұрыстап үй орнатуға қысқа жіп күрмеуге жетпей жатыр,— деп бір тоқтап, тағы да сөзін жалғады.— Сіздің мына біздің қаламызды көріп, жай-күйімен танысуға мархабат еткеніңізге біз аса қуаныштымыз. Осы бір жетімсіз жайларымызға рақымды көзбен қарап, қамқорлық етер, мырзалық қолын созар деп тұрмыз,— деп тоқтады.

Пароходтан түспей жатып алдынан жәрдемге алақанын жайған Хоментовскийдің сөзінен көңіліне полковниктің өзі сұрамсақтыққа әдеттенген бе деген түсінік келсе де, «өзінен үміт етеміз» деген сөзді есіне алып, мақтаншақ генерал-губернатор бойын кеңге сала:

— Полковник Хоментовский мырза, құрметтеріңізге рақмет, тілектеріңіз де ескерілер,— деп тоқтады.

Семейдің чиновниктерімен бірге генералдың құрметіне қазақ, ноғай саудагерлерінен де келген аздаған адамдар барды. Соларға генерал-

губернатордың айтқан алғысын әрі бас жәрдемшісі, әрі тілмашы Шоқан қазақшалады.

— Семей шаһарының қадірлі ақсақалдары, генерал- губернатор Гасфорт мырза, сіздердің алдынан шыққан құрметтеріңізге аса разы болып алғыс айтып тұр. Және сіздерге мырзалық қолын созуға лебіз көрсетіп тұр, — дегі жеткізді. Татар, қазақ байлары да тақия, бөріктерін алып, генерал- губернаторға разылықтарын көрсетті. Қонақтарды әзірлеген қонақ үйге жеткізді. Шоқанға да бір бөлме әзірленген еді, өз үйіне ол да кіріп жайғасты.

Ол күні арнаулы қонағасыларына шақырған Семей чиновниктерінің мәжілісінде болып, кешкілікте демалыс өтті. Келер күні Гасфорт мырзаның ұсынысымен қаланың ішін аралап, әрбір белгілі жерлерінде болды. Семей қаласы аумағы тұтасып қалыңдамаған үйірім-үйірім бөлек топтар. Мысалы күншығыс жақ шеті ноғай, шала қазақ бөлімдері. Батыс-солтүстіктегі казак-орыс бөлімі. Ал облыстық мекеменің айналасы — ұсак дүкендер, школ, шіркеу сияқты көрнекті үйлері бар. Сол тұсы өсіп келе жатқан тәрізді. Әсіресе әзірше көзге түсер құбылысы абақты үйі екен. Сыртқы қорғанын зәулім биік етіп, орта жерінен сығырайған тор көз кішкене терезелер қалдырыпты. Осы маңға жақын ескіден қалған үлкен тас қақпа тұр. Бір кезде бұл тас қақпа үлкен балшық дуалдан салынған көне қорғанның аузы болғанға ұқсайды. Өйткені қақпаның айналасында ескі дуал іргелерінің ізі байқалады. Сол сияқты көне қорғанның қоршауының ішінде қайдағы бір құлаған үйлер орны, көне топырақтары дөңестеліп үйіліп жатыр.

Шоқанның бір зерттей қарағаны осы тас қақпа және оның айналасындағы көне жұрт белгісі болды. Қаланың Семей аталуының өзі осы қорған ішіндегі жеті шатырлы балшық үйлер болғандығынан делінген дерек тапты. Ол жеті шатыр бір кездегі көшпелі қазақ, жоңғар елдерінің бекініс етіп тұрғанын дәлелдейді екен. Шоқан күнделігіне жазып қойды.

Шоқан генерал-губернатордың бас қолғанаты және мына сияқты шығыс халқының уәкілдері көрінген жерде бастығының қасынан ұзай алмайды. Өйткені әрбір сағат сайын қасында керек болады. Сондықтан ол Дуров айтқан Федор Михайлович жайынан хабар ала алмады. Ол үшін қаланы өз бетімен еркін аралауы керек, оған мүмкіндік жоқ.

Біреу күн аралап қала жайымен танысқан генерал- губернатор енді Жетісуға жүруге дайындалды. Күні бұрын берілген тапсырма бойынша жаңа бекеттерге ат байланып, жол бойының елі дүрліге хабарланып жатты. Қызыл каймалы фуражқаларын қоқырайта киіп, қылыштарын салақтатып, самай шашын будыратып ерсілі- қарсылы шапқылаған казак-орыс ұрдажықтары жолдағы елді бөріктіре құйындатуда еді. Мұндай кезде дала мүлде даурығып кететін әдеті ғой. Әсіресе жаңада ғана бағынған анайы, бұйығы елге казак-орыстың қалпағы көрінгенде үрейлері ұшып, естері шығатын.

Генерал-губернатор мінетін пәуескеге жегілген аттар үлкен паром қайықпен Ертістің «Заречной слабодка» аталатын оңтүстігіне өткізілді. Губернатордың өзін ерекше жабдықталған желкенді қайықпен тандаулы қайықшылар алып шықты. Осы қайыққа Гасфортпен бірге мінген Шоқан, тағы басқа чиновниктер де өзен қабағына шықты. Жаңада орналаса бастаған слободка жатақтарының қайық аузындағы жер үйлері мен шокайтқан бөрене үйлеріне Шоқан көз тастады. Мыналарды көргенде ол «Нағыз жарлы жатақ осылар. Не қала болып кәсібі жоқ, не қыр болып малы жоқ. Әйтеуір, бір күнелту де» деген қорытынды түйіндеді.

Көп кешіккен жоқ, пәуескені көлденең тартты. Семей чиновниктері жолға жетік басшыларын қосып, сол жерде қош айтысты. Шағыл қырқасының етегінен бөктерлей түскен жам жолмен пәуеске және бірнеше тарантас арбалар шұбатыла жортты. Тозаңытып есіліп жатқан боз топырақ ат тұяғы, арба дөңгелегінен көтеріліп, будақ-будақ болып шұбатылып, жолаушыларды біріне-бірін жақындатпады. Жол бойындағы жаңа орналасқан бекеттерде ат жаңарта отырып, генералдың көші Шар өзенін жағалай жортып келеді. Алыстан белес берген Семейтау, Көкентауларының тізбегін артқа қалдырып, ілгері баса берді. Генералдың өзіне арналып жабдықтап алып шыққан жол шатыры сулы көгалды жерлерде тігіліп, даланың кіршіксіз аза ауасында да демалыстар жасалды. Мұндай демалыс кездерінде Гасфорт генералдың тілдесер адамы — тек қана Шоқан. Ол көбінесе жер жайына, ел жайына, қазақ ауылдарының көшпелі өмірлерінің жайына әуестенеді. Сол кездегі тілхат боларлық жалғыз жәрдемшісі — Шоқан. Гасфорттың мына сияқты сахара өмірінен хабарсыздығы Шоқанға да өте тиімді. Ол губернатордың кейбір сұрағын терендете талдап, біліп, түсіндірме айту арқылы өзі де ел өмірімен кеңірек таныса түсуде. Әсіресе әрбір белгілі бекет атырабындағы елдің ата тегі, бұл тұсқа қай кезде келіп орналасқаны жайынан дәлсіз де болса мағлұмат алады. Сол тұстағы ел адамы дегендерді сұрап біледі. Ел ішіне шыққан ұлықтардың зәбір-зорлықтарын қадағалап ұғынады. Ол сияқты оғаш қиянатты жайды естігенде, Гасфорттың құлағына сіңіре, би сала жеткізеді.

Шоқанға ұнаған таудың бірі — жол үстіндегі Арқат болды. Бұл таудың жаратылысы сондай қызықты. Шап-шағын екі бөлек шың жартастан іргелескен Арқат тауы, әсіресе «Күйме тас» сияқты сыпырық секие біткені, жинаған жүктей жартасқа таңдана, қызыға қарады. Осы таудың солтүстік сыртын ала шөгіп жатқан Орда тауы, онан әрі ұзыннан желі тартып биік қырқаларын елестетіп Шыңғыс тауының кенересі жатыр.

Алыстан белдеуленіп ақар-шақар шоқыларымен көлбеп жатқан Шыңғыс тауын көргенде, ол өздерін бастап алып жүрген адамдардан таудың неден Шыңғыс атанғанын сұрады. Ол туралы ел аузындағы аңыз әңгімелерді тындады.

Шыңғыс тауының биік қырқаларынан ереуілдеп көрінген «Хан биігі» жайлы, аңыз әңгімені айтқан кісі: «Бұл шоқының хан биігі аталғаны, ерте кезде Шыңғыс хан деген дүние жүзін алған үлкен хан болыпты. Ол кісінің өз тегі моңғол екен. Шығыс жақтағы елдерді жаулап боп, осы көшпелі қазақ елдерін шабуға келіпті. Қара нөпір үлкен даңқпен келген Шыңғыс ханның қолына көшпелі ел қарсы тұра ала ма, соғыспай бағынып, алдарынан сыйлық алып шығып, мына Орда тауына Шыңғыс ханның ордасын тіккізіп құрмет көрсетіпті. «Біздің сізді ұлы хан тұтып бас игеніміздің белгісі болсын»,— деп, ел ағалары Шыңғыс ханның өзін анау биіктің басына алып шығып, ақ кигізге орап төбелеріне хан көтеріпті. Сонан сол биік «Хан биігі», бүкіл тау сілемі «Шыңғыс тауы» атаныпты. Мына Орда биігі Шыңғыс ордасын тіккеннен «Орда» атаныпты»,— деп, өз білгенінше айтып шықты. Мұны да Шоқан өзінің күнделігіне жазып алды.

Жол үстіндегі бұлақ бойына шатыр тігіліп, аққан су, көгорай шалғын, таза ауада көңілдене бой жазып серуендеген Гасфорт Шоқанды өз қасына шақырды:

— Мен ана Омбы каласынан келіп, Сібір атанатын өлкенің жайын тек кабинетте отырып қана түсініп едім. Ал жазылған географиялық мәліметтен болмаса, мына сіздің елдің жерінен, тұрмысынан хабарсыз едім. Маған даланың жаратылыстары, ауасы қатты ұнап келеді. Бұл жерлерде бір кезде отырықшы елдер болды ма екен. Бізге әзірше ондай шаһар орны тұрған белгілер кездесе қойған жоқ. Осы жағын сіз ана басшы қазақтардан сұрастырдыңыз ба? Біздің экспедицияның мақсатының өзі осы бір жайларды зерттеу ғой,— деп Шоқанға жүріс мақсатын ескертті.

Менмен, өзімшіл генерал-губернатордың мақтаншақ мінезін әбден түсініп алған Шоқан елгезек қолғанат екенін сездіргісі келіп:

— Ұлы дәрежелі генерал-губернатор мырза, мен өз түсінігімше сіздің осы сияқты ұлы мақсатпен аттанғаныңызды ұғынғам. Және мен сияқты дала перзентін бағынышты қызметкеріңіз етіп өз жаныңызға мархабат етіп не үшін ерткеніңізді де ұғынғам. Сондықтан да мына жол бойындағы әрбір қырқаның түбін қыстаған ел жайын, жер аттарына байланысты жағдайларды сұрастырып келем. Сонау Еуропаның мәдениетті шаһарларының қызығына бөленіп өскен сіздер сияқты ақсүйектерге мына сияқты елі көшпелі, жабырқаңқы даланың басынан өткені де әуес қой. Сізге мына бір кешегі жолбасшы қазақтан сұрап, білген жайды айтайын,— деп Шоқан әрдайым қойнында жүретін жол дәптерін алып, Шыңғыс, Орда таулары неден атанғанын айтып өтті.

Шоқанның мына сияқты әр нәрседен көп мәлімет туғызып, мән бере жазып келе жатқан ізденгіш жайына разылана генерал-губернатор:

- Шоқан Шыңғысович, мен сізді жәрдемші етіп алуда адаспаған екенмін. Мына бір екі таудың атынан үлкен тарихтың ізін аңғарғансың. Біздің жүріп келе жатқан жолымыз Шыңғыс сияқты ұлы жауынгердің қанды соқпағының ізі қалған жерлер екен ғой,— деп өзінің осы жолға кездесуін де

үлкен ізденгіштікке бағалап көтеріліп қойды. Генералдың көкейіне жылт етіп кіре қалған мақтанды қабағынан сезген Шоқан:

— Ұлы дәрежелі генерал-губернатор мырза, сіз осы жолда сонау дүние жүзін жаулап қан жосылтып өткен Шыңғыс ханның соқпағының сорабын жаңа көктеп өскен шалғынды шөп басқанда, соны мекендеген елге ұлы Россия патшалығының мейірбан достық кеңшілік мархабатын алып, аралап келесіз,— деп бір жағы ажуа, бір жағы көтерме сөзін айтты. Жас қазақ жігіті, өзіме қолғанат етіп ерткеніме мүлде қуанышты деп ұғынған Гасфорт Шоқан сөзінің тереңдігі төркінін түсіне қойған жоқ. Ол қайта мақтанып:

— Иә, Шоқан Шыңғысович, біздің жүрісіміз ұлы кеңшіліктің лебін елге жеткізу ғой,— деп тоқтады.

Губернатор мырзаның тобы бөгетсіз жүріп отырып Сергиополь деп атанатын Аякөз бекінісіне келіп жетті. Көк шалғынға бөленген өзеннің бойына орналасқан шағын бекіністе аз да болса қала тіршілігінің белгілері бар. Әсіресе татар, қашқарлық саудагерлер селениесі көзге түседі. Сонымен қатар казак-орыс атты әскер бөлімінің тұрақты сақшылары да бар. Олар ұлы дәрежелі генерал-губернаторды барлық құлшылығымен карсы алды. Осы жерде біраз бөгеліп, бекінің ішкі жайынан керекті хабарларды ұғынды. «Бұл тұстағы елдер ақ патшаның қол астына қарағанға қуанышты, ешбір бұйрық, жарлыққа кедергі жоқ»,— деген бекініс басшыларының хабарлауын қабылдады. Бұл бекіндегі бөгеліс ұзаққа созылған жоқ. Әредікте Гасфорт Шоқаннан: «Аякөз өзенінің аты неден қойылған және мағынасы қандай?»— деп сұрады. Генерал-губернатордың сұрағына бұрыннан өзен жайымен таныстығы жоқ Шоқан бірден айта алмады. Генералдың сұрағы ой салған ол, жергілікті адамдардан сұрастырғанда «Ертеден келе жатқан атау ғой. Сірә, «Аякөз» дегені — «аяулы, мол, құнарлы» деген сөз болса керек» деп түсіндірме алды. Оған өзі қанағаттанбаса да, губернаторға бір әредікте түсіндірді. Осы қазақ даласына шыққаннан бері бір иесіз тәртіпсіз жатқан өлке көріп, менменсіген дарақы губернатор: «Не деген келісімсіз атау. Осындай ат бола ма екен, ешбір оқиғаға байланыссыз. Осыған бір дұрыс ат ойлану керек екен»,— деп өзінің осы жүрген жолына ескерткіш жасай жүруді ойлағанын аңғартты. Губернатордың ондай өрескел ойын бұлтарыссыз түсінетін Шоқан:

— Сіздер сияқты ұлы адамдардың аяғы баспаған жер ғой. Жабайы халық өз түсінігінше атай береді де,— деп жайма-шуақтады. Бұдан әрі өзен аты сөз болған жоқ.

Бұл атыраптың жайымен танысқан соң, тағы ілгері жол тартты. Сонау бір бала күнінде Арыстан ақыннан естіген «Қозы Көрпеш — Баян» жырындағы Аякөз өзені осы екенін, осыдан салт аттыға ара күндік жерде «Қозы Көрпеш — Баян» бейіті дейтін ескерткіш барын да сол жердегі тұрғын адамдардан Шоқан сұрап ұғынды. Бірақ генерал-губернатордың жүрісі аса

суыт, ондай жолдан қия баса бұрылар жайға мүмкіндік жоқ. Ол жерге соға жүргісі келген ойын Шоқан сырлас бола қоймаған бастығына айта алмады. Сөйтіп, көптен ойында жүрген аңыз жайын қарастырар реті келмеді. Жолда Лепсі, Ақсу өзендерінен өтіп, Матай құмдарын, егін, су жазығын басып, бекет жолымен жүрген генералдың көшімен Балқаш көлінің айдыны қалыспай жарысты да отырды. Екі күн бойына өздерімен жарысып шалқыған Балқаш айдынын жолаушылар қызыға, ерекше тамашалады. Ол туралы талай ойлар шертті. Қапал бекінісіне қанаттас «Тас» бекетіне жеткен соң, Ақсудан алдан шығып қарсы алған Абакумов бастаған әскери күтушілер осы жерде біраз аялдауды өтінді. Өйткені енді Жоңғар тауының сілемі басталады. Осы «Тас» бекеттен Қапалға тура тартқан жол тек төтелігі болмаса қиындау. Алдымен бұл бір жол тосарларға бекін болған «Соркезең» атанған, жай жүргіншіге қауіпті жер. Өйткені жол тар ауыз, қыспақ шатқалды өрлеп жүреді. Екі жағы аспанмен тілдескен зәулім жартас, ойында аз сулы бұлақша. Жол сол бұлақшаны жағалап отырады. Сондықтан біз губернатор мырзадан кешірім сұраймыз, бұдан жатық жолымыз жоқ»,— деп өтініш айтты. «Басқа жүрер жол жоқ болса, онымен жүрмегенде қайтеміз. Оны да көріп өтелік» деген генералдың разылығымен жолаушылар «Соркезеңмен» өрледі.

Айтса айтқандай нағыз қатерлі жол екен. Алдынан тосса да, артынан қуып жетсе де, жалтарар қалтарыс жоқ. Сынадай қысылып қана ат, арба жүретін бір ауыз жол. Әсіресе жол тосар қарақшылардың деген қанды қақпаны.

Қыспақтан өтіп кезең үстіне шыққанда генерал делбешілерге атты тоқтаттырып, пәуескеден шығып «Соркезеңнің» айналасын шолып қарады. Осы жерде ертеде болған уақиғаларды сұрады. Тіпті арғы кезі былай тұрсын, осы жол түскелі болған бірнеше уақиға сөз болды. Бекетшілердің өзін сан рет тонағаны, бірнеше казак-орыс әскер адамына шабуыл жасап, жоқ етіп жібергені сөз болды. Осыларды естіген генерал- губернатор ойланып:

— Мына қыспақты бекітіп тастаса деп тұрмын. Аты да келісімсіз екен. Анау шың басына жеткізе тасты құлатып бітеп жіберсе, бұл бір жаңа қамал болар еді,— деп тоқтады. Мына таудың шатқалын тасты құлатып бекіту, әзірше қолдан келмейтін қиындық. Және мына шатқалдан тура аспай, жаңадан жол тауып, бекет салу да оңай емес. Осыларды ойламастан бекін қорғаушыларына үлкен жұмысты жүктеп тұрғанын сезген Шоқан:

— Густав Христианович, мұныңыз аса қырағылық. Жол қауіпсіздігін, халық қамын ойлағандық. Егер мына бағыныштыларыңыздың күші жетіп оны істей алса, қорған сіздің атыңызбен аталса деп ұсынар едім,— деп Гасфорттың ақылға сыймас ұсынысын кекесінмен қостады. Оны шынымен айтып тұр деп түсінген генерал:

— Ұсыныс кімдікі болса, атақ сонікі. Оған талас болуға тиісті емес,— деп ажарлана қуаттады.

Аз бөгелістен кейін «Соркезеңнен» қозғалған жолаушылар Арасанның жылы сулы қатпарын басып, Қапал бекінісіне келді. Алдын ала берілген тәртіп бойынша Қапал бекінісінің жанындағы тапал ғана ғибадат үйінің жанынан орнатылған қоңыраулар қаңғыр-күңгір соғылып, құрметті ұлы қонақтарын қарсы алды.

Жан-жағы зәулім биік шыңдардың коршауында, сылдыр қаққан күмістей таза сулы шағын өзеннің бойынан келіп орнаған Қапал бекінісі нағыз әскери бекін болып орныққан. Күйдірген қызыл кірпіштен көтеріңкі етіп дуалдарын биіктете салып, үлкен қалалардың үлгісімен жасалған. Қарауыл мұнаралары да келісімді орнатылған.

Бекініс бастығы, әскери лауазымы орта дәрежелі шенді Абакумовтың өзі бастап, генерал-губернатордың алдынан сонау Лепсі бекетінен қарсы шыққан. Сонан бергі жол бойынан ұйымдастырылған салтанатты қонақжай құрметпен әсем сыйға бөлеп жатыр. Жаңадан ғана патша елшілері арқылы келісімге келіп, бағынуға бой ұрған Жетісу өлкесінің де ақсақал, атқа мінерлері келіп, ел атынан амандық айтысып жатты. Генерал-губернаторға таныса келген ел адамдары «жарым патша» деп дәріптей атап, адал ықыластарын білдіріп жатыр. Сонымен қатар Қоқан хандығының бектері әлі де тиіп-қашқан шабуылын тоқтатпай жүргенін айтып, оған осы бекіндердің үлкен айбын болып тұрғанын да сөз етеді.

Шоқан генерал-губернатор сәлемдесіп достық құрмет көрсеткен қазақ адамдарының сөздерін жеткізіп, оларға губернатор мырзаның айтқан заңды лебіздерін аса жатық тілмен жеткізіп отырды. Осындай танысу, пікір алысу сияқты арнаулы сәттер саябырлаған кезде Шоқан ел ақсақалдарынан осы атырапты мекендеген елдердің ата тектерін, шежірелерін, қай заманнан мекендеп келе жатқанын, негізгі кәсіптерін, ауа райына дейін сұрастырып жазып алды. Бір әредікте жер жайына, тау, су аттарына көшіп, «Қапал» деген атаудың қайдан шыққанын сұрады. Ақсақалдардың ішіндегі әрбір сұраққа түсінікті жауап тауып отырған Байғозы Тіленші баласы дейтін шешен кісі: — Шырағым Шоқан, езіміздің ханымыздың нәсілі екенсің. Қазақ сөзінің мәнісін толық түсінер жас көрінесің. Қазақ сөзінде «Қапал» деген жеке атау жоқ болар. Өйткені қазақ сөзінде қапа болу бар — қайғылы деген мағынада. Ол жер атына қойылмайды ғой. Бұл жердің аты жер жаралып су аққаннан «Қопалы» болатын. Оның аталу себебі — мынау жатқан алқап қопа, ши, бір құнарлы қоныс қой, сонан айтылған болар. Мынадай сырттан келген төрелердің тілі келмей Қапал деп атап, ылғи солай жазатын көрінеді, — деп түсіндірді. Шоқан Байғозы қарттың ең аяғы жер, су қанының жайы неден туатынына дейін жете түсіндіре айтқанына разыланып:

— Қария, сіздің түсініктеріңізді жазып қойдым. Айтуыңыз өте орынды, — деп тоқтады.

— Шырағым, төре сұлтан, біз ақ патшаға қалтқысыз бағынамыз деп бас иіп отырмыз. Көшпелі болсақ та, біз де көптен өмір сүріп келе жатқан халықпыз. Біздің өз тәртібіміз, елдік салтымыз бар. Мына жарым патшаңа

айтып, құлағына сал. Біздің елдік заңымызға, тіршілік тұрмысымызға, жер, суымызға атты әскерін баса-көктетіп ат ойнаттырып, еркіндігімізді тарылттырмасын. Және біз ұлы халық деп бас иіп отырмыз ғой, тентек-тебізіне әділ тәртібін айтып, әмір берсін,— деп тоқтады. Шоқанды жақын тартып бар көкейдегі ел қамын шола айтқан Байғозы сөзін ел ақсақалдары мақұлдап: «Шырағым, бәріміздің де тілегіміз сол» десті. Байғозы ақсақалдың сөзін де Шоқан Гасфорт мырзаға толық жеткізді. Генерал- губернатор жабайы деп ойлап отырған қазақ адамдарының бұл сияқты аталы сөз айтып, алыстан шолған тілегіне ойлана отырып:

— Біздің ақ патшаның кеңшілігі мол. Сіздерден барлық рақымын аямайды. Соны ауызекі жеткізуге бізді әдейілеп жіберіп отыр. Сіздердің ішкі халықтық жайларыңызға ешкім зорлық етпейді,— деп тоқтады.

III

Қопалы бекінісінде бірнеше күн болып, атақты Жоңғар тауының біраз жерін аралап, жер байлығын тамашалап, генерал-губернатор Верный бекінісін көруге аттанды. Жол үстінде Ақешкі, Қарамола бекеттерін Қаратал өзенін, Көксу, Тентек өзеншелерін басып генерал тобы тынымсыз жүрді. Жол үстіндегі кездескен мол сулы Қаратал, Іле өзендерін генерал-губернатор айрықша тамашалап, олардың су байлығын жергілікті халық қалай пайдаланатындығын сұрастырды. Шоқан оған арық алып, егін алатын кәсіп ретінде емес, әуес жайында балығын алатынын түсіндірді.

Жер жайынан хабардар адамдар осы өлкенің Жетісу атануы жайлы түсіндірді. Балқаш көліне құятын: Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле, Көксу және Тентек, Аякөз — жеті өзенді тұрғын елдер «Жетісу» деп атайтынын айтысты. Алыстан айдынын ғана көріп өткен Гасфорт Балқаш көлі көзінің байлығының да осы жақта жатқанын аңғарып Шоқанға:
— Сол Балқаш көлін қай ел мекендейді? Онда пароход, су кемесі жүре ме екен?— деген жайды сұрауды тапсырды.

Балқаш көлін мекендеген халық көшпелі қазақ рулары екендігін білетін Шоқан ол көлде пароход жоғын және оның балық байлығын пайдаланып отырған кәсіпшінің де жоқ екенін естіген. Өйткені көшпелі қазақ елінің негізгі сүйенері — мал. Өзенді жерді қоныстағандары аздаған дәнді астық егеді. Әрине, ол өз ойындағы топшылауын Гасфортқа айтқан жоқ. Анықтап білуге уәде берді.

Генерал-губернатордың пәуескесі Іле өткеліне жеткенде, «Верный» бекінісінен келіп күтіп тұрған шен иелері де алдарынан шықты. Солардың іріктеп дайындаған сәнді жабдықты қайық жүргізушілері бастықтары орыс халқының ырымын істеп нан, тұз алып шықты. Қазақтардан бір топ адам келіп Диқанбай, Жайнақ сияқты ел ақсақалдары аттан түсіп, қазақша қол қусырып сәлемдесті. Сусар бөркін шекей киген бір жас жігіт ерекше сәнмен келіп сәлемдесті де, Шоқанға жанаса беріп:

— Естуімізше ханымыздың ұрпағы екенсіз. Сіздің мына бастап жүрген ұлығыңыз — жарым патшаның алдына қазақ дәстүрімен алып келген бір көк қасқамыз бар еді. Соны көлденең тартып, ақ тілек айтуға рұқсат сұрап тұрмын,— деді. Шоқан бұл жігіттің аты-жөнін сұрап алып, генерал-губернаторға қазақ халқының жоғарғы орыннан келген сый қонаққа көрсетер құрметінің үлкені жылқыдан көк қасқа, қойдан ақ сарыбас айтып құрмалдық ететінін түсіндірді. Сол ырымды істеуге рұқсат сұрайтынын жеткізді. «Губернатор рұқсат етті» деген сөз құлағына тигенде, әлгі рұқсат сұрап келген Шапырашты Сыпатай мырза өзі бастап қос ноқтамен жұлқындырып жетектеген көк қасқа дөненді губернатордың алдынан көлденең тартып ниет сұрады. Гасфорт тамашалап қарағаны болмаса, ол ырымнан хабарсыз ғой, келіп тұрған ел ақсақалдарына Шоқан:

— Мына кісі мұндайды бұрын көрмеген адам. Сіздер өз ырымдарыңызды істей беріңіздер,— деді. Шоқанның айтқан тәртібін естіген ақсақалдар ішіндегі ең үлкен ақсақалды кісіге бата істетіп, көк қасқаларын алып жөнелді. Ел адамдары ақсақалының батасына қолдарын жайып қауқылдай «қабыл болсын» деп шу етісті. Кейінгі тұрған жиын жұрттың бәрі де шу етіп «қабыл болсын» деген сөзді үн қосып айтқанын аңғарып қалған Гасфорт Шоқаннан сол сөздің мәнісін сұрады. «Олар халық болып сіздің ғұмырыңызға, бақытыңызға тілек білдіріп, тәңірісіне құлшылық еткені» деп түсіндірді.

Осы сияқты ел адамдарының қарсы алған құрметіне бөленіп, өзен бойының масасынан алыстатып қырға шығара бір көгалға тігіп қойған сәнді үйлеріне түсіп қонақ болды. Бір әредікте қырға шығып сейілдеген генерал-губернатор Шоқан арқылы ел адамдарынан мына Іле өзенінің басы қайдан басталатынын сұрады. Жер жайынан, осы тұстағы елдің ата тегі жайынан көп әңгімелер айтқан Диқанбай деген кісі Іле өзенінің басы Қытаймен шектес Алатау сілемдерінен шығып, жолшыбайғы — Шарын, Шелек сияқты әлденеше ондаған өзен, бұлақтардың суымен молығып, Балқаш көліне құятынын айтып берді. Диқанбай ақсақалдың мына сияқты бір өзен арқылы бүкіл Қытаймен шектесіп жатқан жер жайының шектерін, жаратылыс байлықтарын айтып бергені Шоқанға үлкен табыс болды.

Осындай бір көңілді жағдайда Шоқан генералына:

— Генерал-губернатор мырза, сіздің әрбір елеулі нәрсені тереңдей сұрастырып, оған үлкен мән беретініңіздің өзі, біздің отанымыздың келешек шаруашылығына қандай мүмкіндік боларын сабақтайды. Сіздің сұрауыңыз бойынша жаңағы ақсақал қазақтан ұғынған мына өзен жайындағы суреттемеден маған бір ой келіп тұр. Соны айтуыма рұқсат етіңіз,— деп өтінді.

— Иә, Шоқан Шыңғысович, сіз ойыңызға келген сұрағыңызды әрдайым қорғанбай сұраңыз,— деді.

— Мүмкін, менің бұл ойым қазір ертерек те болар. Бірақ біздің Шығыс Түркістанға қатынасымызды жеңілдетер еді. Мысалы, Балқаш көлінен жеңіл пароход жүргізіп Ілені өрлесе, тура барып Шығыс Түркістан шегінен шығады. Сонда ең төте жол осы болар еді. Біздің қазіргі Шәуешек арқылы жүретін сауда қатынасы қауіпте тұр ғой. Құлжа, Жәркент калаларына қатынасымыз қыр жолымен сан кия асулармен аса ұзақ жол кешеді. Ал мына су жолы әрі төте, әрі жеңіл, жайлы пароходпен сауда мүлкі мол жеткізіледі. Әрі арзанға түсетін жол,— деп тоқтады.

— Шоқан Шыңғысович, сіз менің ойлаған жобамды қалай сездіңіз. Бұл бір тамаша жаңалықтың жобасы. Біздің бұл жобамыз Россия патшалығының ұлы Азияның тың жатқан Шығыс Түркістан сияқты өлкесіне сауда қатынасымызды күшейтеді. Тура қатынас болады. Мұны Омбыға барысымен қолға аламыз. Менің осы жолғы жүрісімдегі басты мақсат осы сияқты жол табуымыз ғой,— деп сөзін түйді.

Генерал-губернатор Гасфорт аспанмен тілдескен Алатау асқарының қойнауына жол тартты. Сол күні генерал-губернатордың тобы жаңадан салына бастаған «Верный» бекінісінің атырабына келіп, ат басын тіреді. Бекініс басындағы әскери қауым да генерал-губернаторды үлкен құрметпен қарсы алып, әскери ізет көрсетті. Жаңа салына бастаған қала бөлімдерінен ең таңдаулы деген үйді әзірлеп, сый қонақты көмекшілерімен сонда түсірді.

«Кіші Алмалық» деп атанатын шағын өзеннің күншығыс жақ қабағынан ірге тепкен бекініс орны генерал-губернаторға ұнады. Әсіресе осы өзен бойын өрлеп барып биікке көтерілер жердегі «Шыбынды сай», «Көңілді сай» және «Газ кара» қырқаларын аралап, үстіртте қарлы асқардың белдеуінде отырған жайлау елдерін көрді. Әсіресе осы өлкелердің белдеулерінде қаптай өсіп, сыныса біткен балапан қарағайлар, онан төмен балақ сайлардың қабақша қырқаларындағы жабайы алма ағаштарға губернатор тобы аса тандана танысты. Губернатор тобын осы қоныстармен таныстырып жүрген қазақ Діқанбай деген кісі болды. Ол Верный бекінісіндегі әскери басшыларға көп достық еткен аса сенімді адам екен. Осы өлкенің жері, елі жайынан көп мәлімет айтты.

— Мына Верный бекінісі салынғанға дейінгі бұл жердің аты «Алмалық» еді. Өйткені осы бір алқапта жабайы алма, өрік, шие, алмұрт деген жемістер аса қалың өседі. Сондықтан жергілікті елдер «Алмалық» дейді. Бәрін аралауға сіздердің уақыттарыңыз бола бермес. Теріскей Алатау атанатын осы алқаптың әрбір бұтасы жемістің желісін тартып тұрады. Тіпті жабайы алма ағашынан сау сайы жоқ,— деп тоқтады.

Шоқан осы бір басшы болып, жер жайын шежірелеп ұғындырған Діқанбай деген кісіден:

— Сіздің өзіңіздің қонысыңыз қай тұста?— деп сұрады.

— Біздің атақонысымыз осы маң болатын. Мына бекін түскелі азырақ ірге ауыстырдық,— деп тоқтады.

Сіз мына шекарашыларға көптен араласасыз ба?— деген Шоқан сұрағына:

— Осы бекін басталғалы істеп келем. Сіздер сияқты ел көре, жер көре келгендерге басшы болып жүрмін. Өткен жылы осында сонау Петремпордан Семенов Петр деген орыс келді. Сонымен Ыстықкөлге дейін бардым,— деді.

Шоқан бұрын бұл жаққа орыс ғалымы келгенін естімеген. Діқанбайдан ести сала ол кісінің қандай жағдаймен бұл жақты аралап жүргенін Бутаков деген тілмаштан анықтап сұрап, күнделігіне жазып алды.

«Верный» бекінісіне ұрымтал жақын айналаны, Алатау атырабын біраз аралап, жер жайы, ел жағдайымен танысқан генерал-губернатор, енді Күңгей Алатау жағына шығып танысуды ойлап: «Соған баруға бола ма?» деген сұрақ қойды. Тілмаш Бутаков:

— Баруға әбден болады. Өзім бастап алып жүрем,— деді.

Генерал-губернатор Верный бекінісінен әрі басшы, әрі көтермеші болып ерген әскери топтарымен Талғар, Есік, Түрген өзендерін өтіп, Шелек өзенінің бойына келіп жетті. Осы жерде губернатор тобы біраз тоқтап дем алыс етті. Сол жерден Сөгеті жазығына шығып, Шарынға кететін салаларға біраз сейілдеп, сонан Көртоғай өзегіне келді. Осы жерлердің атынан, мекендеген елдерінің жайынан керекті мәліметтерді алып, Кеген өзенінің бойына келді. Осы тұсқа келгенде ізі қалған қорған орны, тоғандар кездесті. Кеген, Карқара, Сарыжаз бойларын мекендеген Ұлы жүздің Албан аталатын руының адамдары құрмет көрсетіп алдарынан шықты. Бұл елдердің ел билеуші сұлтандарын Сек төре бастап әкелді. Карқара өзенінің бойындағы тігілген үйлерге түсіріп, сый қонаққа дәстүрлі құрмет көрсетілді.

Карқара өзенінің бойындағы қалың елді, олардың шаруашылығын сұрастырып танысқан генерал-губернатор, аспанмен тілдескен Хантәңірі биігін де алыстан көрді. Жолдағы көрген таулары мынау асқарға қарағанда төбешік болып көрінді. Мына сияқты ғажайып жаратылыс шыңын мекендеген елдің барлық жай, күйіне әлі түсініп жете алмаған Гасфорт бір әредікте Шоқанға:

«Осы жерлердің бейнесін қағазға түсірсе, әдет- ғұрыптарын, дін, кәсіп әрекеттерін ұқыптай жазып алса»,— дегенді тағы бір қайталады.

Ол жағын өзі де аса құмартып жазып, кейбір жерлерді қағазға бейнелеп отыратын Шоқан онан сайын шұғылдана түсті. Бір әредікте Шоқан Кеген бойындағы Албан руының бір ақсакалынан «Кеген» деген таудың қайдан шыққанын сұрады.

— «Кеген» деген сөз қазақ сөзі емес. Бізден бұрын осы жерлерді Жоңғар хандығы мекендепті ғой. Олардың елін қазақтар қалмақ деп атайды. Сол елдің атауынан қалған көрінеді. Ол қалмақ жұрты бұтқа табынатын яки суретке сиынып, соны тәңірі көретін көрінеді. Олардың тәңірісінің суреті, мүсіні сақталатын, өздері құлшылық ғибадат ететін үйлері болады екен. Ол үйде дін басы молдалары тұратын көрінеді. Ол молдаларының үлкенін «Геген» деп атайды екен. Осы өзен бойында солардың «Гегені» тұрыпты. Сонан өзен аты «Кеген» атанып кетсе керек,— деп түсіндірді.

Шоқан осы кісінің түсіндіруін толығырақ жазып алып, Гасфортқа айтып берді. Шоқан Гасфортқа осы әңгімені айтқанда өзен бойында серуендеп жүрген кез еді. Қонақтарға тігілген үйлердің сыртындағы көгалда бір топ қазақ ақсақалдары күнбатысқа қарап намаз оқып жатқанды. Жығылып тұрып, жерге маңдайларын тигізе сәжде етіп жатқандарға таңдана қараған Гасфорт:

— Шоқан Шыңғысович, мына кісілер не істеп жатыр?— деп сұрады. Шоқан өзінің түсінігімен:

— Густав Христианович, біздің қазақ елі мұсылман дінін жаңада қабылдай бастаған ел. Олар күніне бес мезгіл намаз оқиды. Мына оқып жатқандары түскі намаздары,— деп түсіндірді.

— Бұл дінді олар қайдан қабылдаған? Кімдер таратып насихаттайды?— деген Гасфорттың сұрағына:

Бұл дінді таратушы — Бұхар, Хиуа, Ташкент жағынан жіберілетін молда, қожалар. Және аңада өзіңіз көрдіңіз — Семей қаласында қазірдің өзінде жеті мешіт салынып, айшықтар күнге шағылысады. Сондағы татар молдалары арқылы тарайды,— деп діннің қазақ даласына тарала бастаған салаларын айтып берді.

— Ал мына Бұхар, Хиуа, Ташкенттерге қатынасы жоқ кезде, Семей қалаларына татарлар мешіт салмаған кездерде қазақтар қандай дін тұтынған?— деген Гасфорттың сұрағына Шоқан көп ойланып барып:

— Ислам діні таралмай тұрған кездегі Азия халықтарының діні өте анайы болса керек. Біреулері отқа табынып, біреулері суретке — Будданың бейнесіне яки мына қалмақтардың діні тәрізді бақсы-құшнашқа сенген болса керек. Көшпелі қазақ елі күні осы уақытқа дейін көпшілігі намаз сабағын біле бермейді. Тек қожа, мол- далардың үйретуімен дәрет алып, намазға жығылуды машықтанады. Оның барлық шарттарын да біле бермейді. Ислам діні әлі қазақ даласына мықтап орнық- қан дін емес,— деп тоқтады. Шоқанның осы бір «ислам діні қазақ даласына әлі мықтап орныққан дін емес» деген сөзі қанаттандырған Гасфорт:

— Шоқан Шыңғысович, сіз осы мұсылман дінінің барлық шарттарын бір білетін кісіден анықтаңқырап біліп алыңызшы,— деді.

— Густав Христианович, мен оны сізге қазір-ақ айтып берейін,— деп өзінің ауылда Әбубәкір молдадан оқығанда ұққаны бар және былай да қарастырғаны бар, бажайлап айтып берді. Шоқанның айтуынан ислам дінінің тәртібін әсіресе әйелдерге деген кішіттайлы ережесін сөге сөйлеп:

— Шоқан Шыңғысович, сіздің айтқаныңыздай болса, бұл қолайсыз дін екен. Осындай қолайсыз дін өзінің уытын жаймаған шағына кездескен екенбіз. Осы елге мына біздің христиан діні мен мұсылман дінінің аралығынан тұрмыстарына үйлесімді бір дін ойлап тауып берсе қандай жақсы болар еді,— деп өзінің дін ойлап шығармақ пікірін сездірді. Генерал-губернатордың басқан-тұрған жерінен өзіне ескерткіш қалдырып, жүрген ізін тарихтың белгілі соқпағы етпек болатын шерменде қиялын ұғынған Шоқан:

— Густав Христианович, сіздің жаңалық ойлағыш, ізденгіштігіңіз — басқа шен иесі ұлықтардан өзгешелігіңіз. Егер тұрмысына жеңіл де үйлесімді дін тауып берсеңіз, халық қуана қабылдайды ғой. Мен сіздің осы ойыңызға байланысты өзім оқыған бір жайды айтайын. Сіз өзіңіз де оны жақсы білерсіз. Ақсақ Темір хан Үндістанды барып жаулап алғаннан кейін онда өзінің әскер басы адамын сол елге сұлтан етіп қалдырған. Кейіннен Темірдің бір шөбересі Үндіні қайта жаулап алып билеп тұрған. Ол шөбересі мұсылманша оқыған, мұсылман дініне жетік адам болатын. Сол кісі Индия елінің бір тайпасына мұсылман дінін орнатып, атақты мешіт салдырған. Ол Бабұр-Әкбәр деген кісі. Оның аты тарихқа әйгілі ғой. Қашан болсын ұлы адамдар ашады ғой жаңалықты. Бізде әлі күнге қара халықты сендіріп келген бір аңыздар бар. Олар тәңірінің досы пайғамбарлар: мысалы христиан дініндегілер Ғайсаны тәңірінің баласы деп табынады. Мұсылмандар Мұхамметті тәңірінің досы деп соған сеніп, соның дінін ұстанады. Еврейлер Мұсаны пайғамбар етіп, соның дінін ұстанады. Сол пайғамбар дегендер де осы сіздер сияқты есті адамдар дағы. Тек қараңғы қауым алдында өзінше жаңалық жасап, дін жобасын ойлап шығарған,— деп тоқтады.

Шоқанның бүкіл дін тарихын әшкерелей айтып бергеніне мүлде елірген Гасфорт қазақ еліне жаңадан дін тәртібін ойлап табуға белін байлай, ұзақ сөйледі. Осы әңгіменің үстінде қастарына келген әскери көтермешілер де: «Қандай тамаша жаңалық болар еді»,— десті. Мына көтермелеу онан сайын желіктірген генерал:

-Шоқан Шыңғысович, сіз жас та болсаңыз қандай көп зерттегенсіз. Шынында да, дін шығарушылар да осы біз сияқты адамдар ғой. Бұл бір ойланып жобасын жасар алдағы ісім болар,— деді. Шоқан мұндай сәті келіп біреуді ажуа еткенде сұрғылт өңі жайнап, тек көзі ғана күлімдейтін. Сол әдетін істеп, ешбір сыр бермей губернатордың ойын қуаттаған болды.

Қарқара өзенінің бойына тігілген үйлерде болып, Албан руларының әрбір ата топтарынан келген адамдармен сәлемдесіп генерал-губернатор екі күндей сол жерде бөгеліс етті. Бұл кезде Шоқан сол рулардың шаруа жайы, ру, тектерін анықтады. Сонымен қатар осы Албан руларымен көршілес қырғыз елдерінің жайынан да біраз мәлімет алды. Құлжа, Қашғарға мал апарып, ол жақтан керек-жарақ әкеліп, саудамен ел аралайтындарға кездесті. Алты шаһармен сауда қатынасын айрықша зерттеді. Олай қарай асып баратын жол жайын да сұрастырды. Қырғыз елінің «Ыстыккөлі» жайынан да осы елден сұрап, көптеген хабарлар естіді. Верный бекінісінен бері басшы болып ерген Бутаков әңгімелері де Шоқанға көп жаңа хабар берді. Әсіресе кадетті өзінен бір жыл бұрын бітіріп шекара әскери бөліміне кеткен досы Григорий Потаниннің хабарын да осы кісіден естіді. Григорий Жетісу бойына келіп, шекара әскери бөлімінде болыпты. Бұл кісінің айтуынша Григорий, Қоқан бектерімен бірлесіп, Верный бекінісіне бірнеше рет шабуыл жасаған Тойшыбек жасағымен айқаста болған. Сонан Шу өзеніне дейін барып қайтыпты.

Сонау Омбы қаласынан арнайы ұйымдастырылған генерал-губернатордың экспедициясы — жаңада ғана «бағынамыз» деп елші жіберіп, бас иіп отырған елмен жан-жақты танысты. Азияның орталық қалаларымен қатынасар жаңа сауда жолының долбарларын белгіледі. Осындай мақсатпен аттанған генерал-губернатор дүрмегі осы жерде өз жүрістерінен біраз қорытындылар ойласты. Әлі де бұл жақты көбірек қарастыру керектігін сөз етісті. Бұдан былай қырғыз жеріне баруды губернатордың жол бастаушылары лайықты көрмеді. «Ол жақты зерттеуге басқаша экспедиция ұйымдастырылуы керек» десті.

Генерал-губернатор тобы Қарқарадан қайтарда қыр жолымен Алтын Емелге, Сек төренің аулына дейін келді. Осы жерден Гасфорт Қапал бекініне барып, өз атына үлкен бекініс қорған жасатпақ болған «Соркезенді» асып Семейге қайтты. Шоқан Алтын Емелде генералдан бөлінді. Ол Жоңғар тауының «Демікпе» дейтін атақты Жоңғар қақпасында болды. Алакөл, Тарбағатай тауларына соғып, Жетісу өлкесінің Алтай жаққа созылған сілемдерімен танысты. Генерал-губернатордан бөлінгенде Шоқанмен бірге Жоңғар тауын, Тарбағатай, Алакөл бойларын аралауға Абакумов бастаған бірнеше адам Гасфорт сияқты «жарым патша» деп жаңғырықтыра келген ұлықты көрмеген Жетісу елінің ішінде губернатор жайында көптеген аңыз әңгімелер қалды. Әсіресе екі таудың аңғарын бекітіп, қорған бекініс жасатпақ болғаны генералдың өзі кетпей-ақ шекара әскерлерінің арасына күлкі болып тарала бастағанды. Оның үстіне қазақ еліне жаңадан дін шығармақ болған «данышпандығы да» ажуа ретінде елге жайылды. Оны әскери ажуашылдар: «Гасфорт дінінің жобасы қандай болар екен?»— деп күлісетін болды.

Шоқан Қапал бекінісінен ерген Абакумов бастаған әскери басшыларды Лепсіден кайтарып, өзінің серігімен Аякөзге соқты. Содан орталық қазақ даласын — Қарқаралы, Баян, Көкшетау жерлерін аралап, ел ішінен көптеген ертегі, аңыз әңгімелер, шежірелер жинады. Әсіресе қазақтың бұрынғы көне билік жобалары, қалың мал, жесір дауы сияқты ел ішінің көптеген әдеп-ғұрып салтының тәртібін аса тәптіштеп жазып алды. Сонау бала күнінен ойына орнаған қазақ даласын аралап танысуының бір саласын аяқтаған Шоқан күз түсе Омбы қаласына келді.

IV

Омбы қаласына келіп, өзінің қолжазбаларын біраз тәртіпке келтіріп, сонау Алтын Емелде қош айтысқан генерал-губернаторына сәлемдесуге келген Шоқанды кеңседегі достары аса қуанышпен қарсы алды. Жалғыз-ақ: — Сіз немене, генерал-губернатордан бөлініп, өз бетіңізбен экспедиция құрдыңыз ба?— деп кекесінмен қарсы алған Фридрихс генерал болды. Оған Шоқан қысылмай-ақ:

— Фридрихс мырза, мен өз алдыма экспедиция құрғаным жоқ. Генерал-губернатордың айрықша тапсырмасын орындап, қазақ даласынан, сол елдің

діні жайынан мәліметтер жинап келдім. Сіз өзіңіз Гасфорт мырзаның жаңалығынан хабарсыз екенсіз ғой. Ол кісі қазақ еліне жаңа дін ойлап шығаруға сөз байлап қайтқан. Соған сол барған Жетісу елімен мына орталық қазақ даласын мекендеген елдің көне дінінің айырмасы аса қажет қой. Біз соны жинап кешіктік. Сіз генерал-губернатордың «ұлы идеясына» жеңіл қарайды екенсіз,— деп өзін састырды.

— Шоқан Шыңғысович, сіздің мына бір хабарыңыз ерекше жаңалық қой, оны біз естіген жоқ едік. Мен сізді жай өз бетімен жүріп қалды ма деп ойлаған едім,— деп жайма-шуақтады.

— Естімесеніз, хабардар болыңыз. Густав Христианович сияқты ұлы адамдар жүрген жерінде ұлы із қалдырмаса, аты мәңгі жасай ала ма? Ол кісі алыстан ойлайтын адам ғой, осы жолдың өзінде бірнеше жаңалықтардың ізін қалдырды,—деп Гасфорттың мақтауын күпсітіп қойды.

Гасфорт өзі Омбыға келіп біраз тыныққаннан кейін, қол астындағы шен иесі көмекшілерінің қызмет тәртібімен танысқан. Сол мәжілісте чиновниктердің:

— Жүрісіңіз ойдағыдай сәтті болғанын естіп жатыр едік, табысыңызбен құттықтаймыз. Бақытыңыз өсе беруіне тілектеспіз,— деген жағымпаз лебіздеріне:

Жақсы лебіздеріңізге алғыс айтамын. Шүкір, бұл барып танысып қайтуымыз өте сәтті болды. Тіпті ойда жоқ сан түрлі жағдайлармен таныстық. Біз барып қайтқан Семей облысы, одан арғы Жетісу өлкесі, әлі анайы қалыпта жатқан елдер екен. Ана жас корнет Шоқан Шыңғысовичтің бірге болғаны сондай жақсы болды. Ол өзінің туып-өскен елінің өмірін, тілін жақсы біледі.

Сонымен қатар ол мына корпусты бітіріп, үлгілі білім алған адам. Бізге сол елдің жайынан көп сыр ашты. Өте бір талантты офицер,— деп Шоқанды ерекше мақтағанды. Әлі еңбегі сіңіп жаттықпаған қазақ баласын генерал-губернатордың осынша көтермелей мақтағаны күншіл Фридрихс сияқты чиновниктерге ұнамаған. Фридрихстың Шоқанды кекете қарсы алуының да себебі сол бір қызғаншақ күншілдіктің алапаты еді.

Шоқан Гасфорттың алдына әскери тәртібімен келіп амандық айтып, қызметіне оралғанын хабарлады. Шоқанды аса бір жылы қабақпен қабылдаған генерал- губернатор:

— Шоқан Шыңғысович, қалай, жақсы жүрдіңіз бе? Қандай жаңа мәліметтер жинадыңыз? Біздің осы жолғы барып қайтқан жолымыздың хабарын Петербург ұлықтары да қызыға сұрастыруда.

— Густав Христианович, сіздің осы жолғы сапарыңыз ел ішінде де үлкен жаңалық қалдырып отырды ғой. Сол сияқты енді Россия патшалығының Шығыс Түркістан елімен сауда қатынасының жаңадан төте жолын ашуы сөзсіз. Сондықтан Петербург мырзалары да асыға күтетін болар.

Шоқанның мына сияқты өз ойын дәл басқан лебізі мақтандырып жіберген Гасфорт онан сайын шалқыңқырап:

-Шоқан Шыңғысович, енді сіз мына кеңсенің ұсақ жұмысын қойыңыз. Ана жақтан жинаған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан салалап жазыңыз. Жаңа бағынып мойынсұнып отырған елдің жағдайына сәйкесті жаңа тәртіп жобасын да ұмытпаңыз. Тағы бір есте боларлық нәрсе, енді осы бастан ісімізді жемісті аяқтау мақсатымен әсіресе нобайы байқалған Алтышәрмен сауда жолы қатынасының әлі де зерттеле түсер жайын кеңірек түсіндіре жазыңыз. Ел жөнінен бұрыннан айтылып жүрген жобалардың кемшілігін айқындай түсіңіз,— деді.

Генерал-губернатордың ақылшы болып айтқан уасиятнамаларын Шоқан тереңнен түсінді. Гасфорттың өзінше жаңалық ашқан болып, бұлардан бұрын ол жақты шолып, ғылыми ойлар жариялап жүрген адамдардың еңбегін мансұқ етпек ниетін де байқады. Бірақ материалдарды қалай қорытады, ол өз қолында. Еңбек өзінікі екені айқын. Атын кім байланады, ол жағы белгісіз.

Генерал-губернатордың тапсырмасын алып, еркіндей шыққан Шоқан Фридрихс мырзаға Гасфорт тапсырмаларын хабарлады.

— Генерал-губернатор өзі тапсырса, біз не дейміз. Істеңіз. Бірақ ұсақ-түйек кемшілікті тізбектеп, ұлы жолдан алған әсерді қоқсытпаңыз. Білесіз ғой, бұл өте жауапты іс,— деп, бұл да ескертуін шымырлай айтты.

Шоқан осындай әмірлі тапсырмаларды алып, пәтер үйіне келіп біраз тынықты. Ол Гасфорттың тапсырмасынан да, Фридрихстың «ұсақ-түйекті тізбектеп» деп ескерту істегенін қатты ауырлады. Фридрихстың оны айрықша ескертіп отырғаны әншейін емес. Осы Батыс- Сібір өлкесіне қарасты қазақ болыстарының жұмысын өзі басқаратын Фридрихс анау барып қайтқан елден естіген қиянат хабарың болса, оны аузыңнан шығарма деп отыр. Ал Шоқан елдің ішінен қырға шыққан патша чиновниктерінің қиянатын қылға тізіп, аса күйзеліп келген. Әсіресе ел есебін, шаруа есебін алуға шыққан экспедициялардың қиянатын естігенде, төбе шашы тік тұрған. Шоқан пәтеріне өзі жоқта жиналған журнал, газеттерді қарап алды. Сонан кейін сонау Омбыдан аттанғалы тек хат жазып қана амандық білдіріп отырған достарымен дидарласуға кірісті. Ол алдымен Карл Казимировичтің үйіне келді. Алдынан есік ашып қарсы кездескен Екатерина Ивановна Шоқанды өз баласындай мейірлене сүйіп амандасып, Карл Казимировичке:

-Шоқан Шыңғысович келді. Мүлде сағынып қалып едік,— деп сүйінішін айтты. Карл Казимирович қауқалақтап о да құшағын жая әкелік жүрекпен амандасты. Тек Елизавета ғана үйде болмады. Шоқанды қонақ бөлмесіне алып кірген Карл Казимирович:

— Петр Петрович, танысыңыз, менің сізге айтқан азаматым осы еді, сәтімен жақсы кездестіңіз,— деді.

— Өте көңілді,— деп кең мандайлы, шықшыт сақалы желбіреген ақ сары кісі,— Петр Петрович Семенов,— деп қолын берді. Семенов деген фамилияны естігенде, Шоқан Верный бекінісіндегі Диканбай мен Бутаков айтқан фамилияны есіне түсірді. Анық сол ма, жоқ па деген оймен:

— Петр Петрович, ғафу етіңіз, сіз Жетісуда, Ыстықкөлде болдыңыз ба?— деді.

— Мен сізден сұрағалы отыр едім, жас офицер, Карл Казимировичтің айтуына қарағанда сіз де сол жаққа барған болсаңыз керек. Онда біз сапарлас болған кісілер екенбіз, мен ол жаққа бір емес, екі рет бардым,- деп күлімдей тоқтады.

— Е-е, Карл Казимирович, сізге айтып қойған екен ғой. Мен сол Жетісу өлкесінен жуырда оралдым. Сіздің Верный бекінісіне соғып, қырғыз Ыстықкөліне дейін барғаныңызды өзіңізді бастап алып жүрген Диқанбай деген қазақ та, Бутаков та айтты.

— Олар өте дұрыс айтқан. Мен Петербургтан әдейі арнайы экспедиция ұйымдастырып бардым. Ол жақтың жағдайы біздің елімізге өте қажетті болып отыр. Әсіресе жағрафиялық ғылымға көп жаңалық табылатын өлке. Сонымен қатар Қырғыз Алатауы, Ыстықкөл жайлы алып қашты көп қауесеттер бар. Мына біздің батыс елінің ғалымдары ол өлкеге ауыздарынан суы аға ұмтылады. Бірақ оларға тереңдей кіріп кетуге мүмкіндік аз. Өйткені Хиуа хандығы Шығыс Түркістанға христиан дініндегі елдің адамын өткізбейді. Бір кездегі Қытайдан Шығыс Түркістанды, Жетісу өлкесін басып Батысқа баратын Жібек жолы бұл кезде топырақ басып, соқыр сүрлеуге айналған. Әсіресе Батыс елдерінің Азияға істеген озбырлық қылықтары да халық арасын жауластырып, пәле себуде. Сонымен қатар дін қоршауы да аз кедергі емес,-деп Семенов біраз ойланып қалды.

Ол кісінің сөзін байыпты тыңдап, әр алуан ой жүгіртіп отырған Шоқан:

— Петр Петрович, сіз тау қырғыздарының қай-қай жерлерінде болдыңыз? Алтышар жаққа соққан жоқсыз ба?— деп сұрап қалды.

— Шоқан Шыңғысович, мен Қырғыз Алатауының біраз жерін араладым. Әсіресе менің көп қарастырғаным Ыстықкөл маңы болды. Өйткені атақты ғалым Александр Гумбольд деген кісі Ыстықкөл маңында, Құлжа қаласына жақын жерде жанартау бар деп, соны бүкіл батыс ғалымдары болып іздестірген еді. Мен көбінесе соны анықтауға көңіл бөлдім. Ол маңда жанартау жоқ. Тек, аспанмен тілдескен Тянь-Шань тауының үстіртінде атақты Ыстықкөл бар. Ол көлді жан-жақты қарастырдым. Дегенмен тілін білмеген, әдет-ғұрыптарына бейтаныс елді тілмаш арқылы тілдесіп зерттеу аса қиын. Және біз барған тау қырғыздары екі жарылған өзара бітімсіз жау. Бір жағы Россия патшалығының қол астына кіруді мақұлдайды. Сіздің туыстарға үн қосады. Ал бір жағы Хиуа хандығымен қол ұстасып, Россия уәкілдеріне қолдан келген қастығын аямайды. Сондықтан ондай алысып отырған елдің ішінде басқа ұлттың адамының жүруі аса қауіпті. Біз тек Верный бекінісінен алған шекарашылардың қорғауымен аралап отырдық,— деп сөзін аяқтады.

— Петр Петрович, сіздің айтып отырған ғалымыңыз Гумбольд қазір бар адам ба?— деген Шоқан сұрағына:

— Бар адам. қазір қартайған. Ол кісімен мен екі рет кездестім. Неміс ғалымдарының ішіндегі әлем сырына, жаратылыс ғылымына аса жүйрік адам. Араламаған жері аз. Оңтүстік Америкада да болған. Орал, Алтай атырабында да болған. Сіздің қазақ даласын да аралаған. Каспий теңізінде де болған адам. Бара алмаған жері — алып қашты сөзден естіген аспанмен тілдескен Алатау алқабындағы жанартау. Бірақ ол кісі бармағанмен біз бардық. Онда жанартау жоқ,— деп тоқтады.

-Сіз, Қашғармен сауда араластыруға біздің Россия елінің төте жолы қай бағытпен жобаланса дұрыс болады, осыны байқадыңыз ба?— деген Шоқан сұрағына:

— Мен, әрине, Алтышәр, Қашғар катынасы жайында қарастырдым. Бірақ оның нағыз сенімді қауіпсіз жолын дәл айту қиын-ақ. Тек сол Азияның өз адамдары арқылы болмаса, басқа ұлттың адамына аса қауіпті,— деп тағы да өз қорытындысына келді. Шоқанның мұны сұраудағы максаты, өздерінің жинап қайтқан материалдарына қатынасты ойластырған жобаларына қандай тиімді ой айтар екен деген пікір еді. Оған Петр Петрович Семенов айрықша бағыт нұсқаған жоқ.

Шоқан Гутковскийлердің үйінде атақты ғалым Семеновпен кездесіп танысқаннан кейін, ғылым жолына бұрынғыдан да құштарлана түсті. Өзінің экспедициядан жинап қайтқан мәліметтерін қорыта, түйіндеген ойларын терендете түсті. Сонымен қатар Гумбольдтің, тағы басқа сол сияқты жиһангез әлем сырын зерттеген ғалымдардың еңбегін іздестіріп, біразын қолына түсіріп те алды. Сол Гутковскийдің үйінде кездесіп, шын ықыласпен танысқан Семенов өзі Омбыдан аттанғанша Шоқанды көзінен таса етпеді. Үнемі байланыс жасап, ғылыми ақылшы болып алды.

Шоқан жұмысын біраз ыңғайлағаннан кейін Капустиндердің үйіне келді. Олар да сағына көрісіп мейірлене мәжілістесті. Тек бұл үйдің ішінен Шоқанның кездестірмеген адамы Вера Яковлевна болды. Әрине, Шоқан бірден Вера Яковлевна қайда деп сұрап, жеңілтектік істемеді. Алдымен салмақты амандасып, өзінің ұзақ жүріп қалған жайларын айтып, сабырлы отырды. Вера жөніндегі сөзді Екатерина Ивановна өзі бастады.

— Шоқан Шыңғысович, сізге Вераның кейінгі хаты барған жоқ па? Ол Петербургқа жүрерде хат жазып еді ғой. Менің байқауымша ол хатты алмаған сияқтысыз.

— Ғафу етіңіз, Екатерина Ивановна, Вера Петербургқа жүріп кетті ме? Онда оқуға барды ма?— деген Шоқан сұрағына:

Шоқан Шыңғысович, сізге Вера айтқан жоқ па? Петербургта Вераның нағашы ағасы бар ғой. Сол кісі «Вераны Петербургта оқыталық, маған жіберіндер»,—деп сұрап жүрген. Сол нағашы ағасы: «Вераны түсіретін оқу орнына келісіп қойдым, тез жіберіндер»,— деп телеграмма беріп, жіті шақырып алды. Оқуға түскен хатын күтіп отырмыз,— деп Екатерина Ивановна Вераның Петербургқа аттанған жайын айтып берді.

— Кешірім сұраймын, Екатерина Ивановна, ол Вераның нағашы ағасы сіздің ініңіз бе, ағаңыз ба?— деген Шоқан сұрағына:

— Ол менің інім. Дмитрий Иванович Менделеев. Ол кісі ғылыммен шұғылданатын адам, — деді.

Шоқан Менделеевтің атын бұрыннан естігені барды. Бірақ қандай ғылыммен шұғылданады, оны анықтап білмегенді. Әсіресе Верамен сан рет әңгімелесіп жүргенде, бұл туыстары жайынан сұрастырып білмегенді.

Омбыдағы достарының біразымен кездесіп, жүріп қайтқан жағының жайын, әсіресе Гасфорт мырзаның жүрген жеріне өзіне ескерткіш белгі орнатқысы келетін даңғой қылықтарын кейде күйіне, кейде ажуалай әңгімеледі. Бұл жағынан оның көп әңгімелескен досы Сергей Дуров. Ол Шоқанға осы жолға аттанарда-ақ:

— Сіздің генерал-губернаторыңыз тек кана есерсоқ емес, орыс патшалығының барлық есуастық зұлматының айнасы. Ол бір ғана Гасфорт бойындағы өрескелдік емес, бүкіл мемлекеттік тәртібіміздің жүйесі,— деп сипаттап еді. Шоқан осы сапарында Дуров досының айтқан пікірінің айна-қатесіз бейнелерін көріп қайтты.

Шоқан жүрген жолынан жинаған мәліметтерді жан-жақты ғылыми тұрғыдан жазып жинақтады. Оның ішінде Гасфорт арнап тапсырған қыр халқының әдеті, діні жайына көп нәрселерді талдап қағазға түсірді. Осы жазу үстінде Шоқанның ақылшы, жетекшісі Петр Петрович Семенов болды. Ол Шоқанға өзі орыс тіліне аударған Риттердің Азия халқының жер байлығын пайдалану жайындағы еңбегін, сонымен бірге Гумбольдтің жиһанкездік еңбектерін беріп таныстырды. Осы сияқты тамаша дос тапқан Шоқан ғылымға көзі ашылып ынтыға түсті.

Шоқанның жүріп қайтқан сапарынан алған ғылыми деректеріне Петр Петрович Семеновтың мына берген кітаптары қосымша ұйтқы болды. Шоқан жинап қайтқан мәліметтерді жазып бергенде, танысып шыққан генерал-губернатор сондай қуанды. Гасфорттың өзі ойлаған топшылауынан әлдеқайда терең екен. Өздері естіп бара алмай қайтқан тау қырғызының өмірі, Ыстықкөл сияқты ерекше жаратылыс ғажайыбын тездетіп анықтап білу өте қажеттігін айқындай түсіпті. Шоқанның өзімен бірге жүргендегі алғыр да білімді қызметіне разыланған және мына жазып берген еңбегінің ерекше құндылығына сүйсінген генерал-губернатор оның қызмет орнын жоғарылатып, поручик атағын бергізді. Сонымен қатар Шоқанды Петербургтағы осы экспедицияны ұйымдастыруға басшылық еткен мекемеге де мақтап хабарлады. Солардың сұрауымен Гасфорт Экспедицияның хабарламасын және бұрынғы баяндаманың да көшірмесін жібертті. Бір

жағынан Шоқан жазған, жинаған мәлімдемелер арқылы өзін де жоғарғы жерге мақтана жеткізсе, Шоқанды да көтермелеп қамқоршы болып алды. Жүріп қайтқан жолы жемісті болып Сібір өлкесінің билеушісіне сенімі артқан Шоқан еркіндей ғылымға керекті жайларға көп көңіл бөлді. Сол жылдарда Орынбордың губерниялық ведомствосында басылған В. В. Вильяминов-Зерновтың «Қырғыз-қайсақ халқының Қоқан хандығы кезіндегі тарихи мәліметі» атты еңбегін жаздырып алды. Сонымен қатар бурят азаматы Доржи Банзаровтың еңбегімен де осы кезде танысты. Ол осы бір кезде Азия елінің жайынан жазылған еңбектердің қандайын болсын тауып, танысып отырды. Фин халқының жас ғалымы Кастронаның «Россия қол астындағы Азия халқының тіршілігі» деген еңбегімен де танысып өтті. Сол сияқты Шоқан якут халқының өмірін зерттеп, ауыз әдебиетін жинаған Николай Чижовтың еңбегімен танысып, якут тілінің қазақ тілімен тұқымдас көп ұқсастығы барлығын да кездестірді.

Әсіресе өзінің туған елінің, онымен қанаттас тілі, әдеті, ғұрпы тұқымдас елдің тіршілігіне деген ынтызары күшейді. Олардың бәрін салалап тереңдей жазуға қолындағы дәлелдемелер әлі аз. Көбінесе танысқан жайлары біреулердің жазғаны. Өз көзімен көріп, анығырақ жете танысуға құштар-ақ. Осындай терең ойға қанат қақтырған Петр Петрович Семенов өзі Барнаулға жүрерде Шоқанға ерекше бір ой салды:

— Мен мына генерал-губернаторыңа бір жайды тапсырғалы отырмын. Ол — ана Алатаудың күңгейін мекендеген қырғыз елінің жай-күйімен жете танысу. Және олардың біздің Россияның қол астына қосылуға ынталанып отырған руларынан қол үзбей қатынасты күшейту. Сен сияқты сол елдің тілін, әдет-ғұрпын білетін адамдардан ғылыми экспедиция жіберу. Егер ол кісі осыны ұйымдастырса, сен дайын бол. Өте кажет. Онда бізбен де байланысың күшейеді,— деп ақыл айтты.

— Ондай ұсыныс болса, мен дайынмын. Ал сіз осы ойыңызды аяқсытпаңыз,— деп Шоқан Семеновтың қолын алды.

Шоқан Карл Казимировичпен екеуі Гасфорттың өзіне сөйлесіп, жаз шыға Дуровтың қырға шығып дем алуына рұқсат алды. Әрине, Дуровтың қырда танысы жоқ. Жүдеу досын Көкшетау жайлауына таза ауа, қымызға жіберуге, аулына Шоқан өзі хат жазып, хат күтіп отырғанды.

Қолжазба қағаздарының әрқайсысына үңіліп отырған Шоқанның есігін біреу қақты. Есікті ашып жіберіп «Гриша!» деп бас салған Шоқанды әскери киімімен о да қаусыра құшақтап: «Шоқан досым!» деп біраз қысып тұрды. Екеуі құшақтарын жазып, амандық сұрасты.

Григорий Николаевич, мүлде жауынгер офицер болып алыпсың ғой. Кайда жүрген жайыңнан хат та жазбадың,— деген Шоқан кінәсына Григорий:

— Менің жүрген жерімде жүрсен, сен де хат жазбайсың. Сен генерал-губернатордың кеңсесінің бұрышынан орын алып, китәбия чиновник болып отырсың,— деп о да өзінің достық әзілін айтып жығынды болар емес.

Шоқанмен алғашқы әңгімелесе бастағанда әлдеқалай ғылыми қиялдар естіп Григорий Николаевич өз құлағына өзі сенбегендей боп отырды. Ол Шоқанның шағын бөлмесіндегі кітаптарын көріп, аз уақыттың ішінде мұншалық құнды кітап жинап алғанына таңданды. Әсіресе оның таңданғаны Сергей Дуровтың Шоқанға сыйлап берген кітаптары болды. Ол кітаптар жайлы Григорий хабарсыз еді.

Атақты Петрашевтардың қолжазба еңбектері өз алдына бір ерекше дүние.

— Шоқан, сен патшалық Россияның бүкіл Сібір өлкесін билеп отырған бас мекемесінде чиновник болып істеп отырып, мына сияқты әдебиеттерді қолжазбадан жинап табынасың,— деді. Мұны Григорий Шоқанды кінәлай айтқан жоқ. Бір жағы әзілі, бір жағы кітаптардың мазмұнына әлі мойындамаған атүсті қарағандығы да бар еді.

— Григорий, кешірім ет, сен анау анайы, қарусыз басын иіп, мойнын төсеп отырған бейкүнә қазақтарға қамшы үйірген шекарашылардың даңғаз аяқайына әбден құнығып алып, әдебиет, ғылым дүниесінен тосаңсып қалғаның ғой. Мына сияқты халық қамының қайраткерлерінің асыл ой-пікіріне әлі де үрке қарайсың ба?

— Әй, білмеймін, әзірше ондай зар заман пікірден гөрі, мына езілген халықтың бүгінгі тіршілігін дұрыстау жолына қызмет істеу керек. Сіздің ел сияқты екі оттың ортасында талан-таражға ұшырап отырған елді ана Азия түнегінен аршып алып жарыққа сүйреу керек,— деп өзінің шекарашылар тобында жүргендегі қоқандықтармен аяқасын Жетісу елін жарыққа сүйреу деп санайтынын айтты.

Григорий, сенің бұл пікірің өте дұрыс. Бірақ Азия хандықтарымен бүгінгі Россия қанаушыларының халыққа істер зәбірінің айырмасы аз. Тек, Россия, мына сияқты зиялы қауымының халық қамын алыстан ойлап жүргізіп отырған күресі игілікті жол. Оған сен атүсті карама!..

Шоқанның кейінгі сөзіне Григорий қарсы дау айтпай, екеуі басқа әңгімеге көшті. Олар сонау корпуста оқып жүргендегі жиһангездік жүрісті аңсайтын жайларын тағы қозғады. Ол жөнінен екеуі де ұлы мақсаттарының бастамасын қолдарына алған тәрізді. Әсіресе екеуі екі түрлі жаймен болса да аспанмен тілдескен Алатау өлкесін, бір кездегі жұмбақтай көрінген қазақ даласының біраз жерін көріп танысқан. Ұлы мақсаттары алда, осыны ойласты.

— Григорий, Омбы қауымының кейінгі жылдардағы өмірінен хабарың аз шығар. Сенің ана Жетісудағы ат үстінде күйғыта шапқан екпінің қаланың қамау көшесіне иліге алмай отыр ғой. Онда сені мен кейінгі жылдарда тапқан жаңа достарыммен таныстырайын,— деп Шоқан Григорий Дуровтың үйіне ертіп келді. Шоқанның сұрауымен кеңсе қызметінен босап, Көкшетауға жүруге әзір отырған Сергей Дуров Шоқан досын қуана қарсы алды. Шоқан таныстырған Григорий Николаевич Потанинмен танысып әңгімеге кірісіп кетті. Сергейдің Григорийден қызыға сұрағаны шекарашылар өмірі, ондағы халық жайы болды. Әсіресе Григорий Потаниннің Құлжа қаласындағы Россия консулы Иван Захаровқа Қапал бекінісінің бастығы Абакумовтың

тапсыруымен күміс ақша қорын апарып берген жолындағы көрген-білгені. Құлжа қаласының бекіндері, ондағы Қытай мемлекеті уәкілдерінің қылығынан көп жайларды айтты.

Сергей Дуровтың Достоевскиймен бірге айдалған азапты сапарын айтқаны, петрашевшілдердің күресі жайынан сөйлегені Григорийді мүлде жаңа бір дүниеге алып келгендей болды. Оның Шоқанмен алғашқы кездескендегі кейбір таңырқаған ойларының бәрі атүсті екенін енді әбден түсінді. Ол өзінің біраз тосаңсып қалғанын іштей мойындап, Шоқанға мүлде бас иіп алды.

Омбыда болған күндерінде Григорий Шоқансыз бір күн уақыт өткізген жоқ. Ол өзінің Алтай тауынан, Шарын бойынан жинаған өсімдік гүлдерін, ол жақтан әкелген сирек кездесетін құстардың, аңдардың терілерін Шоқанға сыйлап, олардың жайынан ғажап жаңалықтар айтты.

Осы бір күндерде Шоқанды Гасфорттың өзі шақырып қабылдады.

— Шоқан, Шыңғысович, сізді шақыртқаным, мен Петербургтан мынадай тапсырма алдым. Біздің былтырғы барып қайтқан сапарымыз Петербургтегі ұлықтарға қатты ұнаған. Соны әлі де толықтыра түсу үшін ана тау қырғызы, Ыстықкөл атырабын жете тексеріп танысуға экспедиция ұйымдастыруды ұсынған едім. Соны дұрыс деп тауып, маған толық билік беріп отыр. Оның үстіне мына бір қағазды қырғыздың Боранбай Бекмұрадов деген манабы жазады. Әрине, мен аударма арқылы аздап таныстым. Сіз өзіңіз де оқыңыз, оның да сұрайтыны — біздің Россия патшалығының қол астына қарап, көршілес ана сіздің Жетісу елімен бірге болғысы келетінін айтады. Сонымен бірге: «Бізге сенімді уәкілдеріңізді жіберіп, барлық жай-күйге таныссаңыздар», — деп сұрайды. Маған осы ойды салған Петербургтың жаһангез ғалымы Петр Петрович Семенов еді. Мен енді сол Қырғыз Алатауына баратын «Ыстықкөл экспедициясын» ұйымдастыруды шешіп отырмын. Ол экспедицияны Семейдегі полковник Хоментовский басқарады. Бұл жерден баруға сізді лайықтап отырмын. Бұған қалай қарайсыз? — деді.

— Густав Христианович, сіздің ол сияқты сенім көрсеткеніңізге шын жүректен алғыс айтам. Мен сіздің әрдайым қызметіңізге әзірмін. Бүгін жүр десеңіз де дайынмын, — деп Шоқан тәртіптілік көрсетті.

-Өзім де сіз осылай қабылдар деп ойлап едім. Сенімімді ақтадыңыз. Онда мен сіздің жүруіңізге бұйрық жаздырам. Хоментовскийге дайындық істеуіне бүгін бұйрық жіберем. Ал мына Боранбай манаптың хаты сізде болсын. Кейін архивке бересіз, — деп Гасфорт Шоқанға үлкен сенім көрсеткен ықыласын айтты.

Шоқан Гасфорттың тапсырмаларын алып үйіне қайтты. Оның қазіргі ең бір алаң жайы Дуровты аулына аттандыру, сонымен қатар Петр Петрович Семеновқа хат жазып, жүруін хабарлау болды. Шоқанның жаңа экспедицияға жүретін болғанына Карл Казимирович, Яков Петровичтер аса қуанышты еді. Олардың Шоқанға:

— Шекарадағы әкімдер ана момын халықты жәбірлемесін, осы жағына айрықша көз сал. Сенің мына сияқты жауапты сапардағы міндетіңнің ең бастысы да сол халықтарды Россияға дос етіп жақындату ғой, — десті. Шоқанның күткен хаты да сәтіменен келіп, Сергей досын аулына аттандырды. Омбыда біраз бірге болып, Григорий де өзінің қызметіне кетті. Шоқан достарының ендігі тілегі «еңбегің жемістене берсін» болды. Өзі де осы жүрісті аңсай күткен, асқан ынтымақпен аттанбақ.

Ыстықкөл сапары

I

Шоқан Омбыдан аттанар алдында Гасфорт өзі тағы да қабылдап: — Шоқан Шыңғысович, сізді Хоментовский асыға күтуде. Бұл жолғы экспедиция — әскери үлкен маңызы бар экспедиция. Бірнеше топографтар, жер шенеушілер болады. Әсіресе қырғыз манабы Боранбай тілегіне Петербург басшылары үлкен мән беруде. Атақты Ыстықкөл атырабын, Қоқан, Хиуа хандықтарының арандату әрекеттеріне соққы беретін түйін де сол қырғыз жерінде болуы дұрыс. Ал, есіңізде болатын бір нәрсе, өткен жылы тапсырманы Абакумов қалай қолға алған екен, бақылау істерсің. Ана дін жатындағы тау қырғыздарының қандай өзгешеліктері бар, оны да ұмытпа, — деп осындай өз тапсырмаларын тағы да қадағалап шықты. — Густав Христианович, сіздің ұлы қамқорлық көрсеткен ақыл-нұсқауыңызға үлкен алғыс айтам. Тапсырмаңызды күш-қуатым жеткенше орындауға тырысам. Және бұл жолғы жүрісіміз де жемісті болады деп сенем, — деп Шоқан әскери тәртіппен қабылдап сенім көрсетті.

Шоқан тездете жүріп, Семей қаласына жетті. Бұл жолы почта жүретін қыр жолымен суыт жүрді. Семей қаласына келісімен Шоқанның іздестіргені Достоевский болды. Өткен жылы кездесе алмай кеткен досына қалай да жолығып, көптеген сырлар шертпекке ынтығады.

Семейдің әскери казармасының бір бұрышындағы үстелде қағаз тіркеу, көшірме жұмыстарында отырған досына Шоқан ойда жоқта келді. Сағыныса көріскен достар ұзақ амандасты. Қатардағы жүдеу әскер киімін киген арық денелі Федор Михайлович ауыр андуыл үстінде де өзінің алған бетінен қайтпаған. Қайта ашына түскен. Ол өзінің Семей қаласында отырып, сонау алыстағы достарынан алған жаңа хабарларын Шоқанға жайып салды. Шоқан да өзінің омбылық достарынан әкелген сәлемдемелерін, жаңалығын тегіс ақтарып шықты.

Шоқан Семейге келгенде экспедиция бастығы полковник Жетісуға барып, экспедицияның жол жабдығын, Қапал, Верный бекінісіндегі әскери бөлімнен керекті адамдарды іріктеп жатқан-ды. Сондықтан да Шоқан Семейге көп бөгелген жоқ. Ол тездеп бекет жолымен Қапал бекінісіне тартты. Өткен жылты жүріп өткен жолы көзіне оттай басылып, әрбір тау, тас, өзендердің жай-күйі қайта жаңарып ойына түседі. Шоқан бөгетсіз суыт жүрді. Генерал-губернатордың тапсыруы да, Хоментовскийдің күтіп

жатқаны да оның көз алдына елестейді. Алайда ол осы жолында Аякөзде болып, Қозы Көрпеш — Баян бейітін қалай да көруі керек болды. Шоқан Семейден шыққанда май айының алғашқы бір әсем күндері еді. Қазақ даласы, әсіресе Арқат, Еңірекей тауларының алабы ғажайып балауса гүлге бөленген. Өзінің достары Сергей Дуровтың, Григорий Потанинның өсімдіктер жайынан айтқан тамаша әңгімелері қызықтырып, жол-жөнекей ол көптеген сақара гүлінен алуан түрлі жапырақтар жинап, айрықша баптап, арнап алған ыдыстарына салып отырды.

Әсіресе Аякөз маңы, онан өте Қозы Көрпеш — Баян зираттары тұрған Айтыз, Таңсық өзендерінің бойынан көп жаңа өсімдіктер жинады. Ол Аякөзден шыққан күннің ертеңіне құмартқан «Қозы Көрпеш» күмбезіне де жетті. Сонау Арыстан ақыннан естіген, онан кейін әкесі Шыңғыс жинаған қазақ халқының ғажайып дастанының туған жеріне келді. Ай өзенінің қабағындағы қырқашықта, сыртын заман іздері айғыздап қожырландырған жалғыз күмбез сырға бөгіп, мұңға бөленіп тұр. Ол бір кезде әлдеқандай шеберлердің қолымен соғылып, әсем ескерткіш болған. Қазір көнере көркі өзгеріп, сұрынан айрылған, Күмбездің сырты көнергенімен, арманда кеткен арыстай жігіт Қозы мен ару қыз Баян әулеттен әулетке жаңарып жетеді. Күмбездің ішіне кіріп тамашалаған Шоқанның адам суреттері ойылған бірнеше сын тастарға көзі түсті. Олардың оң жақ шеттегісінің иығынан төменгі ұлы денесі бар, басы жоқ. Ал оған таяу қыз киімін киген мұңлы ару. Оның қасында тізерлей отырған екі әйел адам. Шоқан қарындашпен осы суреттерді қағазға түсірді.

Осы суретті салып болып Шоқан: «Біздің халқымыздың ертеде сурет өнеріне шеберлігі болған. Бірақ елімізге мұсылман дінінің әкелген бір кертартпасы осы сурет өнерін тыйған», — деп жазып қойды.

Шоқанның қасында Семейден ере шыққан серігі бұрын бұл жақта болмаған казак-орыс азаматы еді. Ол жігіт сыпайы түрде:

— Шоқан Шыңғысович, сіз осынша құнттап, ете ынталана суретке салып жатқан қандай мұра? — деп сұрап қалды.

— Уа, жігітім, сізге мен бұл ескерткіштің уақиғасын айтайын. Бұл қазақ халқының ер жігіт, ару қызының арманды өмірі ғой.

— Адам баласының өмір жолы әр қиян алыста өтсе де, арманы кейбір жағдайларда біріне бірі ұқсас болып, тағдыры бір жайда шендеседі, — деп Шоқан осындай кезде ойланып қиялға бойлайтын әдетіне салып отырып қалды. Өлден уақытта жайлана сөз бастап: өзі сонау Арыстан ақыннан естігенін, әкесінің жинаған қолжазбасынан көргенін айтып берді.

— Шоқан Шыңғысович, сіздің халық сияқты көшпелі анайы елде де, мұндай керемет аңыз бар екен-ау! — деп жол серігі өзінің дүние танудағы сауатының аз екенін аңғартты.

— Ғафу етерсіз, жол серігім, әрине, сіздердің ұғымдарыңызда біздің халқымыз сезімсіз, анайы болып көрінеді ғой. Бірақ сезім жағынан, жыр, күй, шешендік жатынан ешбір халықтан кем емес. Мен сізге әлгі ғашықтық жырының тек қысқа қаңқасын ғана айттым. Оны біздің халық жыраулары бір

жұма бойы жырлайды. Оның көп жерінде тыңдаушылар жылап отырады. Біздің елдің бұл сияқты ұлы дастандары бір бұл ғана емес, бұл жүзден бірі. Біздің халқымыздың мекені шалқып тұрған ән мен күй, әсем жыр емес пе! — деп тоқтады.

II

Алдында күтіп отырған Хоментовскийдің тобына жетуге Шоқан асыға тартты. Май айының балбыраған әсем күндер! Әсіресе қоңыр самал; көкорайға бөленген Жетісу өлкесінің әсем табиғаты жанын сергіткен Шоқан үздіксіз жүрді. Ол Қапал бекінісіне келетін күні былтырғы Гасфорттың бекіттірмек болған «Соркезеңінен» өтті. Әзірше түйіртасына түрткі түспеген зәулім жартас, баяғы тәкаппар қалпында. Омбыдан жүрердегі Гасфорттың осы кезеңді бекітуді тапсырғаны есіне түскен Шоқан қасындағы серігіне: — Сіз мына екі жағынан зәулім жартас мінбелеп тұрған кезеңнен өткенде жан-жағыңызға тамашалай қарадыңыз. Бірақ бұл асудың жайынан хабарсыз шығарсыз. Былтыр Гасфорт мырза осы жерден өткенде, бір үлкен ойға келген. Мына алдымыздағы Қапал бекінісінің бастығы Абакумовқа: «Осы кезеңді бекіттіру жобасын жаса, бұл біздің жүріп қайтқан жолымыздың белгісіне арналсын», — деген еді. Содан былай бұл кезеңді «Гасфорт бекінісі» деп атауға сөз байлағанбыз, — деді.

— Шоқан Шыңғысович, тауды қопарып, мына кезеңді бекіту шекарашының кішкене тобының қолынан келе ме? — деп ойына сыйғыза алмаған серігі қайталап сұрады.

— Ол арасын генерал-губернатор өзі ойлап сыйғызған болар. Біздікі көзімізбен көргенді айтқан ғой, — деп өзінің ажуасын айтардағы күлімдеген ажарымен сөзін түйді.

Хоментовскийдің тобына Шоқан Шелек өзенінің бойында келіп қосылды. Ыстықкөлге қырғыз еліне аттанған бұл экспедицияның ең басты міндеттері тау қырғызының ішкі-сыртқы тұрмыс жайымен жете танысу, әдет-ғұрпын зерттеу. Сонымен қатар Боранбай манаптың өтінішін орындап, орыс патшалығының ел билеу тәртібін ұғындыру. Және мына өзімен іргелес отырған қазақ руларымен көршілестік жағдайға келісім жасау. Әсіресе сол Бұғы қырғыздарының «Сарбағыс», «Солты» руларының арасындағы дау-шарларын тыныштандыру болатын. Осы жағдайларға басшылық етуге ел жайына жетік, тіл мен әдетін жете ұғынатын сұлтан Шоқан Уәлихановқа Батыс-Сібір өлкесінің генерал-губернаторынан айрықша уәкілдік берілген.

Шоқан келер алдында Хоментовскийге генерал-губернатор Гасфорттың «Уәлихановты күтіп, бірте аттаныңдар!» деп жазған хатымен қатар өзі де Алатау округінің бірнеше ел ағасы ақсақалдарын экспедиция құрамына қосып ала жүруді тапсырған-ды. Шоқанның осы тапсырмасын орындап Хоментовский Албан, Дулат, Жалайыр руларының ел ағасы адамдарын ертіп алып шыққан. Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезектің ағасы Тазабек, Әбілез, Бұлан Сасыбаев, Байғозы Тіленшин, Жайнақ Терімбеков сияқты ел жайына, әдет-ғұрпына жетік адамдар бар. Сонымен қатар экспедиция құрамында: жер шенеуші топографтардың бастығы Яновский,

тілмаш Бардашов, шекарашылар отряды бар, жиыны жүз шамалы адам болған.

Шелек бойында бас қосқан экспедиция адамдары бірнеше күн кеңінен отырып жүріс жолын, алдағы істелетін жұмыстар жайын кеңесіп, соны жобалады. Осы сияқты жол жобаларын ретке келтіріп Ыстықкөлге бет алған топ асығыссыз жылжыды. Әсіресе өткен жылы ат үсті жүріп өткен жерлерге айрықша тоқталып, жер шенеушілер барлық керекті істерін орындап отырды. Шоқан да өзіне керекті деректерін жазып, жер жайы, ел жайындағы көптеген аңыздардың ізін тапты.

Экспедицияның бір тоқталған жері Шалкөде жайлауы болды. Бұл жайлау басы Көгершінді бұлағынан басталып, аяты Кегенге құятын Шалкөде өзенінің бойы. Екі жағы самырсын қарағайға бөленген аласа таулар алқабы. Жапырылған шалғын, ортасынан жарып аққан мол сулы мөлдір өзен. Әсем қоныс. Экспедиция осы өлкеге шатырын тігіп, екі күн демалыс етті. Шоқан өзен бойын салт атпен аралап, сан алуан кене мекендердің жұртына кездесті. Әсіресе Шоқанға қызықты болған өзен бойындағы ертеде салынған бекін орны. Бұл күнде тек іргелерінде құлап, жал-жал болып үйінді қалған. Бір кездегі сыртқы жаудан қорғанып бекініс жасаған жер екені айқын. Кім жасады, қай заманда, қалай жасалды, қалай талқандалды — оған белгі таппады. Осы жерден Сарыжазға қарай көшіп, Сарыбұлақ бойына келіп қонды. Бұл жерде де Шоқан Бұлан ақсақал мен Байғозыны ертіп, Шартас алқабына барды. Бұл елдің орны Шартас деп атайтын себебі, шаһар болған жердегі хандардың, әмірлердің сарайына ұқсаған, жақпар жалпақ тастардан жасалған үңгір үй бар.

Ол үңгірдің кірер қақпасының екі жағындағы жақтау жалпақ тастың бетінде біріне бірі қарсыласа салынған екі жолбарыстың суреті тұр. Ал қақпаның маңдайша көлденең тақтай тасына тоты құстың суретін салған. Үңгірдің іші де осындай неше түрлі аң, құстардың бейнесін ойып жасаған суреттерге толы.

Шартастың айналасында да бірнеше аңызға өзек боларлық суреттер тасқа ойып салынған. Үңгіртастың солтүстік-шығысына таман жалпақ-жалпақ тастар қатарынан созылған. Солардың бірнешеуінде бұғының, еліктің суреттері ойылып салынған. Үңгірге кіре берісте, оңтүстік-шығысқа таман, дөңгелек қора сияқты шағын алаң бар екен. Осы алаңның іргелігі құсаған жалпақ таста астау сияқты ұзынша ойық тұр. Сол өзекше ойықтың оңтүстік шетінде жұдырық сиятындай тесік бар. Оның сыртында екі ортасы текшеленіп ойылған екі сым тас тұр. Осылардың бәрін тамашалап көріп Шоқан жол дәптеріне жазып алды.

— Мына «Жартас» деген әншейін айтылмаған болар. Бұл жерде ерте заманда бір халық орталық жасап тұрған ғой. Анау қуыстың алдындағы суреттер қандай шебер ойылған. Өзі өнерлі халық болған, — деп Шоқан тоқтаған кезде, Байғозы ақсақал өз бастап:

— Шоқан шырағым, біз сіздер сияқты оқып-тоқыған емес, естумен ел аузынан ұққанды әңгімелей береміз ғой. Осы «Шартас» жайында біздің елде

мынадай бір аңыз айтылады: Мына бізбен көршілес қырғыз елінің Манас деген батыры — манабы болыпты. Ол кезде қырғыз, қазақ деп бөлінбейді екен. Қазақтан шыққан Ер Көкше деген батырмен екеуі қол бастап, ел қорғап осы Алатау маңында қалмақтармен соғысыпты. Сол Манастың Ер Көкшемен тізе қоса жаумен алысқандағы бір бекінісі осы жер бопты. Дөңгелек алаңда Манастың құла аты жібек арқанмен арқандаулы тұрады екен. Сондағы жібек арқанның бір ұшы тесік тасқа байлаулы болады екен. Ал мына сыртқы екі сәкі тастаты ойықтың бірінде арпа, бірінде тұз, астауда су тұрады деседі. Қырғыз елінде Манасты ұзақ жыр етіп жырлайды, — деп тоқтады. Шоқан Байғозы қарттың мына әңгімесін жол дәптеріне — «бұл бір анықтай түсер аңыз екен» деп жазып қойды.

Экспедиция жол бойы жүрген жерлерін топографиялық қағазға түсіріп, жер, су жайының, өсімдік өзгешеліктерін де үңіле қарастырып, Ыстықкөл атырабына да келіп жетті. Хат жазып күтіп отырған Боранбай манап құрметтей қарсы алды. Манапқа алдымен танысып, амандасқан Шоқан: — Қырғыз халқының дәрежелі манабы, Боранбай мырза, сіздің жазған қатынас хатыңыз бойынша Сібір өлкесінің ұлық губернатор генералы Гасфорт мырза арнаулы экспедиция жіберді. Оны біз бастап келдік. Мына көрші ағайындас еліңіз Албан, Үйсін, Дулаттың қадірлі ақсақалдарын ертіп келдік. Біз сізге қонақпыз, еліңіздің жайын, өз мүддеңізді іркілмей айта беріңіз, — деп жатық та есті сөзін сөйледі. Жап-жас Шоқанның үстінде орыс офицерінің шенді киімі, аузында аталы қазақ сөзі, аңырып қалған манап: — Шырағым, өзіңе қарасам — бассың, түріңе қарасам — жассың, алдымен өз женінді айтшы, танып алайын, — деп Шоқанға қарады. — Менің арғы атам — Абылай, бергі атам — Уәлихан. Атым — Шоқан. Батыс-Сібір өлкесінің мекемесінде қызмет істеймін, — деп аты-жөнін қысқа түсіндірді. Шоқанның кім екенін ұғынған Боранбай, іркілместен барлық жайды ашып сөз бастады: — Біз Алатау қырқасын қоныстаған қырғыз деген елміз. Еліміз бірнеше руға бөлінеді. Мына біздің руымыз — Бұғы атанады. Бізбен қанаттас отыратын бір руымыз — Сарыбағыс, оның Орман деген манабын біздің рудың жігіттері ажалға ұшыратты. Сонан біздің еліміздің іші мазасыз, атыс-шабыс. Өздеріңізге мәлім, біз екі оттың арасында отырған елміз. Қанаттас отырған Хиуа, Қоқан хандықтары шапқыншысын жіберіп, еліміздің бір жағын айдап алып, қол күш істейді. Әсіресе Сарыбатыс манаптары соларға арқа сүйеп, бізге ылғи күш көрсетеді. Біз осы зорлықтан құтылсақ екен. Ол үшін мына көршілес қазақ туысқандарымыз Албан, Дулат елімен бірлесіп, ұлы орыс патшалығының қол астына бағынсақ, соның қорғауында болсақ дейміз, — деп барлық мүддесін айтып шықты.

Экспедиция бастығы полковник Хоментовскийге тілмашы Бардашов өз білгенінше айтып отырды. Өзін аса тәртіпті ұстайтын Хоментовский ұғына тыңдап, бәріне түсінді. Бірақ қырғыз елінің мына сияқты ру аралық айтыстарысы жайына кіріскен жоқ. Бұл жөніндегі барлық билікті бастапқы тәртіп бойынша Шоқанға жүктеді. Қырғыз елінің барлық жайын білетін Ұлы жүз ақсақалдары Байғозы, Жайнақ, Бұландарға, сұлтан Тазабекке сөз сала

отырып Шоқан екі ру қырғыз манаптарының басын қосып, келісім мәселесін қарады.

Ұзақ кінәласқан қырғыз манаптары көптен шемен болған шерлерін айтыса отырып, татулыққа бет алды. Сарыбағыс манаптары да өздерінің руларын Бұғы руларымен ата жолымен ақылдастырып, туысқандық тілін тапты. Барлық қырғыз рулары болып ұрандасып орыс патшалығының қол астына қарап, қазақ ағайындарымен тағдырын біріктіруге сөз байласты. Көптен көнекжара болып шешілмеген түйінді шешіп, қырғыз, қазақ елінің ағайындығын табуға басшылық еткен Шоқанға қырғыз, қазақ ақсақалдары үлкен алғыс айтты. Өздерінің өтінішін ескеріп, арнаулы экспедиция жіберіп, Россия патшалығының кең қолтығына тартып, қамқорлық еткеніне айрықша алғысты хатын қырғыз манаптары Батыс Сібір өлкесінің басшыларына жолдады.

Алдымен қырғыз руларының өзара алауыз айтыс-тартысын тыныштандырып, енді осы жаңадан Россия қол астына ерікті түрде бағынуға мойындаған халықтың шаруа және ішкі тәртібі жайында бірер ереже жобасын жасау қажет болды. Осы кезде өзінің ғылыми жұмысын жүргізе Жетісу өлкесіне, Ыстықкөлге келген Петр Петрович Семенов та келіп Шоқандарға қосылды. Сүйікті дос атасының келгеніне Шоқан сондай қуанды. Семенов Шоқаннан да қуанышты ықыласпен қарсы алды. Бұрын келіп қайтқанында қырғыз руларының арасындағы алауыздығынан ғылыми зерттеуінің олқы қалған жерлерімен Семенов енді еркін танысатын болды. Сонымен бірге осы қырғыз елі жайында өзі көзімен көрген кейбір жолсыздықтарды айтып, бұл ішкі тәртіпке өзінің көптеген ойын қосты.

Экспедицияның жер шенеушілері өздерінің ғылыми істеріне кірісіп, Ыстықкөлдің оңтүстік, солтүстігін, айналасын барынша топографиялық картаға түсірді. Шоқан да қырғыз елінің ішін аралап, әдет-ғұрыптарын, діни сенім жайындағы ертелі-кеш өзгерістерін жазып алды. Әсіресе қырғыз елінің билік ережелері, ер дауы, жер дауы, ұрлық-зорлық жайларын барынша қағазға түсірді. Шоқан арқылы қырғыз елінің барлық ішкі тұрмысы жайынан толық мәлімет алған Петр Петрович Семенов өзінің мына қырғыз Алатауында, Тянь-Шань қырқасында Шоқанмен кездескеніне сондай қуанышты болды.

Шоқан анадағы Шартаста Байғозы қарттан естіген Манас батыр жайындағы әңгімені есіне алып, қырғыз елінің ән, күй, аңыз әңгімелерімен танысты. Шоқанды таңдандырған бүкіл қырғыз елі болып мақтана жырлайтын Манас жыры болды. Қырғыздың пернесіз тартылатын домбырасының (қомыз) өзгешелігін, манасшының дене, бет, көз құбылыстарын қарындашпен суретке түсіріп алды. Манасшының айтуына қарағанда бұл жыр атадан балата, атадан ініге қалып үздіксіз ұзақ жырланады екен. Оны қағазға тегіс түсіруге мүмкін болмады. Тек шығыс елінің ауыз әдебиетіндегі ұлы шығарма екенін жазып, кейбір шумақтарын орыс тіліне аударып қойды.

Экспедиция үш айдай қырғыз елінде, Ыстықкөл атырабын тегіс зерттеп, қағаз бетіне бейнелерін түсіріп алды. Шоқанды ерекше бір

қызықтырған нәрсе Ыстықкөл маңындағы көне қалалардың қалдықтары, арық, канал жүргізген суландыру жолдары, сол сияқты күмбездеп салынған ескерткіштері болды. Сонымен қатар Ыстықкөлді мекендейтін құстар, сол биік тау қиясында өсіп-өніп мекендейтін аң, тіпті құрт-құмырсқаға дейін зерттеп жазып отырды.

Экспедицияның қарастырғаны бір кездегі жібек жолы атанған Батыс Қытай елімен қатынас, сондағы Алатау атырабын басып өтетін керуен жолы болды. Осындай жан-жақты ғылыми да, мемлекеттік тұрғыдан қарастырылған үлкен істің басы қайырылып, көптеген жаңалық жинастырылды.

III

Шоқан Ыстықкөл бойында ғылыми жұмыстарын жүргізіп, әрі қырғыз елінің өзара татулық келісімін ұйымдастырып жатқан кезде, Петербуртта таты бір ірі мәселе қолға алынды. Ол мәселенің шұғыл көтерілуі, Қытай мемлекеті мен Россия патшалығының сауда қатынасын қалпына келтіру жайлы еді. Бұдан бұрын Шәуешек арқылы жүргізіліп тұрған сауда жолы, Қытай елінің өз ішіндегі келісімсіздіктен тоқталып қалған-ды. Енді Құлжа қаласы арқылы Шығыс Түркістанға, Батыс Қытай еліне қатынасар тете сауда жолын ашу өте қажет. Соған келісім жасау үшін ерекше жауапты уәкіл жіберілу керек. Оған жіберетін уәкілді белгілеу Батыс-Сібір өлкесінің генерал-губернаторы Гасфортқа тапсырылды. Шығыс елдерінің тілі мен әдет-ғұрпына жетік, Еуропаша жоғары білімді Шоқан Гасфорттың ойына алдымен түсті. Қарастыра келгенде Шоқаннан қолайлы уәкілді табуға қисыны жоқ. Фридрихе сияқты Шоқан күндестері: «Сіз осы бір қазақтың албырт, жеңілтек баласын өте көтермелеп жібердіңіз. Мына сияқты улы уәкілдікке ол жігітіңіздің қарымы жете ме?» дегенде:

— Кешірім етіңіздер, мен сіздердің біреуіңізді-ақ уәкіл етіп жіберер едім, бірақ Уәлихановтың дала елінің ішіндегі абыройы мен білімі сіздерде жоқ қой. Құр қазақ деп кеміту өркөкіректік болар. Ол тапсырманы ойдағыдай орындайды деп сенем. — Гасфорт мына чиновниктерінің күндестік көңіліне осылай сыпайы соққы берді. Бір сеніп алғанда бетінен қайтпайтын генерал-губернатордың мінезін білетін чиновниктер іштерінен тынып қала берді.

Ыстықкөл экспедициясының бастығы Хоментовскийге шұғылынан жеткізілген Гасфорт бұйрығы экспедиция адамдарын тезінен Верный бекінісіне оралтты. Гасфорттың Шоқанға арнап жазған уәкілдік хаты мен айрықша тапсырмасы да осы жерде қолына берілді. Қапал бекінісіне келіп тосып жатқан халықаралық уәкілдіктің адамдарына Шоқан да келіп қосылды. Уәкілдік тақырыбына берілген нұсқау жол-жобаларымен уәкілдіктің басқа адамдарымен де айрықша танысып, Шоқан Құлжа сапарына қамданды.

Шоқандар Ыстықкөлдің оңтүстігіне бет алғанда, бөлініп солтүстік Алатау алқабын аралауға кеткен Петр Петрович Семенов та Қапалға оралды. Шоқандардың жаңа тапсырма алғанын естіп, уәкілдік жайымен танысып, ол ерекше қуанды.

— Шоқан, мынау саған үлкен сенім. Именбей орындау сенің қолыңнан келеді. Батыл қимылда! — деп көптеген кеңесін беріп, жас досын өрлендіріп, осы жерде ол Тарбағатайға жүріп кетті.

Құлжа қаласындағы Қытай елінің консулынан «қабылдауға әзірміз» деген хабарды алысымен Шоқан жол тартты. Өзінің ертеде ойында жүрген тамаша жерлерді көрді. Әсіресе Қытай мемлекетінің Россиямен шекарадағы әлденеше бекіністерінен өтті. Олардың шекаралық тәртіптерін, бекініс құрылыстарын көріп танысып, көне елдің көне жайларынан көп мәлімет алды. Халықаралық сыпайы тәртіппен қабылдаған Қытай елінің Құлжадағы әкімдерімен танысты. Өзіне шетелдер министрлігінің берген нұсқау хатын қолдана отырып, олармен екі елдің достығы жайындағы үлкен мәселені кеңесті. Сонымен қатар бұрыннан жүргізіліп келген сауда қатынасы жайлы да жаңа келісім жобасын кеңесті. Батыс Қытай елінің жұмысына қашғарлық, құлжалық, Шығыс Түркістандағы елдердің беделді ақсақалдары араласты. Әсіресе сол жақта сауда кәсібімен беделі ескен татар, ұйғыр адамдарымен өз тілдерінде сөйлесіп, келісім жайын кеңесу өте орынды болып шықты.

Жергілікті әкімдері қытай адамдары болғанмен, ішкі тәртібі Түркістан өлкесінің басым жұртшылығы мұсылман қауымының қолында екен. Байлық, сауда қоры қолында отырған қашғарлық байлар, өзбек, татар саудагерлері, сауда жолының бұрынғы қалпына келуіне өте ынталы қимылдады. Оның үстіне екі ұлы елдің аралығында отырған шатын аймақ халықаралық тыныштықты да аса қуаттады. Осы сияқты тыныштық тілеп отырған елге Тыныштық достық уәкілдігін алып келген Шоқан халықтың ерекше қамқоры болып танылды.

Екі елдің келісім шартын, сауда жолының тәртібін келісумен қатар Құлжа қаласына жаңадан Россия елінің консулын тағайындау туралы жобасын ұсынды. Осы сияқты мемлекетаралық жауапты жұмыстың жобасын жасап, соған келісім болғанша Шоқан үш айдай Құлжада болды. Осы жұмыстарға байланысты Қытай елімен шекара жобасын да қайта қарап, оның да жаңа межесіне келісті.

Шоқан мемлекеттік осы бір күрделі істің келісімін тауып, елге оралды. Ол алдымен Верный бекінісіне соқты. Онда да бөгелместен былтырғы Гасфорт генерал-губернатор бекіттірмек болған «Соркезенді» асып, Семейге жетті. Семейге келіп қонақ үйде аз тынығып, аға досы Достоевскийді іздеді. Бірақ досын кездестіре алмады. Білетіндердің айтуынша, Достоевский Семейден Барнаулға ауысып кетіпті. Николай I-патшаның өлімі Россия зиялыларына біраз кеңшілік бергізген. «Әр басшының өз мархабаты бар» деген емес пе. Александр II-ші патша өзінің тахытқа отыру құрметіне бірнеше буынды кеңшілік шығарыпты. Соның бір буынында Николай I-патшаның тұсында жер ауған кінәлыларға еркіндік бергізген. Солардың көбін айдаудан босатып, ерікті еңбек істеуге кеңшілік еткен. Сібірге жер ауған саяси кінәлылар сол кеңшілік арқылы орталық Россияға қайтуға рұқсат алған. Соның себебі ме, әйтеуір, аға досы еріксіз әскерліктен босап, Барнаулға ерікті қызметке кетіпті. Шоқан Достоевскийдің бір дос адамын тауып, сол кісі арқылы оған хат жазды.

«Аса, құрметті Федор Михайлович!

Сізге осы хатты жазу үшін қолайлы сәтті пайдаланып қалуға асығып отырмын. Сіз жүріп кеткеннен кейін, Сіздің шаһарыңызда бір түнедім де, келесі күні таңертеңгісін жолға шықтым. Сол кеш мен үшін өте көңілсіз болды. Жаныммен сүйген және шапағатын көрген адамдармен айрылысу маған аса ауыр тиді.

Сізбен бірге Семейде өткізген азды-көпті күндердің көңіліме ізгі әсер қалдырғаны сондай, қайткенде Сізге таты да барып қайтсам деп армандап жүрмін. Мен біреуге бағышталған ықыласым мен сезімді жазуға шорқақпын, оның керегі де болмас деп ойлаймын. Өйткені менің Сізге қандай ықыласты екенімді және сізді қалай сүйетінімді езіңіз білесіз.

Омбыға келгеннен кейін ең жақсы досым Александр Николаевич Цуриковпен қоштасып, қамығып қалдым, ол қазір Сізге — Семейге кетіп бара жатыр. Қайырымды Федор Михайлович, мен Сізден сол мейірбан адамды қабыл алуыңызды сұраймын. Сіз оны көрген сайын көруге құштар болып сүйіп кетуіңіз хақ. Омбы деген өзінің өсек-аяңымен және тынымсыз қаскөйлігімен маған әбден жиіркенішті болғаны сондай, тіпті бұдан мүлде кетсем бе деп жүрмін. Сіз бұған қалай қарайсыз? Жайымды қайткенде жақсартуым жөнінде кеңес беріңіз, Федор Михайлович. Дуров науқастау. Сірә, бұл туралы Сізге Цуриков тәптіштеп баяндап бере алады.

Барнаулда терең ақылды, ойшыл... адаммен уақытты қалай өткіздіңіз? Менің атымнан көзімнің нұры, көңілімнің ынтасы, құпия қызметкер Василий Петровичке тағзым етіңіз. Ештеңе жазбайды деп Ковригин оған өкпелі. Расында, жетім адамды ренжіту қиын емес қой. Айтпақшы, жетімдер туралы, соңғы кешті мен, өзіңіздің кеңесіңіз бойынша, С. қасында өткіздім. Өзінен сұрап көріңіз, кеш көңілді өтті ғой деймін.

Әзірге хош болыңыз, Федор Михайлович. Көп ұзамай хатты толық және ұзақ етіп жазармын. Сіздің жауабыңызды күтемін. Анна Андреевнаға Сіздің хатыңызды табыс еттім: оның өте разы болып қалған жайы бар.

Сіздің шын берілген қызметшіңіз Шоқан Уәлиханов».

Шоқан Омбы қаласына жеткенде, Сібірдің салқын кезі басталып қалған-ды. Екі үлкен жұмысты орнына келтіріп, ғылыми да мемлекеттік істі басқарып, абыроймен қайтқан Шоқанды достары аса қуана құрметтей қарсы алды. Өзімшіл менмен Гасфорт өзінің бастауымен ұйымдастырған жұмысын асыра орындап, сенімін ақтаған Шоқанды мадақтай құрмет етті. Шоқанның осы жолғы бітіріп қайтқан жұмыстарының ерекше маңызды екенін Петербургтегі шетелдер министрлігіне мақтана жаздырды. Өзінің басшылық нұсқаумен болғанын баса айтып, әрбір жол сайын өзін ататып отырды.

Шоқан алып келген Жетісу, Ыстықкөл аймағының топографиялық мәліметтерімен танысу мәжілісінде Гасфорт қол астындағы чиновниктерін қатыстырды. Ондағы ойы да өзінің бітірген бір үлкен ісінің мәдіхын тарату еді. Мәжіліс ашылып, істеп қайтқан жұмыстардың өзекті жайларынан хабарлау айтқан Шоқанға өзінің бурыл тартқан шықшыт сақалын бір сипап, аспандай қараған Гасфорт:

— Осы былтырдан бергі біздің экспедициялар шенеп, танысып қайтқан өлкеміз қанша шақырым көлемінде болар еді, осыны топшылаған жоқсыздар ма? — деп пандана сұрады.

— Густав Христианович, шақырымға шағып жобалауға уақыт та болмай жатыр. Бірақ былтырдан бергі аралап қайтқан өлкеміз Еуропаның кішігірім өлкесінен аз бола қоймас, — деп Шоқан жымия жауап берді. Гасфорттың ойда жоқ сұрақты қойған жағдайын байқап отырған чиновниктер, әсіресе Карл Казимирович Шоқанның бөгелместен айтқан тапқыр жауабына разыланып қалысты. Өзара күңкілдесіп «кіші-гірім мемлекет аумағы» деп жатты. Осы сәтте көңілін мақтан лебі билеп кеткен Гасфорт:

— Россия патшалығына бір мемлекеттік өлкені елімен, байлығымен қостым ғой деймін, мырзалар, — деп чиновниктерге пандана қарады.

— Иә, иә, Густав Христианович, сіздің бұл табысыңыз тек Россия патшалығы ғана емес, бүкіл Еуропа елінің ғылымына, көлеміне қосқан ұлы табысыңыз, — десіп шу ете түсті. Әсіресе көтеріле сөйлеген Сібір казактарының басқармасын меңгеруші сұрқия Ивашкеевич болды. Батыс Сібір өлкесінің бас мекемесіне қызметке кіргеннен бергі Шоқанның аса жек көретін чиновнигінің бірі осы Ивашкеевич болатын. Оның өзі бір парақор, қазына жегіш арам ниеттілігімен қатар нағыз екі жүзді сұрқия болатын. Біреудің істеген еңбегін өзіне байланып, әулігіп отырған есерсоқ генерал-губернатордың шашпауын ерекше көтеріп отырғаны, Шоқан еңбегін жоққа шығарып осы жерде Гасфортқа көрініп қалу еді. Оны Шоқан алыстан-ақ сезген Баяндамасын аяқтап келіп Шоқан:

— Густав Христианович, менің сізге айтар қосымша бір тілегім — азды-көпті істеп келген жұмысты өзіңіз бағалап, тиісті орынға жеткізерсіз. Жаңағы сіздің сұрағыңыз жаңа облыстардың жер көлемінің тиянақты есебін керек ететін сұрақ болды. Оны біз істей алмағанымыз үшін кешірім сұраймын. Енді сол жаңадан танысқан еліміздің есебін жасауды мына Ивашкеевич мырзаға тапсырған дұрыс па деймін. Өйткені бұл кісі алдымен есепке жүйрік, екінші, сол жаңа облыстар да осы кісінің мекемесіне бағынышты болады. Ол қыр елінің жайына таныс, осы кісі жүргізгені орынды деп ойлаймын. Шақырымдап өлшей ме, аршындап өлшей ме, тұтамдап өлшей ме, оны өзі біледі, — деп тоқтады.

Шоқанның істеп қайтқан ісі мен мына есеп жөніндегі тапқырлығына қуанған Дуров:

— Сен сияқты ұл туғызып өсірген мына сахарауи халқыңыз ешкімге жем болмайды. Мен бұрын да өзіңе айтқан едім. Көкшетау бекінісінде болып, сіздің жердің қызығын көрдім. Мен сауығып та, сергіп те қайттым. Рақмет сізге, Шоқан Шыңғысович. Бір сізге емес, халқыңызға рақмет. Қандай кең пейілді қонақжай ел. Сіздің ауылдың қымызының дәмі аузымнан өле-өлгенше кете қоймас. Әттең, анау кең даладағы еркін ойлаған дана қауымға, шіркін-ай, білім сәулесін жеткізсе, талай данышпан аспан әлеміне қанат қатар еді, — деп, Сергей кеп ойланып отырып қалды.

Шоқан баяндамасын жасап, жинап қайтқан ғылымдық еңбектерін аздап тәртіпке келтіріп, біраз сергіп алды. Енді сол әкелген еңбектерін толықтыра түсу үшін Омбы қаласындағы архивті ақтаруға кіріссе, достарының үйлеріне баруды ұзатып алады. Сондықтан жұмысына алаңсыз отыру үшін достарымен сәлемдесіп алуға кірісті. Қырдан келген бетінде ат үсті бір кіріп шыққаны болмаса, ұзақ әңгімелесе алмаған Карл Казимирович, Екатерина Ивановнаға келіп достық шайға отырды. Қауқалақтай қарсы алған Карл Казимирович:

— Шоқан Шыңғысович, Елизаветадан кешірім сұрамасаң, сені қатты жазалайды. Өйткені: «Шоқан келді ме?» — деп күнде сұрайды. Ол қарындасыңның мінезін білесің ғой, — деп күлдіре сөйледі. Карл Казимирович өзін тағы қайта жалғап: — Шоқан Шыңғысович, Ивашкевич сұрқияны Гасфорт мәжілісіндегі сөзінде жаман қатырдың-ау. Ол бір нөсерде үстіне тамшы жұқпайтын соғынды ғой. Бірақ өте сақ бол. Мына біздің генерал-губернатор Гасфорт мырза бір қызық адам. Ана Орынбордың генерал-губернаторы Перовскиймен күндес болып алған. Оның қуған бұзақы адамдарын қызметке алып, төбесіне көтереді. Мынау Ивашкевич парақор, қазына жеген қылығы үшін Орынбордан қызметінен қуылған. Осы біздің мекемеге қызметке отырғалы істеген зұлымдығы адам айтқысыз. Өзгені былай қойғанда ана Жетісу облысына, Іленің ар жағындағы елге деген астықты берудегі істеген озбырлығын айтып Гутковский жыр етті.

Достар Сібір өлкесінің осы бір мекемесіне кіріп алған бір топ қара жүректер жайлы күйіне сөз етіп отырғанда, Барнаулдан оралған Петр Петрович Семенов та келе қалды. Достар сағыныса шүйіркелесіп, жаңалықтармен танысып қарық болды. Шоқанның Құлжа сапарынан үлкен абыроймен оралғанын естіген Семенов сондай қуанышқа бөленді.

— Шоқан Шыңғысович, сіз Россия мемлекетіне бір үлкен елдің бөгеліп тұрған қатынасын қалпына келтіргенсіз. Мұны Петербург қауымы өте жоғары баталар. Құлжа қаласында үш ай бөгелгенде, ғылыми зерттеу жұмысын да қарастырған боларсыз, — деп Семенов өзінің жұмысына да Шоқан қолғабысын сұрастыра отырды. Ықыласты достықпен әзілдесе де отыратын Шоқан: Петр Петрович, қазақтың бір мақалы бар, мен соны айтсам ренжімессіз. «Құл тапқаны — қожасы үшін» дейді.

Біз қолымыздан келгенше жауапты тапсырманы істеген болып келдік қой. Оның азды-көпті атақ-абыройы генерал-губернатор Гасфорт мырзаның атағына байланып жатыр. Ал Құлжа атырабындағы халық жайы, шаруа жайы, жаратылыс ғажаптарын қарастырып, жазып әкелдім. Ол жақта көне өмірдің ізі көп қой, қарастыруға уақыт аз болды. Бұл жатын сізге берсем, жоғарыдағы қазақтың мақалынан басқа менің қолымда не қалады? — деп күлді. Шоқанның мына қалжыңынан қысылып қалған Семенов:

— Шоқан Шыңғысович, мен сіздің бір түйір де еңбегіңізді өз қанжығама байламаймын. Және сіздің еңбегіңіз «ешбір генерал-губернатордың олжалауында кетпейді. Бәрі өзіңіздікі болады. Сіз Бүкіл Россиялық білім қоғамының ғылыми жұмысына кесек жаңалық қосып отырсыз. Оны біз

әлдеқашан жеткізіп, сізді таныстырып қойғанбыз. Сіздің осы жолғы жинап қайтқан деректеріңізді Петербург ғалымдары асыға күтулі. Енді жатпай-тұрмай жинап қайтқан еңбектеріңіздің бір данасын маған беріңіз. Ол өте қажет. Генерал-губернатор Омбыда жағымпаз чиновниктерінің алдында мақтанып бөсе берсін. Петербург ғалымдары ешкімнің еңбегін қанжығасына байламайды, — деп осы бір сөзін аса ірі жігермен құшырлана батыл айтты. Сонан соң сөзін жалғап:

— Карл Казимирович, мен Шоқан Шыңғысовичтің сөзінің қалжың да болса шындықтан туғанын байқап, өз жауабымды айттым ғой. Уәлихановтың еңбегін ешкім олжаланбайды. Тек, Шоқан Шыңғысович, өзінің осы бастаған үлкен болып жатқан Шығыс Түркістан мен Батыс-Қытай елінің ісін өркендете беруі керек. Мына бүкіл Еуропа еліне жұмбақ барлық жай-күй, жаратылыс байлығын, салт-санасын, тек, Шоқан Шыңғысович қана анықтап, барлық сырын ашады. Өйткені Шоқан біздің Россия ғалымдары үшін шығыстан туған жарық жұлдыз, — деп сөзін аяқтады.

Достар ұзақ отырып әңгімелесті. Петр Петрович Семенов өзінің осы жуырда Петербурға жүретін жайын да айтып, Шоқанға бағанағы сөзін тағы қайталап:

— Шоқан Шыңғысович, мен жуық арада жүріп кетем. Жаңағы менің сұрағымды тез орындап бер. Егер көшіру жұмысына көмекші керек болса, менің жүйрік жазатын жәрдемшім бар. Өзіңе қосып берем, — деп аса қадағалады.

Аға досының не үшін осынша тездеткенін әдепті, сабырлы Шоқан шұқылап сұрамады. Оның үстіне Семенов оны арам оймен сұрамайтынына сеніп, Шоқан архив жұмысын қоя тұрып, соған кірісуге сөз берді.

Петр Петрович Семеновтың айтқан тапсырмасын бұлжытпай орындаған Шоқан уәделі күнге дайын етті. Шоқанның алып келуін күтпестен Семенов бір күні таңертең ертесімен Шоқанның пәтеріне өзі келді. Оның келуінде екі түрлі мән бар еді. Бірінші, жас жолдасы тапсырмасын қалай орындады екен. Екінші, Шоқанға оңаша отырып, өзінің ойындағы бір ұсынысын айтпақ еді. Алдынан қуанышпен қарсы алған жас досын құшырлана құшақтап:

— Шоқан Шыңғысович, мен сізге анада Петербургқа оқуға бар деп ұсыныс жасап едім. Оны сіз дұрыс көріп, оқуға уәде беріп едіңіз. Енді бір жаңа тілегім болғалы тұр. Анау өзің аралап танысқан Жетісу, Ыстықкөл өлкелері, Қоқан, Хиуа хандықтарымен бір жатынан Шығыс Түркістан өлкесі Алтышәр мен Қытай мемлекетінің шетімен шектесіп жатыр. Ана Құлжада өзің келісім жасасып қайтқан Қытай мемлекетінің уәкілдері Алтышәр уәкілдері, біздің Россия еліне жақындасуға бой тартпайды деп өзің айтып келдің. Енді сол елмен сауда қатынасын жандандырумен бірге, елдің жай-күйіне, табиғатына, халқының ішкі сырына мына Еуропа халқы құмар. Оған христиан дініндегі елдердің уәкілдері аяқ баса алмайды. Ал біздің Россия ғалымдары мен мемлекетіміз үшін Шығыс Түркістанның жайы ғылыми жатынан да, саяси жатынан да өте қажет. Ол менің ұйғаруымда сіздің қолыңыздан келеді. Мен болсам Алатаудың қырқасына шықтым, арты алқабына аса алғаным жоқ. Сол

арғы жақ — дүние жүзіне жұмбақ болып келген түйінді сіз ғана шешесіз. Осыған баруға қалай қарар едіңіз? — деп Шоқанға ойлана қарап жауап күтті. — Петр Петрович, бұл жөнінде ана Гасфортпен өзіңіз сөйлесіңіз. Егер ол кісі лайықты көрсе, мен баруға дайынмын. — Шоқан осыны айтқанда: — Ол жағына мен иемін ғой. Бұл әңгімені Петербургтан бастаймыз. Гасфортқа өзім әдейілеп сөйлесем, — деді.

Шоқанның қолжазбаларын алып, ерекше қуанды. Көп уақыт еткен жоқ. Петр Петрович Шоқан үйіне тағы да өзі келіп, жаңалықтарын хабарлады.

— Мен сіздің ана генерал-губернаторыңызға әдейі жолықтым. Әсіресе өзін туралы пікірімді Алтышәрға жіберу жөнінде айтып айрықша тапсырдым. Сенің Алтышәрға баруыңа, ғылыми жұмысыңмен шұғылдануыңа барлық мүмкіндікті жасайды. Сонымен бірге, мен өз көзіммен көріп қайтқан ел билеушілер тарапынан істелетін көптеген әділетсіздік бар екенін ұғындырдым. Оның түпкі тамыры осы өзіне бағынышты мекеменің чиновниктерінде екенін баса айттым. Әсіресе шекарашылар, елге шыққан чиновниктердің атарман-шабармандарының оспадар істерінен бірнеше дәлел келтірдім. Оларға қатты тыйым салуды ұсындым. Жаңа-жаңа мойынұсынып отырған елді үркітпей, тәртіптілік істеу керегін айттым. Мен Петербурға тез жетуім керек. Біздің орыс халқының тіршілігі ауыр. Сол халықты мына қара түнектен құтқармай тыным таба алмаймыз. Бостандық күні алыс емес, — деп Семенов Шоқанға мейірлене қарады.

— Петр Петрович, бостандық болары анық па, анау айдаудағы орыс зиялылары темір құрсаудан босана ма? — деп Семеновқа қуана, жақындай түсті.

— Шоқан Шыңғысович, бостандық сәулесі көріне бастаған. Мен Петербургқа тез жетіп өзгеріс дайындығын істесуім керек қой. Шоқан, менің тапсырмамды орындауға дайындал. Сен соны орындап қайтқанда, достарыңның еркіндік алған қуанышын бірге тойлаймыз, — деп Шоқанды бауырына қысты. Достар: «қайта көріскенше амандыққа, саулыққа» деген жақсы ниеттерін айтып қоштасты.

Шоқан аға досының тапсырмасын орындап, өзінің еңбегіне кірісті. Алтай, Тарбағатай бойларынан оралған Григорий Потанин де Омбыға келді. Аанада Шоқанмен бірге барып, аз танысып, құмарланып қалған Григорий, Сергей Дуровпен қайтадан жолығып, кеңірек танысуға асығатын еді. Шоқаннан алдымен сұрағаны сол Дуров болды. Екі дос бір күнгі кешкілігін бос етіп, Дуровтың жұпыны пәтеріне келді. Май шаммен журнал жаңалықтарын ақтарып отырған ақын екі досын қуана қарсы алды. Шоқанның Ыстықкөл сапарынан, Құлжа келісімінен алып қайтқан жаңалықтарымен таныса отырып, достар ұзақ әңгімеге кірісті. Бұрын Шоқан айтуымен жете түсіне алмаған Григорий, Сергеймен өзі әңгімелескен сайын ынталана, оның ұстанған жолының асыл негізін ұғына бас иді. Өз арасында: — Мен енді мына әскери сауытты шешіп, ғылым жолына көшетін болып бекіндім. Өтініш жазып қызметтен босанам, оқуға барам. Бұл жүріс менің

қолым емес екен, — деп Григорий өзінің ойын айтты. Григорийдің шешімін қуаттаған екі дос қуана мақұлдады.

Шоқанның осы жолғы еңбегінің маңызын сөз ете отырып, Сергей Дуров:

— Шоқан Шыңғысович, мен саған мына журналды тауып қойдым. Бұл біздің атақты жиһанкез Егор Ковалевскийдің Пекинге барып қайтқан, сол сен барған Құлжада болған, Азияны аралағандағы жинаған, көрген-білгені, бұл саған өте керек, — деп сырты көнеріңкіреген журналды берді.

Шоқан Ковалевский жайында, оның қасында тілмашы болған Дабашинский жайында Жетісуда Тезек төреден де, Абакумовтан да естігенді. Бірақ айрықша мән бермеген еді. Мына досы Дуров ол кісінің еңбегімен танысуды тапсырды. Өзін Омбыға алғашқы әкесімен бірте оқуға әкелген Шығыс елдерінің тіліне жетік Дабашинскийдің ол жақта жүріп қайтқанын Шоқан білмейтін еді. Ол тіпті қуанып кетті.

Шоқан архивке кіріп, бүкіл шығыс елі жайынан жазылған қолжазбаларды ақтара отырып, Ковалевский жөнінде Николай патшаның жазалауға жіберген бұйрығымен де танысты. Бір әредікте өзінің қарт досы, әрі оқытушысы Дабашинскийді көріп амандаса барды. Осы барысында ол Дабашинскийден Ковалевскиймен Азияны аралағаны жайынан әңгімелер сұрады.

Аға досы, әрі қазақ баласының сырына жетік, тілі мен түсінігіне таныс Дабашинский Шоқанға Ковалевскиймен бірге болғандағы көп әңгімелерін айтты. Ковалевскийдің Африкадан алып келген қара көмірдей күтушісі жайында бір тамаша жайды сөйледі.

— Мына Батыс елдерінің бай-мырзалары аз елді қорлауға, кемітуге құмар келеді ғой. Анау Африканың қара түсті адамдарын күні бүтінге дейін мал есебінде жұмсайды. Тіпті құл тып сатады. Ковалевский Африкаға барғанда өзіне бір африка жігітін серік етіп ертіп қайтқан болатын. Содан келген бетінде Ковалевский Семей арқылы Құлжаны басып Пекинге баратын болды. Осы сапарында мен тілмаш болып ердім. Африкадан алып қайтқан әлгі күтушісі бірге болды. Сол серігін Петербурда ертіп жүргенде біреулер: — Мына қара жігітті құлдануға сатып алдың ба? — деп сұрапты.

Ковалевский:

— Құлдайтын кісіге біз зәру емеспіз ғой. Мына Россияның өзінде де құлдық өмірде жүргендер аз емес қой, — депті. Соны тыңшылар патшаға жеткізіп қойыпты. Патша ағзам қаһарына мініп: «Ондай бейпілауыз адамды жазалап, түрмеге отырғызу керек», — деп бұйрық береді. Ол кезде Ковалевский Пекинде жүргендіктен бұйрық орындалмай қалады, — деп тоқтады.

Шоқанның анау архивте кездестірген қағазы осы бұйрық екен. Шоқан дос ағасына осы қағазды өзі оқығанын айтты. Дабашинский әңгімесін тағы қайта жалғап:

— Шоқан Шыңғысович, Ковалевский деген адам Африка, Азия елдерін тегіс аралаған, ол елдердің жайынан тіпті көп білетін адам еді. Өзі мына петрашевшілдермен пікірлес болды деп кейіннен қатты бақылауға алынды,

оның шығармалары саған өте пайдалы. Тағы бір қызығын айтайын. Біздің батыс елдерінің ғалымдары қызық адамдар ғой. Олардың мына сіздің қыр елінің жайынан түк хабары болмайды екен. Карл Риттер деген жиһанкез ғалым Ковалевскиймен Петербуртта кездесіп әңгімелеседі. Әрине, олардың әңгімесі ғылым жайында болады ғой. Әңгіме үстінде араб елдеріндегі түйенің жүк және әскери көлік екенін айта келіп Риттер: «Түйе хұрма ағашы жоқ жерде болмайтын хайуан» деп жазған еңбегін көрсетеді.

Оған Ковалевский:

— Ғафу етіңіз, Риттер мырза, түйе деген хайуан қазақ даласында, Жетісу өлкесінде мыңдап саналады. Және сол елдердің көш көлігінің ең бастысы — түйе, — дейді. Риттер өз сөзін қуаттап:

— Түйе ана мойнымен хұрма ағашы жоқ жерде азықты қайдан алады? Оның мойны жерге жетпейді, — деп таласады. Таластарының шешімін Хиуа хандығынан уәкіл болып келіп, Петербурда қонақтап жатқан саудагер сонау жібек жолы атанатын тарихи керуеннің көлігі түйе болғанын айтып ұғындырады. Риттер өзінің ұғымының қате екенін сонда ғана мойындайды.

— Мен Петр Петрович Семенов ғалымның айтуымен және сол оқуға берген шығармалары арқылы реттермен танысып, ол кісінің жиһанкездік ғылымына бас иген едім. Түйе жайындағы күлкі екен. Ана Африкадағы жирафты көріп, түйе де соның бір науғысы (тұқымы) деп ойлаған ғой, — деп Шоқан Дабашинский ағайына Риттермен де таныстығы барлығын айтты.

— Шоқан Шыңғысович, сен бұл адамдардың шығармасын қай кезде оқып танысып жүрсің? Бұлар ірі ғалымдар ғой. Тек, біле бер, Шоқанжан, — деп өзі Айғанымның айтқанын естіген, Шоқанның аулындағы бала кезіндегі ерке атын бір айтып қалды. Шоқан мен Дабашинский екеуі осы сөзден сөз қозғалып, асыл ана Айғанымды біраз естеріне алды.

Шоқан мен Григорий екеуі Омбы қаласының Ордонансгаузе атанатын архив қоймасын құныға ақтарды. Аанадағы айтқан ойын орындап, Григорий Потанин қызметтен босанып, біржолата тылым жолына ауысты. Бала күннен бірге қиялдап, сырлас болған жан досының өзінің жолына түскеніне қуанған Шоқан Григорийді өз достарымен еркін таныстырды. Және ғылым жолына бар ынтасын, халық қамқорларының пікіріне ұйытты. Григорий Потаниннің «Жоңғарлық Бұхараның сауда керуені» дейтін шығармасы осы қыстағы еңбегінен туған еді. Бұл еңбегі тұсында Шоқанның да, Петр Петрович Семеновтың да көптеген кеңесі болғаны айқын.

Шоқан архивке кіріп ғылыми жұмысына араласқан кезінде, аанада бір таныс арқылы хат жазған аға досы Достоевскийден хат алды. Аға досы Шоқанның хатын алғанын айтып, өзінің дос ықыласынан ерекше бір жүрек лебізін жолдапты.

III. III. Уәуіхановқа хат

«Сіздің хатыңызды маған менің мейірбан досым, Александр Николаевич табыс етті. Әдепті әрі әдемі жазғаныңыз сондай, мен Сізді қайтадан өз көзіммен көргендей болдым. Мені сүйемін депсіз. Ал өзім ұялмай- ақ айтайын... — мен Сізге тура ғашықпын. Мен ешқашан және ешкімге дәл Сізге

секілді ықыластанбаған шығармын. Бұл қалай болғанын құдайым өзі білсін. Өйткенмен бұған көптеген түсіндірме беруге де болар еді, Сізге мақтаудың қажеті жоқ қой! Өйткені Сіз менің адал көңіліме айтпай-ақ ақиқат сенетініңізді білемін, қымбаттым менің Уәлихановым. Және бұл туралы он кітап жазылса да жартымды ештеңе айтып болмас еді: сезім мен ықылас деген нәрселерді түсіндіру өте қиын. Біз Өзіңізбен қоштасып жүріп кеткеннен кейін күні бойы қам көңіл болдық. Жол үстінде Сізді ылғи еске алып, мақтау сөз айттым. Егер Сіз бізбен бірге кеткеніңізде тіпті ғажап болатын еді. Сіз Барнаулда зор әсер қалдырған болар едіңіз. Кузнецкіде (жалғыз болған кезімде) (В. бұл құпия сыр) — Сізді мен өзімнің ең жақын досым саналатын ақылды, жан-жүрегі пәк бір әйелге әңгіме етіп таныстырдым. Оған Сіз туралы көп айтқаным сондай, ол Сізге көрмей-ақ ғашық болды. Мұны ол Сізді өте жақсы суреттегенімнен деп түсіндірді. Бұл тамаша әйелді Сіз бір кездері көрерсіз де, оның жақсы достарының санатында боларсыз. Мен өзім сондай болуыңызды тілер едім. Сондықтан да Сізге осыны жазып отырмын. Барнаулды пәлендей аралай алғаным жоқ. Тек балда ғана болып, танысатын адамдармен танысып алдым. Көбінесе Кузнецкіде тұрдым (бес күн). Сонан соң Змиев пен Локтада болдым. Демченский әдеттегісінше жұртты ылғи күлдіріп жүрді. Семенов дегеніңіз тамаша адам ғой.

Мен онымен жете жақындасып кеттім. Сізге көп нәрсе айтуға болар еді, хатқа жазу мүмкін емес. Алайда бір уақытта кейбір жайттарды есітіп білерсіз, ал тап қазір дүниедегі ең қымбаттым туралы үрей, қайғы мен қамқорлық жүрегіме кенет толған шақта (мұны өзім күттім де, күтпедім де), жападан-жалғыз қалған кезімде (ал әрекет жасау керек-ақ) — Сізге ең негізгі мақсат-мұратымды, екі жыл бойы жанымды езген жағдаяттарды толық ашып айтпағаныма өкінемін. Ашып айтқаным жақсы болатын еді. Аяулы досым, сүйікті Шоқан Шыңғысұлы, мен сөзімді жұмбақтап кеттім білем. Бірақ оны шешемін демей-ақ қойыңыз, тек маған табыс тілеңіз.

Мүмкін барша жайды көп ұзамай өзімнен естірсіз. Қолыңыз тисе, бізге тезірек келе көріңіз, әйтеуір, апрельден қалмаңыз. Айнып қалып жүрмеңіз. Сізді сондай көргім келеді, келсеңіз Сіз де зерікпес едіңіз. Омбыдан зерігіп кеттім депсіз — өйтпегенде қайтесіз! Кеңес беруді өтініпсіз. Қызметіңіздің жайын, сосын жалпы жағдайды, не істеу керектігін сұрапсыз. Менің ойымша былай: еңбектенуді қоймаңыз. Сіздің материалыңыз бай. Дала жөнінде мақала жазыңыз. Ол сөзсіз басылады (ол хақында әңгімелесіп едік қой, есіңізде болар). Өз жазбаларыңыз тұрғысынан дала салты, өз өміріңіз, тағы басқа нәрселер туралы жазғаныңыз тіпті жақсы болар еді. Ол жұрт қызығатындай жаңалық саналар еді. Тың нәрсе болатын себебі Сіз не

жазғаныңызды білесіз ғой (мәселен, есіңізде болар, Пушкин аударған Джон Теннер шығармалары тұрғысында). Сіз сонда Омбыда да, Петербургта да жұрт назарына түсесіз. Қолыңыздағы бар материалдар арқылы географиялық қоғамға таныласыз. Қысқасы, Омбының өзінде-ақ жұрт сізге басқаша қарай бастайды. Сонда Сіз өмір жолыңыздың басқаша болуы мүмкіндігіне тіпті өз тума-туысқандарыңыздың көңілін аудара алар едіңіз. Келер жазды қырда өткізбек болсаңыз, уақыт көп кой. Ал ендігі жылдың 1 сентябрінен бастап Россияға бір жылдық демалысқа келуіңізге болар еді. Онда бір жыл тұрсаңыз, не істейтініңізді білер едіңіз. бір жылдық қаражат табатыныңыз хақ. Маған сеніңіз, оншама көп қаржы да қажет емес. Ең негізгісі бұл іске жаңаша көзқарас және белгілі бір есеппен өмір сүре білу керек. Мұның бәрі біршама болжаммен шартты нәрсе ғой. Сіз осы бір жыл ішінде өз өміріңізде жаңа қадам жасауға шешім қабылдар едіңіз. Өз нысанаңызды өзіңіз көре алар едіңіз, яғни одан әрі не істейтініңізді білер едіңіз. Содан соң Сібірге оралып, өз туысқандарыңызға пайда болатын ой айтып, ұсыныс жасаңыз (не ойлап табуға болмайды, не армандауға болмайды!), олар Сізді тіпті шетелге, яғни Еуропаға бір-екі жылдық саяхатқа жіберуі де ықтимал ғой. Содан 7-8 жылдан кейін Сіз өміріңізді Отаныңызға зор пайда келтірердей етіп орайластырар едіңіз. Мәселен, даланың жай-жапсарын, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы барын өз әулетіңізде бірінші болып Россия жұртшылығына таныстыру, сонымен бірге өз халқыңыздың орыстар ішіндегі сауатты мүддегері ретінде туған еліңізге еңбек ету ұлы мақсат, игілікті іс емес пе? Сіз өзіңіздің еуропаша толық білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді ұмытпаңыз. Оның үстіне тағдыр Сізге үлкен жүрек пен кереметтей жан беріп, ғажап бір адам етіп жаратқан. Еш нәрседен кенже қалмаңыз, қалуға болмайды; дәлелдеңіз, тырысыңыз, тіпті реті келсе қулық істеңіз. Бәрінің де жүзеге асуы мүмкін, тек табанды болыңыз. Сіздің тағдырыңыз хақындағы утопиялық ұғымдарыммен бал ашқанымды мазақ етпеңіз, менің қымбатты Уәлихановым. Мен Сізді сүйетіндігім сондай, Сіз туралы және Сіздің тағдырыңыз туралы күні бойы толғандым. Әрине өз ойымша Сізге жақсылық тіледім. Сол ой-арман арасында бір шындық бар. Сіз әулетіңіз ішінде еуропалық білім алған ең алғашқы адамсыз. Осының өзі — керемет нәрсе және ол Сізге көптеген міндет жүктейді. Алғашқы қадамыңыздың қандай болуы керектігін анықтау қиын. Бірақ бір кеңес берейін, асылында аз болжап, аз қиялдаңыз да, көп қимылдаңыз, бірдеңеден болса да, бастаңыз, өз карьераңыз үшін бірдеңе болса да, істеңіз. Ештеңе істемегеннен гөрі бірдеңе болса да тындырған жақсы. Алла жар болсын Сізге.

Қош болыңыз, қымбаттым менің. Сізді 10 рет құшып, сүюіме рұқсат етіңіз. Мені ұмытпаңыз, жиі-жиі жазып тұрыңыз. Цуриков маған ұнайды,

ойын жасырмайды, бірақ мен оны әлі аз білемін. Семеновпен кездесіп, Семейге бірге келесіздер ме? Онда біз бір қауым жұрт болар едік. Мүмкін, сонда менің өмірімде де өзгеріс болып қалар. Тәңір жарылқаса болғаны. Сізге Демченский тағзым етіп, сәлем айтты. Хатты соның үйінде, өзіміз таңертең тамақтанатын немесе сорлы жетімдерді күтіп, шай ішетін стол басында жазып отырмын.

Менің қарсы алдымда Цуриков отыр. Ол да Сізге хат жазу үстінде. Демченский қорылдап ұйықтап жатыр. Қазір сағат кешкі 10. Оның неге шаршап-шалдыққанын түсінбеймін. Сізге Семей туралы бірдеңелер жазайын деп едім, қызық жайттар бар. Бірақ шынтуайттап келгенде, оннан бірін де жазу мүмкін емес. Қош болыңыз, менін мейірбан досым. Жиі жазып тұрыңыз. Мен де Сізге әрқашан жауап қайыратын боламын. Мүмкін, реті келгенде өз жұмысым жайын жазуға да батылдық жасап көрермін. Мен болып Дуровка тағзым етіңіз, мен болып оған жақсылық тілеңіз. Оны сүйетінімді және шын берілгенімді айтып сендіріңіз.

В. С. Сізге тағзым етеді. Сіздің өзін Омбыға әкетуге тырысқаныңызды әңгімеледі. Ол Сізді ұмытпапты және Сіз туралы қызыға сөз етеді. Ф. М. Достоевский ».

Аға досының елжірей жазған хатын қайталай оқып, өзіне-өзі: «Дос болсаң осындай адаммен бол. Қандай нәзік сезімнің адамдары. Анау Петр Петрович Семенов, Сергей Дуров, міне, Россия халқының нағыз асыл адамдары»,— деп өзінің күнделігіне жазып қойды.

Шоқан Сібір өлкесінің қақаған аяз, бұрқыраған боранды күндерінде пеші кейде жағылып, кейде жағылмай ала қоңыр болып тұратын салқын архив қоймасында таңертеңнен кешке дейін қолжазбаларды ақтарумен болды. Осы архивте оның көп іздеген дерегі — Сібір өлкесін Россия патшалығының алғашқы иемдене бастаған кезі. Сібір өлкесіндегі халықтардың қонысы, шаруа жайы, олармен Россия патшалығының қарым-қатынасы жайлы болды. Бұл жағынан Шоқанның тапқаны көбі бұрыннан өзіне таныс жайлар. Шоқанның бір қуанған табысы — қырғыз елінің шежіресіне байланысты қолжазбаға кездесті.

Екі жылдай ойды-қырды аралап, ел көнелерімен сөйлесіп, қырғыз елінің шежіресіне көп үнілген еді. Қырғыз қарияларының айтуына қарағанда — «ата-бабамыздың туып-өскен жері Әндіжан өлкесі екен» деседі. Ал жиһанкез ғалымдардың, шежірешілердің жазғандарында қырғыздардың «Енисей», «Том», «Абакан» өзенінің бойында болып, Алатауға кейінірек көшіп барғанын айтатын. Біріне бірі қайшы дәлелдемелерді салғастырып, қайсысы сенімді екенін шеше алмайтын. Көңіліне көбірек алып архив туындыларын ақтарғандағы баса қарастырғаны осы еді.

Бірде Шоқанның қолына Ұранхай елінің «Алтын ханы» деген қолжазба кездесті. Осы қолжазбаны қарап, барлық жазылу тарихымен танысты. Бірақ мұның ішінен де өзінің іздеген жұмбағына шешім таба қоймады. Сол буддалардың тобынан он сегізінші ғасырдың орта кезінде жазылған бір

қолжазбаға кездесті. Бұл қолжазбада он сегізінші ғасырдың орта кезінде Өскемен бекінісіне қырғыз-қалмақтың он екі үйлі адамдары келіп, жергілікті әкімдерге: «Біз бұрын Том мен Енисейдің аралығында тұрушы едік. Біздің басшымыз Танбын батыр Танджи еді. Онда Ресей қазынасына аң терісінен алым төлеп тұрушы едік. Сонан он сегізінші ғасырдың бас кезінде Ғалден Сореннің үш қолбасы батыры бес жүз жауынгер тобымен келіп шауып, қырғыздарды Жоңғар тауына көшіріп жіберді. Үш мың үй қырғыз, қалмақ қолының сайланып келген қаһарына қарсы тұра алмай, қонысынан ауды. Сонан қырғыздар Ғалден Соренге алым төлеп тұрды. Сонымен қатар біздің тағы бір тобымыз, Соғай даласында тұрады. Олар да кейіннен Жоңғардағы туыстарын тапты. Біз де өз туысымызға қосылуды тілейміз» депті. Бұған қарағанда қырғыздардың Енисей бойынан ауып келуі анық. Оған қосымша жоғарыда аталған жиһанкез ғалым Риттер де (Карл Риттер) — «қырғыз, қазақ түбі бір халық, бұлар бір кезде Сібір өлкелерінде болып, кейіннен Алатау атырабына көшіп келген» — деп түйіндейді. Шоқан осы сияқты құмарта зерттеген ғылымдық еңбегімен шұғылданып ешқайда мойын бұра алған жоқ. Өйткені — әдет-ғұрпы, тілі түбірлес қырғыз-қазақ елінің шежіресін қарастырып, анығын ашуға құмарланды. Шоқан шағатай тілінде жазылған «Тарих рашиди» кітабын тауып алып соны оқыды. Бұл кітапта он алтыншы ғасырдағы түрік шежірешісінің жазуына қарағанда қырғыздардың Әндіжан мен Ыстықкөл жағасының аралығында жүрген мәліметі бар. Оған қарағанда қырғыз қарияларының — «ата-бабамыздың қонысы Әндіжан алқабы» дегенінің жаны бар тәрізді. Ал он сегізінші ғасырда Енисей бойында қырғыз елі болғанына қарағанда, бір кезде қырғыз-қазақ бір тұтас тайпалар болып, Сырдариядан Енисейге дейінгі екі аралықта көшіп мекендеп жүргені байқалады. Өзінің Ыстықкөлде қырғыз жыршысынан естіп жазып алған «Манас» жырындағы қырғыз-қазақ батырларының бірге аттанған жорықтары да осыны бейнелейді. Қонысы басқа, туыстық түбірі басқа ел бір майданда қатар жүріп қан төге ме. Және сондағы қырғыз-қазақ батырларының жауы құба қалмақ болып келеді. Сөйтіп өзінің тұңғыш қырғыз елінен тапқан үлкен дастанының халық шежіресіне қосылған құнды жаңалық екені айқындала түсті.

Анадағы он екі үйлі қырғыз-қазақ адамдарының айтуындай Жоңғар қолы келіп килігіп, қырғыз руларын екіге бөліп тастағанға ұқсайды. Сыр бойындағылар Әндіжан алқабында қалып, Енисей бойындағылар осында бөлініп қалған болуы керек. Ал Енисейдегілер Жоңғар тозғындаған кезде Алатаудағы елімен қайтадан табысқан болар деп түйді. Осындай көп іздене отырып, қазақ-қырғыз даласын жаңадан зерттей бастаған Россия ғалымдарына ой салар, жол сілтер ізін түсіргендей болды.

Шоқан мен Потанин екеуінің тағы бір ерекше қарастырғандары Қашғарияға тура тартар сауда керуенінің жолы болды. Қоқан хандықтарының Россия патшалығына қырын қарайтын жайын еске алғанда, Ыстықкөл арқылы, Алтышәрге тау жолымен өту қолайлы тәрізді. Екеуі осы жолдың жобасын топшылады. Сонан екі дос қыстың көп уақытын архив ақтарып, алдағы істелер ғылыми зергтеу жұмыстарының жобасын ойластырумен өткізді.

V

Қыс ортасы ауа берген кезде Шоқан Петр Петрович Семеновтан хат алды. Осы хатпен бірге Петербурттағы «Орыс географиялық қоғамының» толық мүшесі Уәлиханов деген сенім қағаз бірге келді. Сенім қағазға қоса «Орыс география қоғамының» 1857 жылғы 27 февральдағы мәжіліс хатынан көшірме де бірге келген. Шоқан өз оқығанына өзі сенбегендей досы Григорий Потанинге берді.

— Шоқан Шыңғысович, құттықтаймын бауырым,— деп Григорий Шоқанды бас салып сүйді,— Міне, еңбегің жанды. Ғалым атағы ардақты бағамен арналған саған. Бұл қуаныш бәріміздің қуанышымыз,— деп Григорий Шоқанды қайта-қайта сүйді. Екеуі География қоғамы басқармасының мәжіліс хатын қайта отырып оқыды. «Батыс Сібір өлкесінің қырғыз-қазақ өлкелерін зерттейтін белімінің қызметкері, әскери шенді Шоқан Шыңғысович Уәлихановтың Жетісу өлкесін, Ыстықкөл атырабын зерттеуде, Құлжа қаласындағы келісімді ғылыми тұрғыдан жобалауда істеген еңбегі — Россия ғылымының халық зерттеу саласына қосқан зор үлесі. Осы жөнінде ғылыми баяндама жасап Уәлихановтың еңбегін жан-жақты дәлелдеп жеткізген Петр Петрович Семенов-Тяньшанскийдің ұсынысы бір ауыздан қабылдансын! Шоқан Шыңғысович Уәлиханов «Россия Географиялық қоғамының» толық мүшесі етіп алынсын» делінген. Екі дос Петр Петровичтың жаңадан тіркеп алған қосалқы фамилиясын қайталап «Семенов-Тяньшанский» деп жарыса айтысты.

Петр Петрович анда Петербурға жүрерде Шоқанның қолжазбаларын қояр да қоймай алып кеткендегі сырын Шоқан түсіне де, сұрай да алмаған. Аға досының оны не үшін керек еткенін мына қаулыны алғанда ғана түсінді. Қандай адал жанды асыл адам.

«Бұлар халық үшін, ғылым үшін туған жандар ғой» деп ойлады Шоқан ішінен.

Петр Петрович Семенов Омбыдан Петербургқа келген бетінде Шоқанды География қоғамына мүшелікке ұсынды. Ұсынар алдында Шоқанның жаңа еңбектерін ғалымдарға беріп таныстырды. Алдымен әрі жиһанкез, әрі географ ғалым Ковалевскийге берді. Ковалевскийге Шоқанның еңбектерін бере отырып, «Шоқан біздің география қоғамына жаңадан қосылған кесек тұлға. Ол бізге жұмбақ болып жатқан Азия елінің тілін, әдет-ғұрпын, тіршілік салтын негізінен жақсы біледі. Оның үстіне ғылымдық

жағынан қандай тапсырма болсын асыра орындай алатын ерекше қабілетті жас ғалым» деді. Ковалевский Шоқанның мына жаңа еңбектерімен танысып, қолжазбаның бір бұрышына: «Жас, дана ғалым» деп қуана жазып қойды.

Шоқанның аты География қоғамына әйгілі бола бастағаннан-ақ үкімет адамдарының құлағына да шалынған болатын. Әсіресе оның Құлжаға барып бітіріп қайтқан мемлекеттік жұмысы Шоқан есімін бұрынғыдан да айқындай түскен. Шығыс Түркістан елі туралы көп уақыттан бері қолға алып, өзі де ол жақтарда болып, осы өлкемен қарым-қатынастың жолын табуға ынталанған Ковалевский Шоқанға ерекше назар аударды.

Осы жылдың көктемінде Ковалевский — «Шығыс Түркістанға, Алтышәрге яки Қашғарияға ғылыми экспедиция жіберу қазіргі жағдайда өте қажет» деп шетелдер министрі Горчаковтың атына ұсыныс хат жазды. Осы ғылымға негізделген хатында Қашғар шәһерінің, Шығыс Түркістан уәлаятының географиялық жағдайын айрықша суреттемеге түсіріп көрсетті. Әсіресе Шығыс Түркістан өлкесімен, Уәлиханов бастап барып анықтап қайтқан тау қырғызы, Ыстықкөлмен шекарасының ұштасып жатқанын баса айтты.

Осы бір ғылыми да, саяси мәні зор экспедицияны ұйымдастыруға География қоғамының ғалымдары ерекше назар аударды. Оның үстіне Россияның Құлжадағы консулы Захаров: «Ташкент-Қоқан саудагерлері Құлжаға келуін, сауда араласын тоқтатты. Қашғариямен де олардың қатынасы мүлде тоқталған» деп хабарлады. Осындай Шығыс Түркістанның басқа көршілерімен қатынасы бөгеліп тұрған кезде сауда қатынасын ұйымдастырып, соған жапсарлап ғылыми экспедиция адамдарын жіберу қажет. Ол экспедицияға сол елдің салт-санасын, тілін білетін аса сенімді, беделді адам табу керек» десіп іздестірді.

Ковалевскийдің ұсыныс хатын орынды деп тапқан шетелдер жұмысының министрлігі өздерінің халықаралық жұмыстарды басқару бөлімі арқылы мәселе көтеріп, патша ағзамның рұқсатын сұрады. Александр I патша «қарсы емеспін» деп қол қойып рұқсат етті. Осы рұқсат қағазды алысымен шетелдер жұмысының министрлігі және әскери министр Сухазанет Омбының генерал- губернаторы Гасфортқа: «Қашғария экспедициясын ұйымдастыруға кірісіңіз. Оған саудагер түрінде татардан яки өзіміздің қол астымызға қараған ташкенттіктерден сенімді адамдар жіберілісін. Сонымен қатар ғылыми жұмыстарды жүргізетін өзіміздің жігіттерден приказчик түрінде адам қосылсын» деп тапсырды.

Өздерінің ұсыныстары қабылданған География қоғамының ғалымдары асқан қуанышпен экспедицияның ғылыми жұмысының жобасын жасады. Сонымен қатар Гасфортқа Семенов-Тяньшанский, Ковалевский бастаған ғалымдар қол қойып хат жазды. Ол экспедицияны тездетуді қатты өтінді.

Қашғария сапары

Әскери министрліктен және шетелдер жұмысы жөніндегі министрліктен Алтышәрге экспедиция ұйымдастыру жөнінде қатынас қағаз келгенде, Гасфорт үлкен ой үстінде болатын. Қоқан, Хиуа хандықтарының Қашғарияға соқтығып, Уәлихан қожаның Алтышәрге кіріп кеткен хабарын алып отырған. Тау қырғыздарының арғы шеткі руларының да сол дүрбелеңге қатынасы болды. Қырғыз рулары қобалжуда деген хабарды алып Гасфорт Шоқанды тығыз түрде Жетісуға аттандырған еді. Верный, Қапал бекінісіндегі шекарашылардан қарулы жасақ қосып, Ыстықкөл маңында болып, арғы елдегі бүліншілікті бақылауды тапсырған болатын.

«Осы бір дүрбелең кезде арадан сыналап кіріп кетіп, Шығыс Түркістанды басып алуға болар еді. Қытай патшалығының Шығыс Түркістандағы қолы ондай күшті емес. Ал мына Алтышәрге кіріп Қытаймен жауласып жатқан Уәлихан қожа біздің әскери күшті қарсы алады. Сонда біз Хиуа, Қоқан хандықтарынан дос табамыз. Алтышәрді Қытайдан бөліп, Россия мемлекетін ұлғайтамыз» деп Гасфорт өзінше Азияны оп-оңай жаулап алмақ ерлік жобасын ойлап, дайындықтар жасап еді. Бірақ оны әскери министр мен шетелдер жұмысының министрлігі «дұрыс емес, Қытай сияқты тыныш отырған елмен соғыс ашылып кетеді» деп тоқтатып тастаған.

Осындай алуан толқынды ойдың үстінде отырған генерал-губернатор экспедиция жұмысын солғындау мойындады. Әсіресе сауда қатынасы түрінде жіберілетін экспедиция адамдары барлығы шығыс елі текті татар, қашғарлық, өзбек, ұйғырлар болуы керек. Ондай топтың құрамына сенімді адамдар табыла ма? Осы жұмысты ұйымдастырып, адам табуды Карл Казимирович Гутковскийге жүктеді. Карл Казимирович генерал-губернатордың әрі тығыз, әрі өте жауапты бұйрығын алып, Семейге суыт жүріп кетті.

Аса жауапты жұмыспен келген генерал Гутковскийді Семейдің губернаторы және әскери полковник Хоментовский құрметтей қарсы алды. Карл Казимирович Семей қаласында экспедицияның адамдарын табу ісіне кірісіп, қаланың татар, шала қазақ бөліміне әлденеше барып Боқаш Аупаевтың үйінде болды. Семей қаласындағы татар, шала қазақ қашғарлықтарға аса абыройлы Аупаев Гутковскийді құрмет тұтты. Ол кісінің тапсыруымен экспедицияға саудагерлерден сегіз адамды тапты. Олардың ішінде қашғарлық Мұсабай Тоқтыбаевты керуен басшысы етіп лайықтады. Боқаш Аупаев өзінің қарттығын айтып, алыс жолға жүруден бой тартты. Мұсабайдың Қашғарияда туған-туыстары бар, оның керуен басы болуы экспедицияның мақсатына да өте қолайлы. Ол елдің ішкі жайынан хабар алып отыруға жағдайлы. Бұл жағына иланған Карл Казимирович бастаған үкімет адамдары соған келісім істеді. Ендігі жағдай ол жаққа апаратын саудасаттық жабдығы сегіз адам орталарынан өз қаржыларына алып баратын болды. Бір ғана шарт, олардың сауда қаржылары талан-таражға ұшыраса, шығынды үкімет көтеретін болып шарт жасалды.

Осындай келісім жасалып жатқанда, Алатауда қырғыз ішінде жүрген Шоқаннан Гасфорттың атына жазылған хат келді. Ол хатта Шоқан: «Мен қырғыз еліне қатынасқан Ташкент және Қоқан адамдарымен сөйлесіп,

Қашғариядағы жанжалдың жайын білдім. Қашғарға Қоқаннан ұрланып барған Уәлихан деген қожа шәһәрдің қақпашыларын алдап қорған ішіне кіріп кетіпті. Сөйтіп алдымен күзет бастығының бейқуат отырған жерінде басын шауып, қорған күзетшілерін тегіс қырыпты. Қалаға кіріп мұсылман ұранын «ғазуат» шақырып, Қытай әкімдеріне қарсы көтеріп, қаланы басып алыпты. Сол жерден Аляшшәрдің әкімдерін қырып, қаланы басып алуға қарақшыларын аттандырған. Қапелімде шәһәрдің ішіне бандыны кіргізіп алып, қырғынға ұшыраған қытай мемлекетінің адамдары шұғыл шара қолданып, әскер төгеді, бандылардың басқа шәһәрға барғандары қолға түсіп, Уәлихан қожа қашып шығыпты. Қазір сол мұсылман қауымы мен қытайлықтар арасындағы ұғыныспағандық тексерілуде. Қалғанын тағы хабарлаймын» деп жазыпты.

Шоқанның осы хабарлауын Петербургқа жеткізіп, Гасфорт бір данасын Семейдегі Гутковскийге жібереді. Оны жібере отырып, экспедицияны ұйымдастыру жұмысын тездетуді тапсырды. Шоқанның жазған хабарлауын оқып танысқан Карл Казимирович Шоқанға іле хат жазды. «Шоқан, сен ана Қашғарияға барам деуші болма. Мына сияқты бүлініп жатқан ел сенің кім екенінді біліп қойса, тірі жібермейді. Және олар сені білмей қоймайды. Қытайдың Құлжадағы әкімдері сенің кім екенінді Семейдегі ташкенттіктерден-ақ біліп алады. Олар біздің елдің барлық сырын жеткізіп отырады. Ал өзің жүрген Алатау қырғызының Алтышәр жақтағы көшпелілері Қашғарға хабарлайды. Сен өзің сол қырғыздың шетінде сенімді жерде қал да, Қашғарияға Мұхаммедякуп Жанғұловты жібер. Ол сенің керекті мәліметтеріңді жазып әкеліп береді» деп жазды. Карл Казимировичтің мұны жазып отырғаны осы экспедицияны ұйымдастыру жайы сөз болғанда ол жаққа үкімет тарапынан жіберілетін құпия уәкіл етуге Шоқанды ұйғарған-ды. Әскери министр Сухозанетке Гасфорт: «Бұл экспедицияға менің қол астымдағы қызметкерлердің ішінде бір ғана сенімді адам бар. Ол — поручик Уәлиханов. Бізге бағынышты мына қырғыз елінің сенімді сұлтаны полковник Шыңғыс Уәлихановтың баласы. Өзі Кадет корпусын бітірген. Және мына Азия елінің әдетін, тілін жақсы білетін, сенімді офицер» деп жазған. Петербурдағы департаменттен Гасфорттың жазғанына қосылған келісім қағазды алысымен экспедицияға жіберілетін адамы сөз болғанда, Гасфорт алдымен Шоқанды сол уәкілдікке тағайындаған. Оған қоса Гасфортқа География ғылым қоғамынан Ковалевский мен Семенов-Тяньшанский екеуі Шоқанды жіберуді ұсынған қағаз келген. Және Шоқан өзі өткен күзде Семенов-Тяньшанскийге Қашғарияға баруға уәде бергенінде білетін. Осылардың бәрін қорытып, аталық қамқорлық көзбен жан аши қарайтын Гутковский шын жүрегінен басалқа ақылын айтып сақтандырып жазды.

Семейде Гутковский Гасфорттан таты да хат алды. Бұл хатында: «Семейдегі сауда керуеніне деген адамдарды тапқан болсаңыз, олармен келісім жатын тез бітіріп, Жетісуға, Алатау округіне жетіңіз. Ол жердегі бекін бастығы Премьшельскиймен ар жағынан Уәлихановты шақыртып алып, Жетісудан Қашғарияға жүретін керуен жолының кестесін жасаңдар.

Сонымен қатар, Уәлиханов арқылы қырғыздың бас манабы Боранбайға біздің сыйлығымызды жеткізіндер», — деп жазған.

Генерал-губернатордың бұйрығын ала салып Верный бекінісіне құйғытқан Гутковский лезде-ақ жетті. Ол келе Шоқанға хат жазып, төтенше кісі жіберіп, шақырып алды.

Осы жерде Гасфорттың Шоқанға арнап жазған нұсқау хаты да, сонымен қатар экспедицияға дайындалған тапсырмасы да келді. Гутковский, Перемышельский, Шоқан бәрі бірлесе отырып, экспедиция керуенінің қай жолмен баруы жайында ұзақ кеңесті. Гасфорттың Шоқанға жазған хатында Құлжа арқылы барса деген ойын білдірген. Ондағы генерал-губернатордың тиянақ ететіні өткен жылғы Шоқан барып келісім жасап қайтқан таныс әкімдер керуенге қауіпсіз жолбасшылық етер ме еді деген ой болатын. Ал мына кісілер ақылдасқанда қырғыздың Бұғы руының ішімен Ыстықкөлдің оңтүстік-шығысын басып, Мұзарт асуымен өтуді лайық көреді. Бұл жолдың ерекшелігі — керуеннің жүк көлігі мен малдарына көш жолы жайлы. Осындай жол жобасы қаралып жатқанда қырғыз Боранбай манаптың қайтыс болған қайғылы хабары Омбыға да, Верныйға да келіп жетті.

Аса бір жауапты да қиын жолға бет алғанда шекарадағы ең бір сенімді ру басының қаза болуы экспедиция адамдарына үлкен ой туғызды. Әсіресе Бұғы руының басты манабы өлуі, Сарыбағыстың аламан бұзықтарына үлкен жол береді. Олар Боранбаймен достасып, Бұғы қырғызымен қол жалғап, жол тартпақ керуенге қалай да кедергі жасайды. Осындай толқын үстінде отырғанда Семейден тығыз почта көңілсіз хабар алып келді. Боранбай манаптың өлгенін естіген Семей саудагерлері: «Сарыбағыс руы жолда тонап алады. Олардан бізді қорғайтын Бұғы руының басшысы өліп қалды. Біз қарап отырып қанталауға түспейміз», — деп дайындығын тоқтата бастаған.

Комиссия басқа жұмысты тоқтата тұрып, Гутковский Семейге тығыз почта атымен қайта жөнелді. Гутковский Семейге келіп, Аупаев Боқашпен сөйлесіп, анадағы саудагерлерді қайта жинап, жүруге әзер дегенде көндірді. Қапал, Верный бекінісінен керуеннің жолын қорғап отыратын жүздеген атты әскер жіберуге келісім істеді. Жолдарының қауіпсіздігі қамтамасыз етілген саудагерлер дайындығына кірісті. Гутковский Верный бекінісіне қайта жүрерде Аупаев Боқашты өзімен бірге ала жүрді. Өйткені керуен Жетісуға келгенше Боқаштың қатарында болуы өте қажет. Орта Азияның көп жерін аралап, ол жақтың сырын, жайын жақсы білетін Боқаш керуенді осы жерден аттандырып қайтатын болды.

Гутковский мен Боқаш келгенде, Шоқан Ақсу бекетіндегі Керей деген қазақтың ауылында еді. Алдарынан тосып алды. Шоқан мүлде іші пысып, зерігіп қалған-ды. Карл Казимировичті қуана қарсы алды. Кепті көрген, елдің жайы-күйі, сырына жетік Боқаш бір тамаша ойын ұсынды. «Осыдан жиырма жыл шамасы бұрын Қашғардан кішкене баласымен бір саудагер Семей арқылы Орал жағына барған болатын. Баласының аты Әлімбаев еді. Ол қашғарлық сол барған бетінен қайтып Қашғарға оралған жоқ. Менің естуімше, ол қашғарлық Саратовқа барып дүкен ашып тұрыпты. Сонан қайтыс болып, ана жас баласы қалған. Ол Қашқарияға баруға жолын да

білмейтін болар. Ал олардың Қашғарда жақын туыстары бар, олармен де хат-хабары кем шығар. Сондықтан Шоқан сұлтанның аты бүтіннен бастап Әлімбай болсын. Және ол жай бір керуенші яки саудагер болып бармасын, керуен басы болсын. Өйткені Қашғардағы туыстары Әлімбайдың азамат болып ер жетіп, керуен басы болып келгенін қатты қуаныш етеді. Онда жүріс-тұрысы қауіпсіз болады. Керек деген қаланы ондағы туыстары өздері ертіп аралатады» деп ұсыныс жасады. Боқаштың бұл ұсынысы Гутковскийге де Шоқанға да аса ұнады. Шоқан сол күні сонау Кадет корпусын бітірген жылдан бастап сылап-сипай, кербез бөліп, қайыра тарап қастерлейтін шашын ұстарамен қырғызды. Үстіндегі офицер киімін шешіп, Азия елінің ұзын шапан, шолақ жең камзолын киді. Аятына жылтыр қара мәсі мен кебіс киді. Сөйтіп Шоқан шығыс елінің саудагер байбатшасы болып шыта келді.

Аупаев Боқаштың айтуымен Мұсабай Тоқтыбайұлы барлық саудасаттық жұмысын басқаратын керуен басы, ал арнаулы уәкілдікке керуен басы — Шоқан. Сол сияқты тек, Аупаев пен Мұсабай, Шоқан, Гутковскийлердің арасына мәлім бір сыр — Шоқан — Әлімбай, Мұсабайдың жақын туысы. Өйткені бұлармен бірге баратын керуен адамдары Шоқанның кім екенін яки офицер екенін білмеуі керек. Осындай жан-жақты сақтықты қарастырып, Шоқан керуенді Қарамола бекетінде күтіп алды. Барлық жол жайын, Верный, Қапал бекіністерінен керуен жолын бақылап отыратын отряд әзір отырғанды.

Керуеннің құрамында отыздан аса қолғанат қызметкерлер, сегіз приказчик бар. Олар тек керуен басына бағынады. Керуеннің бас-аяғы жиналып, жүріске бет алуын күтіп жатқан Боқаш, барлық адамдардың басын қосып, жол ашар құрмалдығын сойғызып, бір бас, бір тас болып, не көрсе бәріне ортақ болуға бәрінен ант алды. Сонымен қатар ешбір адамға өздерінің жөн-жосығын, қалай ұйымдасқанын да айтпауға да анттасты. Шоқанды барлық керуен адамдарына айрықша тапсырып, жататын қосын ерекше жабдықтатып қолынан аттандырды. Жүз түйе, алпыс атпен, қашғарлықтарға өте қажетті деген асыл кездеме тиеп, керуен алыс жолға аттанады.

II

Оңтүстіктің тамылжыған ыстық шілдесі басталды. «Түні салқын, күні ыстық, суы салқын, сайы мүк» деп жырланатын Жетісудың Жоңғар сілемін бөктерлей, салқар-салқар көшін тартып, керуен мамырлап басып жол тартты. Көш Алтын Емел алқабына келіп, Шоқандар қосы қонғанда, өткен жылғы Ыстықкөлге дейін бірге барған Әбілез төре алдарынан шықты. Әрі аталас туысы, әрі жолы да, жасы да үлкен ағаны Шоқан құрмет етіп, өз шатырына түсіріп қонақ етті. Қос басы Мұсабай Шоқанмен бірге болып, Семейден алып шыққан тәтті, дәмді жемістерді төгіп сыйлады. Шоқандардың жүрісінен хабар алған Жалайыр руының төресі Жанғазы, өзінің көтермешілерімен келіп Шоқандарға сәлемдесті. Аласа бойлы, қарынсау Жанғазы Шоқанның шатырына кіріп отырар-отырмастан:

«Атам Әділ Абылайдан тараған,
Сол атама Абақ, Тарақ қараған.
Жалайырдай жалпақ жатқан ауылым
Қай қамалға қарсы қойсам жараған», —

деп жырлай бастап, өзін Шоқанмен таныстырды. «Шырағым, Шоқан, естуімде бастағаның ақ патшаның көші көрінеді. Әкелгенің мына жатқан Ұлы жүздің жалпақ еліне ұлы патшалықтың жақындық достығы көрінеді. Сол Ұлы жүздің бір қалың руы — Жалайыр, ол — біздің ауылымыз. Ауылымыздың денгейінен бірнеше рет өттің, бізді елеп ат басын бұрмадың. Жасың кіші болса да, жолың үлкен ғой, сыртыңнан естігенше дидарыңды көрейін деп келдім, — деп бір тоқтап, — Шырағым, Шоқан, сөкпе, Жалайырдың қойы көп, Жанғазының ойы көп. Мынау сауда-саттыққа алып шыққан көшінің бір шатырын біздің ауылға жібер. Мына Ташкент, Қоқаннан келетін саудагерлердің жолы бөгеліп, Жалайыр аулы жалаңаш отыр. Соларға саудалат, — деп тоқтады.

Сайрай кірген тере атасының сөзін әбден тыңдап болып, Шоқан сауда жайының билігі керуен басы Мұсабай мырзада екенін айтты, Мұсабай да қазақтың әдет-ғұрпына жүйрік әдетімен:

— Жанғазы төре, біздің қос Қытай патшалығының келісімімен мына кездемені Алтышәрте арнап алып шыққан еді. Онда жолда жырымдасақ, екі мемлекеттің келісіміне қайшы болады. Біз сіздің еліңізге амандық болса, алдымыздағы көктемде арнайы сауда керуенін келтіреміз. Оған дейін бізге рұқсат етіңіз, — деп аса сыпайы тілмен жеткізді.

Керуен Алтын Емелде екі күндей болып, Тезек аулынан, Әбілезден бірнеше жол білетін адамнан басшы алып, ілгері тартты. Алдын ала жіберілген даяшылар ұйымдастырған Албан-Суанның, ұйғыр ағайындардың қайық тілін білетін адамдары алдарынан әзір болды. Солар дайындаған жел қайықпен аттарды, түйелерді шұбырта жетектеп, Іледен екі күн дегенде зорға өтіп болды. Керуен Іледен өтіп, Алатаудың оңтүстік саласын бойлай отырып Қарқара жайлауына, Кеген төріне келіп қонды. Сонау Семейден ұзақ жол жүріп, арықтап-шалдығып келген көліктерін жайлауда біраз күн тынықтырып және қырғыздың Бұғы руына барып қайтуға қосшы алып Шоқан жүріп кетті.

Шоқан өзінің досы тұтқан манабы дүниеден қайтқанда осы маңда еді. Естісімен орнына барып қазақша қайғы бөліскен болатын. Бұл жолы Омбыдан генерал-губернатор Гасфорттың Боранбайға арнайы жіберген сыйлығын әкеліп тапсырды. Бұғының ру басы манаптары Шоқанды және аға манапқа генерал-губернатордың сыйлық жіберіп құрмет көрсеткенін ерекше бағалады.

Шоқан Боранбай ауылына барғанда осы Бұғы елінің ішіне келіп, сауда істеп жатқан бір-екі қос қашғарлық саудагерге кездесіп, олармен танысты. Және Қоқан, Хиуа шекарасының жайын, Қашғар қатынасын барлап біраз құпия зерттеу жүргізді.

Шоқанның алып қайтқан бір жаңалығы — Қытай үкіметі Алтышәрге, Азия елдерінің қай қаласынан келіп сауда істеймін деушілерге бөгет

болмасын деп жарлық шығарыпты. Осыны алысымен керуен Ыстықкөл алқабына жетуге, тезірек Қашғарияға асуға асықты. Қытай үкіметінің жоғарыдағы кеңшілігін алысымен Қоқан басшылары Алтышәрге өтетін керуеннен алым алып отыруды ұйымдастырған. Сол үшін Қашғарға өтетін керуенді тек Ферғана жазығымен бір-ақ жолмен еткізетін болған.

Шоқандардың көші Ыстықкөл алқабына келісімен анадағы Шоқан жолығып, сөз байласып қайтқан Қашғар саудагерлерін тауып алды. Ұл қашғарлықтар қырғыз елінен мал жиған саудагерлер екен. Олар Шоқандардың көшімен ез малдарын қатарластыра көшіріп бірге жүретін болды. Өйткені қырғыздардың жол тосып, керуен тонап отыратын қарақшыларынан қорықты.

Екі жылдан бері келіп офицер шенімен елін ойлы-қырлы аралаған Шоқанды қырғыз адамдары танып қалуы да мүмкін. Егер олардың бір қара жүрегі танып қалып, мына қашғарлықтарға сыбыр етсе, Шоқан өмірі қатерге ұшырайды. Осындай сақтық оймен Шоқан Ыстықкөл алқабына келісімен «сырқатпын» деп өзінің үйінен шықпай жатып алды.

Керуен үздіксіз көшіп Заукен шатқалына келіп, Алатаудың Алтышәрге қарап асар асуына ерлеуге бет алды. Шоқан осы жерден өздерін қорғай ере шыққан казак-орыс тобын кері қайтарды. Өйткені ана кезеңнен казак-орыстың төбесін көрсе-ақ, жол күзетшілері Қашғарға да, Қоқанға да қолма-қол хабарлап шу көтереді.

Енді ол танымаған ел, табаны тимеген жат жерге жеке-дара қадам басты.

Заукен шатқалынан өрлеп, Алатаудың ең бір биікте қиын кезеңіне көтерілді. Әлі қары бекіп, қапсағайы бітелмесе де, Үстірттің түтегі адамды да, көлікті де тұншықтыра бастады. Теңіз деңгейінен бірнеше шақырым биіктіктің сиреген ауасы өкпені өшіріп, діңкені ұйлықтыра түседі.

Асудың арғы белесіне шығар белдеуге келіп керуен қос тікті. Осы жерге түйенің жүгін түсіріп, қосты көтеріп ыстық ішуге кіріскенде, керуенге бір топ ұры келіп аттарды ала жөнелді. Керуеннің байлаудағы аттарға мінген жігіттері мылтық атып, жауға жете араласып үлкен төбелес болды. Бірнеше ұры қолға түсті. Оның ішінде қырғыздың атақты қарақшысы Би Жанеттің інісі бар. «Бізден қателік болды, қашғарлық деп ойлап қалып едік. Сіздерге ешбір тиеміз деген ниетіміз жоқ» деп ант-су ішті. Бұлармен ұстасып, Жанеттің інісін байлап алып жүргенде қайда апарады? Мына сияқты байлағанда бау кесетін қашқындарды бағып отыру о да бір қиын жағдай. О сыны ойлап Шоқан мен Мұсабай қарақшылардан ант алып босатты. Керуен осы белдеудің жазық, жайлауында бір-екі күн көлік тынықтырып еруледі.

Асуға таяп тағы бір көшіп қонды. Алдыңғы жол тосар қарақшының шабуылынан сезіктеніп сақтанып қалған керуен, мылтығынан оқ алмай, аттарын арқанмен ұстап сақ күзет қойып отырды. Жүзге тарта қол тағы да келіп шабуыл жасады. Бірақ сақ отырған керуен жаппай мылтық атып, қарақшыларды жолатпады.

Мылтықтан жүректері шайлыққан болса керек, қарақшылар қайталап шабуыл жасай алмады. Керуен Алатау асқарының асуынан асып, Шығыс

Түркістан жазығына бет алды. Еңіске қарай жылжыған көштің алдынан оза жүріп, Шоқан бір қырқаға шықты. Ол артында аспанмен тілдесіп қалып бара жатқан ақ бас Алатауды тамашалай қарады. Алдында шексіз көсілген жазыққа көз жүгіртті. «Петр Петрович Семенов-Тянышанский аса алмаған асқарлы асу артымда қалды. Неміс ғалымдары: Гумбольдт, Риттерлер аяғын баса алмаған Шығыс Түркістанның Алтышәрі мынау. Бұрын ғылым адамы аяғын баспаған ақ тақта алыс аймақ, сәтті сағатқа алқабыңды аш! Әуестігім — жаратылысың, халқың мен қасиетті шежіренді сайра, перденді аш!» — деп ойға батып біраз тұрды.

III

Мұсабай мен Шоқан сақтық етіп, Қашғардың ақсақалына шапқыншы жіберіп, қырғыз жол тосарларынан қорғайтын қарауыл көмек сұраған. Керуен Алатаудың етегіне түсіп, Қашғар жазығына жеткенде, алдарынан сұраған қорғау тобы келіп жетті. Олар Қашғар ақсақалының хатын, достық белгісіне жіберген Мұсабай, Шоқан және приказчиктерге сыйлық шапандарын әкеліп жапты. Және Уәлихан қожаның қаныпезер тобы қолға түсіп, өзі қашып кеткенін, Қытай үкіметінің Қашғарға тыныштық орнатқанын айтып, жақсы хабар жеткізді. Керуеннің өте қауіптеніп келе жатқан бір қорқынышы сол Уәлихан қожаның бұзық тобы еді. Ол жағының тынышталғаны керуен басыларды ерекше көңілдендірді.

Келесі күні керуен Қытай елінің шекарадағы шағын бекінісіне келді. Балшық дуалмен қоршалған шатын бекіністің төрт бұрышында төрт қарауыл мұнарашық бар. Бұл ауыз үлкен қақпа арқылы ғана тексеріп өткізеді.

Бекініс бастығы Қытай офицері орнында болмай, керуен бекін қасында түнеп қалды. Бұл күнгі түн Шоқан үшін сондай ұзақ болды. Өйткені алда баратын шәрі — бүкіл еуропаның ғашық болып жете алмаған Қашғар шәрі. Шығыс Түркістанның бай тахыты. Ал көретін қауымы — Азияның көне мәдениетінің жиынтығы сақталған тарих қоймасы тәрізді. Оның үстіне күні кеше дүрбелеңге ұшырап, бірігіп отырған жұрт. Осындай ойлар кешіп дұрыстап көз іле алмады. Шоқан жол дәптеріне — «Шығыс Түркістан шекарасына жеттік, 27 қыркүйек 1858 жыл» деп жазып қойды.

Күн көтеріле керуен қауымы оянып, тіршілігіне кірісе бастағанда, бекіннен хабаршы да келді. «қытай офицері келді, керуен басыны шақырады» деп хабарлады. Мұсабай мен Шоқан тәртіппен келіп бекін бастығы офицермен танысты. Жол қағаз, екі елдің келісім хатын көрсетті. Бас киімінің шекесіне алтындаған домалақ түйме қадаған қытай чиновнигі салмақты, баяу ызбармен қабылдап, қағазбен танысып, Мұсабай ұсынған сыйлықты алып, қорғанға кіруге рұқсат етті.

Рұқсат болысымен, асығып отырған керуен бекін қақпасынан ағыла, Қытай мемлекетінің ішіне кіре берді. Алдындағы Қашғардың ынтықтырған көне қаласына Шоқан асыға жүріп келеді. Бұл жақтың адамдарының тәртібінен Шоқан бейтаныс. Ол жатынан Шоқанның сенетіні — Мұсабай көпес.

Қашғар қаласына таянған жерде алдан бір топ қару-жарақты әскерімен қытай төресі, Қашғар бегі шықты. Олар келіп танысып, Мұсабай, Шоқан тағы басқаларының бас белгі қағаздарын тексеріп, ерекше сақтық етті. Қаланың ішінде де әскери сақтық тәртібі орнай қалған. Шекарадан жайбарақат өтіп, еркіндей бет алған керуен адамдары алдарынан мына сияқты тексеру шыққанына абыржыңқырап қалды. Бірақ ол тексерудің неден шыққанын тексеруден күдіксіз өтіп, қалаға кірген соң білді. Алғашқы бекіннен өткенде Мұсабай тілмашқа сыйлық беруді ұмытып кетіпті. Бастығына сыйлық беріп, өзін елемеген Россия мырзаларына өкпелеген тілмаш Қашғарияға құпия хат жазыпты. «Мына Россия керуенінің ішінде татар бар, өздері қару-жарақты. Бұлар ұрланып кіріп бүлік көтеруге келген болуы керек, сақтанбаса болмайды», — деп. Сондықтан да қала ішіне әскери тәртіп қойылып, қадағалай тексеру осыдан болыпты. Бірақ тексеруде татар адамын және қару-жарақ таппаған Қытай, Қашғар адамдары керуенге бейбітшілік тәртіппен кіруге рұқсат етті.

Қалаға кірместен бұрын Мұсабай қасына өзімен бұрын да осы қалада болған жолдасын ертіп, Насреддин ақсақалға барып сәлем берді. Бұрыннан таныс қала ақсақалы Мұсабайды өте сенімді ықыласпен қарсы алды. Анау тілмаштың өсегімен үрпиісіп қалған қала халқының сезігін мүлде жадыратып, керуеннің алаңсыз орналасуына басшылық етті. Насреддин ақсақал Мұсабайға қайтарында өзінің зекетшісін қосыпты. Шарифат бойынша Мұсабай өздерінің сауда қазынасынан мешіт пайдасына зекетін беріп қайтарды. Зекетші кетісімен, Қашғар қаласының бастығынан арнаулы тексеруші чиновниктері келді.

Ол да өзінің тәртібімен тексеріп, сезікті еш нәрсе таппай қалаға қайтты.

Барлық тексеруден өтіп, керуен малдарын, көліктерін жайылымға қала сыртына қалдырып, саудалық жүктерін алып қалаға кірді. Қашғардың шаңы көпіріп жатқан тар көшесімен, Тумень өзеніне салынған ағаш көпірден өтіп қаланың ортасына тартты. Мұсабаймен қатарласа Шоқан керуен алдынан қаланы тамашалай жүріп отырды.

— Шоқан сұлтан, енді мына қалада сайран саламыз. Шарап ішеміз, қыздардың биін көреміз, ән тындаймыз, — деп сабырлы, діндар Мұсабай мүлде желіге сөйледі. Мұсылман дінінің ұйып тұрған орталығында мына сияқты дін жолына қайшы нәрселерді істейміз деп, Мұсабайдың желіге сөйлегеніне Шоқан таңданып:

— Мүсеке, бүгін шығыс пірәдәрларына келіспейтін айдағы бір шарап, ойын-күлкіні ауызға алдыңыз, әлде ана бір қалада тұрып сондай көңіл көтеріс жайлар да болды ғой, деп мені әзілдеп келесіз бе?—деп жымиды.

— Жоқ, Шоқан сұлтан, мен сізді ажуалап айтқаным жоқ. Қашғарияда ғиш-ғишраттың бәріне жол ашық. Оның тамашасын аман болсаң ертең-ақ көрсетем, — деп қарқылдай күлді. Шоқандар жүріп келе жатқан ұзын көшенің екі жатында қатарластыра қадаған биік сырық қадалар тұр. Олардың жоғарғы жағына тор көз жәшіктер ілініп қойылған. Әрбір жәшікте адам басы.

— Мүсеке, мына қадалар, мына тор көз жәшіктер, онда тұрған адам басы неге ілініп қойылған? — деп Шоқан таңдана сұрады.

Бұл анада өзіміз естіген Уәлихан қожаның нөкерлерінің басы. Олардың қолға түскенінің басын кесіп әдейі мына жол бойына ілген ғой, көрген елдің жүрегін шайлықтыруға, — деп Мұсабай басын шайқап, сұры қашып, өзінше әлденені күбірлеп өтті. Шоқанда үн жоқ.

Сырттан келген керуенді әдейі осы көшемен жүргізеді екен. Бұл көшені «ажал дарасы» дейді екен. Шоқандар да осы көшемен жүріп қонақ сарайға жетті. Оларды «Әндіжан» деп атайтын қонақжайға түсірді.

Насреддин ақсақал өзінің сенімді адамдарын жіберіп, Мұсабай, Шоқандардың түскен қонақжайларын қарастырып, құрмет көрсетті. Қонақ үйге орнығып бірер күн дем алғаннан кейін, Қытай ұлықтарының Қашғариядағы ең үлкені Доргабек керуен басшыларын өзіне шақыртып алды. Тілмаш арқылы сөйлескен Қытай ұлығы бұлардан жүріп келген жолы, алып келген сауда-саттық жабдығы, қанша адам, олар кімдер — бәрін қайталап тексере сұрады. Қытай ұлықтарының мына сияқты бірінің артынан бірі сұрау, тексеруінен сезіктене үйлеріне келді. Келесі күні Қытайдың тағы бір ұлығы шақырып танысты. Бұл ете бір байсалды, есті адам екен. Онымен қатар қашғарлық Хакімбек те қайталап тексерді. Аяғында Қытай ұлығы өз тілінде: «Бұлар орыстар емес, татар да емес, нағыз әндіжандықтар ғой. Енді мазалау керек емес, еркін саудаларын істей берсін», — деді. Мұсабай, Шоқандар сонда еркін дем алып, күдіктерінен жеңілденді. Осы уақытқа дейінгі тексерудің бәрі олардың із-өкшесіне түсіп андушы өсекші барын аңғартты.

IV

Екі-үш күндей мазалаған тексеру тоқталып, Шоқан қаланың ішін аралап, Шығыс Түркістанның мәдениет орталығы болған шәрдің сән-салтанатымен таныса бастады. Мұсабай да, Шоқан да дүкен ашып сауда жүргізді. Керек-жарақ ала келіп әңгіме шертетін адамдар да кездесіп, Шоқан олардан халықтың тұрмысы, шаруасы, кене тарихы сияқты жайларды да сұрастыра отырды.

Бұхара, Хиуа шаһарларындағы мұсылмандықтың қатал қалыптасқан қысымы бұл шаһарда жоқ екен. Мысалы, Бухара, Хиуадағы азан айтылғаннан кейін көшедегі адамдарды мешітке полициялардың қамшымен айдап апарып намазға ұйытуы мұнда мүлде жоқ. Әйелдер пәрәнжа жамылмай-ақ жүреді екен. Бұхара, Хиуадағы мұсылман молдалары көшеде қасына жендет ертіп жүріп, көрінген адамды ұстап, құран аятын оқытып, дұрыс оқи алмаса дүре соғу сияқты зомбылық та жоқ. Алыстан естілгенде мұсылман дінінің ең бір мықты жері деген Қашғария дін басылары мұсылмандықпен қатар адамдық тәртіп, мәдениет ұшқынынан хабардар екен.

Қашғарияда неке жатынан да көп кеңшілік бар екен. Мысалы, некелі адамдар бірі мен бірі бірге өмір сүруге көңілсіз болса, ерікті түрде айрылысып, басқа адаммен некелі болуға ерікті екен. Сондықтан да бұл шаһарда көп әйелділік жоқ екен. Осындай адам еркіне аз да болса кеңшілік бары Шоқанға, мына Бухара, Хиуа діндарларының тәртібіне қарағанда

әлдеқайда оңды болып көрінді. Осы сияқты өзі анықтаған жайларды күнделік дәптеріне жазып, еңбек ескертуін толықтыра берді.

Қашғариядағы айнымас бір тәртіп, шеттен келген әрбір адам уақытша үйленуге міндетті. Ондай үйлену бұл қалада тәртіпке қойылған. Қаланың бір бөлімінде сондай уақытша әйелдікке арналған жас қыз-келіншектер тобы тұрады екен. Бір-екі күн өтіп, сауда-саттықты жолға қойып алған Мұсабай: — Шоқан сұлтан, біз енді үйленуге баруымыз керек. Әйтпесе бұл қалада тұруға болмайды, — деді. Мұсабайдың, сөзін әзіл ме дегендей Шоқан нанарын да, нанбасын да білмей, аңыра бетіне қарап жымиды.

— Әлімбай мырза, мен қалжыңдап тұрғаным жоқ, — деді Мұсабай Шоқанның қосалқы атын атап. — Бұл шаһарда шеттен келген адам үйленіп қана тура алады. Егер ол тәртіпті мойындамаса, жазалайды, — деп Мұсабай өзінің шын айтып тұрғанын түсіндірді. Мұсабай сөзінің шын екеніне көзі жеткен Шоқан:

— Ол жағын, Мүсеке, өзіңіз билеңіз, тәртіп бұзып талқанымыз шықпасын, — деп күлді.

— Онда біз қазір сол арнаулы жерге барамыз, — деп Мұсабай өзі бастап жүрді. Өзіне бағына артына ерген Шоқанға ой жүгірте қарап Мұсабай толғанып та келеді. «Еуропаның мәдениетінде тәрбиеленіп білім алған жас досы мына тәртіпке шоши қарап келе жатқан тәрізді. Бірақ міндетіне алып шыққан мақсаты, осы бір тың жұмбақ болып жатқан өлкенің сырын ашып, сипатын түю. Оны анау өзіне сеніп жіберіп отырған үкіметіне жеткізу. Сол үшін еріксіз мойындап келеді», — деп бір түйді.

Олар қаланың шәукендер тұратын бөліміне жетіп, қыз-келіншектер тұратын үйге келді. Үлде мем бұлдеге бөленген, қасы, кірпігін, көзін сүрмелеп тастаған қиғаш қас қыздар алдарынан есік ашты. Пәрәнжі жамылмаған, ешбір қысылып-қымтырылмай, өздеріне келген жігіттерді сүйкімді кейіпте қарсы алды. Шоқан олардың ешқайсымен сөйлесіп, бой көрсеткен жоқ. Тек, Мұсабайдың ұйғаруымен сүйкімді он сегіз жасар бір қызбен тәуелді болды.

— Әлімбай мырза, именіп бой сақтаудың енді керегі жоқ. Сіздің үйдегі келін осы, енді үйірлесіңіз, ерлі-зайыпты адамдарсыз, — деп Мұсабай Шоқан мен оның шәукенін құттықтады. Мұсылман тәртібі шарифат шартымен неке оқылды. Ертеңіне Шоқанның тұңғыш үйлену тойы болды. Ол тойға Мұсабай хабарлап, Шоқанның яки Әлімбайдың Қашғардағы туыстарын шақырды. Олар «өліп тірілген, жоғалып табылған» туыстарын қызықтап, қымбатты байғазы әкеліп, тойын жақсылап өткізісті. Шоқан — Әлімбайдың бұл тойдан алған үлкен әсері Шығыс Түркістанның өзіне тән мың бұралып, жүз құйқылжып орындаған қыздардың биі. Әлденеше түрлі аспаптардың үнінен сызылып төгілген ән саздары. Той үстінде масайып заман жайын, көңіл күйін айтқан үндерге де Шоқан ерекше құлақ асты.

Той тарап, Шоқан — Әлімбай өзінің шәукенімен оңаша әңгімелесті. Біріне бірі өмір жолындағы бастарынан кешкен жайларды сөз етіп, сыр тартып бой бағысты. Шоқанның топшылауынша, оған кездескен шәукен сондай бір тәрбиелі үйде туып, тәртіпті өскен жан екен. Кейінгі уақытта әке,

шеше бірдей өліп, жан ашыр жақыны болмай, осы халге душар болыпты. Әйел осы мұңын Шоқанға үлкен арманмен айтты. Бірнеше күн бірге өмір сүріп сыралғы болғандай уақытша жары шәукен қыздан кейінгі әңгімелерді сұрап ұғынды.

Мұсабай көпестің тобы алып келген сауда жабдығын он екі дүкенге салып, сауда жүргізді. Бұлардың алып келген заттары өте өтімді болды. Аз күннің ішінде-ақ нәрселерінің көбі өтіп кетті. Бірақ сонау Семейден осы жерге дейін жүк артып жол жүріп келген көліктерін екі-үш айдай далада бағып қондандырмаса, қайта жүріске жарамайды. Сондықтан, Мұсабай көпестің, Әлімбайдың топтары Алтышәрдің бір кезде пайтахты (орталығы) болған Жаркент қаласына барып керіп, онда да аздап сауда істеп танысулары керек болды.

Әкелген сауда мүліктерінен қолдарында көбірек қалғаны сапийан етік екен. Бұл етікті өте жұмсақ былғарыдан әшекейлеп тігілетіндіктен шығыс әйелдері сәнге киеді. Сондықтан оның бағасы көтеріңкі еді. Содан қалғанын алып, бұхаралық Мұхсин Сағытов деген саудагерді басшыға алып сол Жаркентке жүрді. Әсіресе Шоқан Жаңа-Ғисар, Ертеңгі алқаптарын басып, Құмшайданның құмайт жалығынан өтіп Жәркент шаһарына жүрген жолының табиғатын, өсімдігін, географиялық жағдайын қағазға түсірумен шұғылданды. Құмшайдан Жәркент өзенінің бір алқабындағы шағын құм жазық екен. Оның маржандай қиыршық құмы күздің шаңытқан шағырмақ күні ыстық аспаннан желсіз қырда тамылжиды. Осы бір күн қызуын Шоқан айрықша ынтыға жазды. Содан жүріп Жаркент дариясының бір үлкен алдағы атақты Такламакан құмына келді. Бұл — Шығыс Түркістан жеріндегі атақты құм. Ұйғыр халқының басынан кешкен сан ғасырдағы уақиғалардың куәсі болған құм. Ұйғыр елінің осы құмда болған бір ғажайып соғысы жайында Әбубәкір молданың кітабынан оқығаны да барды.

Шоқан Такламакан тұсына келгенде осы бір оқыған кітабын, сонау бір кітап құмар балалық шағын есіне алды.

Алаңсыз шығыс құмдары мен даласын қызыға аралап жүріп келе жатқан Шоқанды Қашғариядан Мұсабай жіберген шабарман қуып жетті. Мұсабайдың жазған хатында: «Шоқан — Әлімбай, тез Қашғарға қайт. Қоқанда Хұдаяр ханның інісі Малыбек көтеріліс жасап, Хұдаярды орнынан алып, өзі хан болыпты. Ал анада Қашғариядан қашып шыққан Уәлихан қожа аласапыранды пайдаланып, бандыларымен тағы да осы жаққа аттаныпты. Алтышәр атырабы қауіпте. Сондықтан тез қайт» депті.

Шоқан Мұсабайдың хатын алысымен құмартқан Жәркент жеріне жете алмай, амалсыз Қашғарияға қайта оралды.

Шоқан аттанған аз күннің ішінде Қашғарияда бірнеше елеулі уақиғалар болғанды. Оның ішіндегі ең елеулісі — Шоқандарды Қашғарияға келгенде аса жақсы ықыласпен қарсы алған Насреддин ақсақалды балаларымен Малыбек хан тұтқындатып, оның орнына жаңа ақсақал Нұрмағамбетті жіберіпті. Бұл ақсақал жайынан Мұсабай айрықша еш нәрсе жазбаған. Тек, ақсақал өзгерісі, кейбір тәртіптер өзгерісі болғанын айтқан. Жаңа бастық, жаңа тәртіп дегендей, тағы да тексеру, тағы да аңдуыл, өсек-өтірік өрістей ме

деп, Шоқан сан алуан қауіпті ойлана қалаға кірді. Жаңа келген ақсақал танысу үшін шетелден келген адамдарды шақырып, айрықша мәжілістесті. Нұрмағамбет Шоқан қауіптенгендей зәрлі адам емес екен. Танысып пікір алысқан соң, үйірлене түсті. Әсіресе мәжілістесіп көтеру жағына да жақсы қарайды екен. Ол жағы да оңынан келгендей болды. Нұрмағамбет ақсақалдың Семей көпестеріне ықыласты қарап, қонаққа жиі шақырып мәжілістес болуы Қашғардың басқа ұлықтарына да сенімді арттыра түсті.

Қашғарияның қалың қарлы бораны болмаса да, қар жауатын қалыптасқан қысы басталды. Кәдуілгідей қар түсіп, Шоқанның бала күнінен үйренген Сібір қысының салқыны бойын шымырлатып, денесін ширатты. Қашғариядағы бір әдет қар көріне пәңгі маусымы басталады екен. Бұл өздерінше еркіндік мерзімі екен. Жер емшегін еміп, бақ өсіріп, егін шығарып, күріш, жүгері даласын жаздай бағып қалаға оралған қашғарлықтар, сауық думанын бастайды екен. Олар наша тартып, мастанып, көшеде қосылып ән салып, би билеп, сайрандайды екен.

Бір қиын жері шаһар үйлері қыс суығына арналмаған ашық-тесік, наша тартқан, апиын жеген уланған адамдар қар үстінде қылжиып мұздап, көптеген күйзеушілікке ұшырайды. Осы сияқты қала салтын, ішкі-сыртқы тәртіптерін Шоқан қадағалай жазып жинастыра берді. «Шығыс елінің осы наша тартып есіруі, оны ғиш деп мадақтап, апиын жеп бас көтермей мас болуы барып тұрған қасіретті» деп ойлады Шоқан. Сонымен қатар Қашғар халқының өте-мөте ауыр халі, еселеген алым-салық: біресе Қытай чиновниктері алым жинайды, оған қоса ақсақалдар салығы, зекет-тұшыр салығы, Қоқан хандықтарының арнаулы салығы, еңбекші бұқарасына дем алғызбайды екен. Етер Қашғар еңбекшілері, диқандары, халқы болып өздерінің өндірістік табысын халық пайдасына бір беткей жұмсап, бір ғана мемлекетке бағынып тәртіпті болып отырса, нағыз бай өлке болар еді» деп бір ойын толғады.

Шоқан Семенов-Тяншанский досынан естіген атақты Гумбольт талымның шәкірті Адольф Шлагинтвейттің тағдырын білуге іздестіру салды. Бірақ жете анықтарлық жайды аша алмады. Шығыс Түркістанның дүниежүзі ғалымдарына жұмбақ болған жайттың бір құпиясы осы Шлагинтвейттің тағдыры болатын. Осыны ашуды ең бір үлкен мақсаты еткен Шоқан бір күні кешке өзінің шәукенімен әңгімелесе отырып, сол туралы сөз қозғады.

— Әлімбай мырза, оны сіз анадан бері менен неге сұрамадыңыз. Ол кісінің қалай ұсталғанын, қандай жазаға ұшырағанын мен, өз көзіммен көргенмін, — деп әңгімесін бастады. — Өткен жылы жаз айында (онда Қашғарда Уәлихан қожа әмір жүргізіп тұрған болатын) бір күні жендеттер көшеден ақ шашты, ұзын бойлы, ақ сары шет жерлік адамды алып жүрді. Өлгі шетелдік адамның қолы артына байлаулы, шапанының етегі екі жағына жайыла адымдай басып жүріп бара жатты. Қала халқы шетелдік адамның өлім дарасына кетіп бара жатқанына таңдана қарасып қалды. Жендеттер оны қаланың қақпасынан шығарып алып кетті. Онан кейін оны ешкім көрген жоқ. — Шоқан өзінің шәукенінен мына сияқты хабарды естіген соң, Шлагинтвейттің күнделік

дәптерін табуға кірісті. Бірақ күнделікті таба алмады. Сұрастыра жүріп Шлагинтвейттің жазаға ұшырап жоқ болуының түйінін іздестірді.

Шлагинтвейт атақты неміс ғалымы, жиһангез, географ Гумбольдттің таңдаулы шәкірті болған. Гумбольдттің Петербургта Петр Петрович Семеновқа: «Мен Азияның анау асқар биігін, аспанмен тілдескен Алатауының қырқасындағы жанар тауының ертеңнен шыққан томарларын көрмей өлмеймін» дегенде сенгені осы шәкірті Шлагинтвейттің аттанған сапары еді. «Осы ғалымдардың аузында аңыз болған Шығыс Түркістанның Алтышәріне Алатаудың асқарынан асып келдім. Ал менің алдымда қатерге басын байлап келген өзіммен әріптес ғалымның тағдырын қалай анықтамай аттанам», — деп Шоқан бар ынта-жігерін сала іздестірді. Ақырында ол уақиғаның барлық егжей-тегжейін тапты. Уәлихан қожа аз күн әмір жүргізіп тұрғанда, қала халқының көрген ғаламаттарының ішіндегі елеулісінің бірі осы неміс ғалымының тағдыры болған. Оны әңгімелеп айтар бір адамға тап болған Шоқан: үлкен сияпат жасап қонақ ете отырып, бажайлай ұғынды. Шлагинтвейт Бұхараға келіп, ағылшын елшілігінде болып, солардың жәрдемімен осы Алтышәрге жолдама рұқсат алады. Ол жолдамада Шлагинтвейт ағылшын ғалымы болып жазылады. Сол Бұхарада Шығыс Түркістандағы Алтышәрдің қаласымен, халқымен таныс саудагер Нәменбай деген ұйғыр саудагерін басшы етіп серіктеседі. Сол Нәменбайдың басшылығымен Алтышәрдің орталығы Қашғарияға келіп, шетелден келетіндердің тәртібімен орналасады. Бұл кезде Қоқаннан ұрланып аттанған ғазауатшы Уәлихан қожа Қашғарияға ұрланып кіріп, қала билігін қолына алады.

Уәлихан қожаға сыйлық апарып және танысып, жөнін айтып, ғылыми жұмысына кірісуге Шлагинтвейт Нәменбайға — «қожаға сыйлық етуге Индияның алтын арқау ақ жібегі кашимир-жібек шәлісін тауып бер» дейді. Нәменбай Шлагинтвейт тапсырмасын орындағанша, Қытай патшалығының әскері келіп, Қашғар қаласын қамап алады. Қамауда қалған Уәлихан қожа шеттен келген сезікті қонақты шақырып алады. Оның себебі, мына сияқты жиһангез оқымысты адам соғыс әдісіне жүйрік болуы мүмкін. Егер бұл ана сырттан қамаған Қытай әскерімен тілдесіп қалса өзі дінсіз қауымның адамы сол жаққа кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан, мұның қолындағы барлық жол қағаздарын алу керек деп ұйғарады.

Нашаға улап көзі бұлдырап отырған Уәлихан қожа Шлагинтвейттен «Қоқан хандығына арнап жазылған барлық бойындағы қағазды бер» деп сұрайды. Шлагинтвейт бойындағы жолдама қағаздарын беруден бас тартады. Өзі масайып отырған Уәлихан бағынбаған шетелдіктің басын алуға бұйырады. Өзі мас, өзі жау қамауында қанына қарайып отырған қожадан еш нәрсе шықпас деп, рақым сұрамайды. Қайсар да, қара жүрек қожа қаһарына қапыда ұшыраған Шлагинтвейт сонау Шоқан Қашғар шаһарына кірердегі жол бойындағы қадаларға ілінген бастардың бірі болып қаза табады.

Шлагинтвейттің басынан кешкен уақиғаны тұңғыш анықтаған да, қайғыра жаны аши күнделігіне бірінші рет жазған да Шоқан болды. Шлагинтвейттің халін есту Шоқанның өзіне де аз толғаныс болған жоқ. Егер

Қоқанның жаңа ханы Уәлиханға жәрдем етіп жетегіне жүрсе, ол мына Қашғар еліне тағы қантөгіс жасап ойран салуы ғажап емес. Сондықтан — «басың сауда елінді тап, аяғың сауда жерінді тап» деген қазақ халқының мақалын есіне алып:

— Мұсабай мырза, қайтуды ойлансақ, — деп Шоқан өз пікірін айтты. Өзі де қайтуды есіне алып, жан-жақты жол жайын қарастырып жүрген Мұсабай: — Әлімбай мырза, мен қайтуды ойламай жүргенім жоқ. Біз қазір қозғалсақ, онда Қоқанды басып жүреміз. Ол біз үшін, сіз үшін өте қауіпті. Ал мына өзіміз келген жолдың асуларын әлі қар басып жатыр. Сондықтан біраз күнге сабыр етелік, — деп өз ойын түсіндірді.

Шоқан Қашғар қаласынан көптеген көне қолжазба кітаптар сатып алды. Сол сияқты шығыс елінің алтын, күмістен нақыстап жасаған асыл бұйымдарын, піл сүйегі, бамбук, асыл тастан, асыл шыныдан жасалған ойыншық ғажайыптарды балаша жинастырды. Әсіресе Қытай, Индия шеберлерінің қолдан жасаған кейіп, алуан жәндіктер түріндегі мүсіндер. Суретшілердің жаратылыс бейнелерін түсірген суреттерінің аса қызықтыларын тауып алды. Осы сияқты мүліктерге қоса өзінің бірнеше ай бойы түнде май шам сәулесімен отырып, құмарта жазған ғылыми да әсерлі күнделігін жол жәшіктеріне елеусіздеу етіп салып, жаппаларын мықтап бекітіп қойды.

Шығыс Түркістанда көктем басталып, қар еріп, арықтарда сарқырап су аға бастады. Қашғар айналасындағы өзен көлшіктерде жыл құсы жылжып, үйрек, қаз тізбегі андыздады. Осы бір жол бойының қар басқан асу алқаптарының босауын көптен күткен Мұсабай, Әлімбай керуені де жолға шықты. Әлденеше ай мекен етіп тұрып қалған жаңа ұядан Әлімбай — Шоқан да сыйлас болған дос-жарларымен қош айтысты. Ол өзінің күнделігіне «7 наурыз, 1859 жыл» деп жазып қойды.

Шоқандардың Қашғарияға алып барған мүліктерін бара жатқанда неше рет жолын тосып, еркінше тиіп ала алмаған қырғыз қарақшылары қайтар жолын да тосты. Олар бұл керуеннің көп пұлмен барып, Россия кездемелерін саудалап, енді Қытай, Индия шеберлерінің қолынан шыққан асыл бұйымды тиіп қайтқан хабарын жансыздар, арқылы біліп те отырған болса керек. Ыстықкөл тұсына келгенде қырғыздың Төрегелді деген ру басы батыры Мұсабай керуенінің алдынан кісі жіберіп қонаққа шақырды. Соқпай өтер басқа жол жоқ, Шоқандар Төрегелді ауылына келіп түсті. Бірақ өздерінің шатырларын тігіп, көлігіне өріс, өздеріне демалыс етер қонысқа тоқтады. Төрегелді өзінің жасақты қарақшыларымен келіп, қонақасы деп бір-екі қой әкелгізіп беріп, сыйлық күтті.

«Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, Төрегелді бастаған қарақшыларға Мұсабай орта қолды сыйлық ұсынды. Бай керуеннің Қашғариядан алып қайтқан асыл мүлкіне құмартқан озбыр қарақшы Төрегелді Мұсабайдың ұсынған сыйлығын сапысымен езіне серпіп тастады.

-Немене, мені ит жауырын сарт шапанымен алдап көз боямақсың ба? Орыстың мына офицерін жасырын апарып не істеп келесің. Оны біз

танымайды дейсің бе? — деп әңгімені Шоқаннан бастады. Шоқан өткен жылы Ыстықкөлде болғанда керген қырғыздың бір қуы танып қалған екен, мөлдірете бәрін айтып мойын бүрғыздады.

— Егер сыйлықты аясаң, мына қашқын орыс офицерін Қоқанға ұстап апарып беремін, — деп Төрегелді ат ойнатты. Лажы құрып қысылған Мұсабай, бір күнге мұрсат сұрап отырғанда, Верный бекінісінен керуеннің алдынан шыққан бір топ атты әскер жетіп-ақ келгені. Атты әскердің төбесі көрінісімен, жауыз аранына құм құйылған қаныпезер Төрегелді қарақшыларымен жоқ болды.

Ең ақырғы қыспақтан аман құтылып, керуен Ыстықкөл асуынан асып, Жетісу өлкесінің бір кең алқабына келіп қонды. Неше айдан бері үнемі қауіп пен қатердің қамауында үздіксіз үрейлене өмір кешкен Шоқан көкірегін кере дем алып, алаңсыз ұйықтап тынықты.

Керуен ертеңінде өздерінің анадағы келген ізімен Верный бекінісіне жол тартты. Айдыны шалқыған, сан шаһарды көк үйірім тереңіне батырған Ыстықкөл, ақ басты мәңгі мұз жастанған асқар Алатау, аспанмен тілдескен шыңдарымен мелшиіп қала берді. Сол асқардың ар жатында күні кеше өзі көріп қайтқан Азияның әлемге әйгілі қалалары қалып қойды. Шоқан Верный бекінісінде де көп бөгелген жоқ. Омбыдағы генерал-губернатор Гасфорттың да экспедицияның хабарын асыға күткен қатынасын Хоментовскийден алды. Керуеннің артын күтіп, Іле бойында кездесіп, Мұсабай екеуі почта атымен Семейге суыт тартты. Қиын-қыстау жүрістен аман оралып, өз елінің кең сахарасына шығып еркіндеген Шоқан жаратылысындағы ащы ажуасын да ағыта, қасындағы Мұсабайды көңілдендіре отырды.

Олар Семей шаһарына да жетті. Өздерінен ұйымдасып жөнелген сауда керуенінің аман-есен оралып, саудаларының күсет болып қайтқанына Мұсабай да өте қуанышты болды.

Әсіресе Семейдің губернаторы Перемышльский Шоқандарды құрметпен қарсы алды.

Шоқанның Қашғариядан қайтып, Омбыға келген хабары Петербургқа да барып жетті. Оны хабарлаған генерал-губернатор Гасфорттың өзі болды. Ол өзінің әскери министрі Сухозонетке: «Өткен жылы май айында Қашғарияға жіберген керуеніміз аман-есен тапсырманы көңілдегідей орындап оралды. Сол керуенде айрықша тапсырмамен барған поручик сұлтан Уәлиханов та Омбыға келді. Уәлихановтың үнемі қауіп-қатер үстінде және күтімсіз жағдайда ұзақ жол жүруі оны мейлінше жүдеткен. Ол біраз дем алып, бойын жинамаса, саулығы нашарлап кетерлік жағдайда. Сондықтан Уәлиханов алып қайтқан ғылыми да саяси деректер біраз уақыт күте тұруды керек етеді», — деп жазды.

Шоқан біраз дем алып тынықты да, алып қайтқан мәліметтерін реттеп бір жүйеге түсіруге кірісті. Бәрімен болмаса да Шоқан еңбегінің беталысымен танысқан Гасфорт Петербург басшыларына мақтана жеткізіп жазып отырды. «Уәлиханов алып қайтқан мына мәліметке қарағанда, біздің Шығыс Түркістан жайлы қолданып жүрген географиялық мәліметіміз мүлде

жаңылыс екен. Уәлихановтың жаңа мәлімдемесі сондай құнды да ғажап жаңалықтар. Азияның шығыс шоқтығындағы құпия дүниенің қақпасын ашып қайтқан» деп жер-көкке сыйғызбай мақтап жазды.

Петербургтағы достарымен қатар үкімет адамдары — ғылым кеменгерлері де Шоқанның Петербургқа келуін асыға күтті. Ең болмағанда алып қайтқан мәліметтерінің алдын ала жазылғандарынан жіберуді өтініп маза бермеді. Әсіресе Егор Ковалевский Шоқанға арнап өзі хат жазып тездетуді сұрады. Шоқан өзінің қолжазбаларын әлі де бір жүйеге келтіргенше бөлшектегісі келмей, достарын тек хат жазып уәде берумен алдандыра тұрды. Август айының аяқ кезінде Тверь қаласына қайтар жолында Достоевский Омбыға келіп Шоқанға жолықты.

Екі дос сағыныса көрісіп сыр шертісті.
— Мені Петербургқа шақырып жатыр. Амандық болса Петербургқа шана жолымен бармақпын. Оған дейін мына алып қайтқан дүниемді қағазға түсіріп үлгерсем деп ойлаймын, — деген Шоқан пікірін аға досы қуана қуаттап:

-Мен саған әлдеқашан айтқам, сен Петербургқа тез жет. Мүмкіндік тап, оқы. Саған оқу керек. Сен мынау еліңе білім сәулесін жеткіз. Ол сенің қолыңнан келеді, — деп ағалық ақылын тағы да қайталап айтты. Екі дос құшырлана сүйісіп, хош айтысты. Ендігі кездесу — Петербург қаласы десті.

Шоқан жолдан алып қайтқан деректерін қағазға түсірісімен Петербургқа почтамен жеткізілді. Шоқанның қолжазбасымен танысқан Петербург қауымы ауыздарынан суы аға оқыды. Бірінен бірі алып, қолдан-қолға тигізбей таласа танысты. Шоқанның қолжазбасы шетелдер ісінің министрі канцлер Горчаковқа ғажап ұнады. Азия департаментінің директоры Егор Ковалевский қуана оқып, аса жоғары бағалады. Министр Горчаков Шоқан қолжазбасының бұрышына: «Мен сізге аса үлкен алғыс айтар едім. Егер мына қолжазбаңыздан біраз лайықты дегенін География қоғамына берсеңіз», — деп жазды.

Шоқан өзінің Петербургқа жүрер алдында қолжазбадан мойны босап, омбылық достарымен бас қосты. Алдымен Карл Казимировичтің үйінен, сонау Верный бекінісінде қолына берген офицер киімдерін алып, Омбыдағы әскери төре қалпына кіріп еркелей амандасты. Ақ көңіл, ата жүректі Карл Казимирович, Екатерина Ивановна аналық ықыласпен аса қуанышты құрмет көрсетті. Әрқашан да қарындастық ерке мінезімен наздана, бұлдана сөйлейтін Елизавета да Шоқанмен қуанышты амандасты. Алтышәр әңгімесі бір күн түгіл, бірнеше айға азық болатын, бірінен бірі өткен қиянкескі уақиға ғой. Оның бәрін қайтадан қайтіп сарқиды. Тек, алыстан естіп таңдана тыңдайтын Азия халқының кейбір тұрмыс салттарынан қызықты жайларды айтып таныстырды. Дос үй-іштеріне Қашғариядан алып келген базарлық та Елизаветаның есін шығарды.

Шоқан келгенде Дуров досы еркіндік алып, өзі қалаған Севастополь қаласына жүріп кеткен. Ол досы өзінің сағынған, құмартқан хатын жазған. Әсіресе Қашғариядан алып қайтқан естелік жайында құмарлығын айрықша жазған. Шоқан осындай достарымен, қаладағы қызметтес достарымен біраз уақыт мәжілістесіп, жол жүруге дайындалды. Ол Қашғариядан келісімен

ауылына хат жазып, әкесі жіберген адамнан ауылының, туыстарының амандығынан хабарланды. Өзі Петербургқа жүрер алдында ауылына қайтқан әкесінің шабарманынан Қашғардан анасына арнап алған аз да болса асыл бұйым сәлемдемесін жіберді. Осындай атүсті үздіксіз еңбекке мойындап алған Шоқан шана жолы түсе Петербургқа аттанған күнін ол өзінің күнделік дәптеріне — «1859 жылдың қараша айы» деп жазып қойды.

Петербург сапары

I

Көптен құмартқан аса бір жауапты жорығын аяқтаған Шоқан Петербург қаласына жетті. Шоқанның қолжазбаларын алып танысып, өзін құмарта күтіп отырған Петербург жұртшылығы, ғалымдар, шетелдер ісінің министрлігі құрметпен қарсы алды. Әсіресе Семенов-Тянышанский өзінің құмарта ізденіп, аяғы жетпеген жеріне барып, барлық жай-күйді жан-жақты зерттеп қайтқан жас досын сүйсіне көтермеледі.

Шоқанды сырттан естіп, өзін көруге құмартқан Игорь Ковалевский Петербургқа келісімен өзі шақырып мәжілістесті. Шоқанның алдын ала жіберген қолжазбасымен таныса салып, құрметтей өте жоғары бағалап, бұрыштама жазған Горчаков министр де жүздесіп өте жақсы әңгімелесті. Шоқанның еңбектерін талдай отырып, әрбір салаға лайықтап қолжазба күйінде қолдануға ұсынылды. Әсіресе Қашғариямен мәдениет байланысын күшейтіп, сауда факториясын ашу жайлы ұсыныстарға жетекші жазба етіп, сонымен қатар Батыс Қытай елінің мәдениет байланысын тәртіптеуге де соны қолданатын етті.

Шоқанның алып қайтқан дәлелдемелерін өте жоғары бағалаған әскери министрлік оған әскери атағын үлкейтіп, штабе ротмистер ататын берді, сонымен қатар еңбегін ерекше бағалап (св.Владимир) әулие Владимир атындағы 4-дәрежелі орденмен наградталды. Оған қоса ақшадай бес жүз сом сыйлық айрықша берілді.

Шоқан үкімет тарапынан өзіне көрсетілген үлкен сыйлықтарды ала, алтысын да айта, өз тұсынан өзімен бірге осы жолда еңбектес болған достарына да награда беруді өтінді. Шоқанның ұсынуымен керуен басы Мұсабай, Семейдің көпесі Боқаш Тоқтыбайұлы, полковник Гутковский бар, жиырма үш кісі үкімет наградаларын алды.

Осы сияқты алыс жолдан аса құнды еңбектер әкеліп, сыйлыққа, атаққа ие болған Шоқанның аты бір ғана Петербург емес, бүкіл Россия мәдениет жұртшылығына кең тарады. Ол өзінің көкіректе жүрген көп арманының бірі, жоғары оқуға түсуге бой ұрды. Петр Петрович Семенов-Тянышанский досы, оның денсаулығына жаны аши отырып, оқуға түсуіне басшылық етті. Шоқан бір жатынан оқуға ынталы, екінші жатынан әскери жұмыстан гөрі ғылымға арналған ерекше талант. Осыны анық ажырата таныған шетелдер ісінің министрі Горчаков әскери министрлікке өзінің пікірін және Шоқан жайлы мінездеме жазды. «Өткен жылы Қашғарияға барып, сол бір әлемге жұмбақ болып алакөлеңке күйінде тұрған Азия өлкесінің бір саласын көріп, ғылымға

жаңалық ашып, танысып қайтты. Түрік нәсілді, тілі де тектес елдің бәрінің дерлік тіліне жетік әрі халқының әдет-ғұрпынан толық мағлұматы бар жас талым штабсротмистр Шоқан Уәлиханов Азия департаментіне өте пайдалы қызмет көрсетер еді. Мен бұдан бұрын да әскери министрлікпен осы кісінің қызметі жайлы сөйлесіп келіскен едім. Сол келісім бойынша осы кісіні Азия департаментіне қызметке ауыстыруды ұйғарам», — деп жазды.

Горчаков пен Азия департаментінің директоры Ковалевскийдің ұсынысы бірлесіп, Александр II-патшаның бекітуіне барды. Шоқанның Қашғариядан алып қайтқан ғылыми да халықаралық жағдайға байланысты еңбегінің құндылығына құлағы қанығып, біразына танысып та үлгерген патша ағзам ұсынысты бекітіп, «1860 жыл, шілде айы» деп қол қойды. Сонымен қатар Александр II-патша өзінің бас көмекшісіне: «Сірә, маған сол бір Азияның баласын жолықтырарсың», — деп ескертті.

Шоқанның өз талабы орындалып, Азия департаментіне қызметке ауысып, ғылыми да, халықаралық жағдайдағы жұмысқа бірыңғай кірісті. Әсіресе Азия елінің жағдайына байланысты жұмыспен шұғылдануды қиялдаған мақсаты орындалды. Алдымен сол Азия елінің бір үлкен саласында, өзінің туған елі жатыр. Ол әлі ешбір мәдениетке бірыңғай беті бұрылған жоқ. Әсіресе өзі көзімен көріп қайтқан ана дін тұманына булыққан елдің ауыр халі көз алдына елестейді. Шоқан үкімет орындарына саяси да ғылымдық мән бере жазып берген «Қашғария сапарынан» атты суреттемелерін әлі де толықтыра түсетін көп қолжазбасын тәртіпке салуға кірісті. Шоқанның бір бұл жолғы ғана емес, сонау Жетісу, Ыстықкөл жорығы, Құлжа сапары сияқты жүрістерін де жинастырған қолжазбаларының бір тәртіпке келтірілетін күні туды.

Кейінгі екі-үш жылдан бергі үздіксіз жүрісте, ылғи қыспақты қауіп-қатерде болғаны Шоқанның діңкесіне тигенді. Ол туралы генерал-губернатор Гасфорттың Петербург басшыларына жазған хаттарында Шоқан денсаулығын ерекше ескерте жазуы тегін емес еді. Ол тез шаршағыш және өте жүдеген болатын. Оның үстіне Петербургтың үнемі түнеріп тұратын дымқыл ауасы, күн көзі шықпайтын ақ түні мүлде иықтан баса түсті. Анау Сарыарқаның құрғақ та, самал ауасында туып-өскен, Сібірдің жазғы ыстығы, жайдары қысқы суығы, шымыр да ширақ, құрғақ қоңыр желіне жаны бөленіп шыныққан адам, мына түнерген тұманды ауа райына бойы үйрене алмады. Жалынды, өр көкірек Шоқан елегісі келмегенімен бойы ауырлай берді. Бірақ мына еңбегіне патша ағзамға дейін құлақтанып құрмет тұтып отырғанда, оны қоймаға бүркей беруге жігері көтермей, жұмыс істей берді.

Қашғариядан алып қайтқан «Сұлтан Сүтек Богдаханның «Тазкирайі» деп аталатын шежіренамасы, Тоғұлық Темірханның «Тазкирайі» шежіренамасы, қожалар тарихнамасы «Әбу Мүслим Маурузи» атты өте қымбатты қолжазба кітаптарды бірыңғай тәртіптеп, өзі ұқыптай оқып шығуға кірісті. Сонымен бірге Алтышәр атырабынан жинастырған тау, дала өсімдіктерінің түрлерін де арнаулы ыдыстарға салып, түсіндірмелер жазды. Әсіресе Азия тауларынан, далаларынан, қазбалардан табылған минералдық яки асыл тас тектес заттарды тәртіпке келтірді. Елеусіз жағдайларды тауып,

қарындашпен түсіріп алған өзі салған реттерін бір бөлек жинастырып қойды. Оның ішінде Азия елінің, әсіресе Қашғария әйелдерінің киім-кешек, сән-салтанатын бейнелейтін бір суретті өзі ерекше өңдей түсті. Бұл — Шоқанның өзі уақытша үйленген шәукеннің суреті еді. Ашаң да ақ құба, сұрғылт көзі күлімдеген, қара қас, қыр мұрынды, қолаң шашын шұбырта талдап өрген келіншектің көркі сүйкімді еді. Шоқан осы бір өзі уақытша үйленген келіншекті ұмытпас үшін ынтыға қимастықтан суретін салып еді. Алыстағы еуропа халқына киім-кешек мәнері таныс емес елдің әйелінің киім түрлерін, сәнділік әдеттерін жеткізу еді. Оны түсіріп алуға бейтаныс әйелдер суретке салуына келісім де бермес еді. Және мұсылман қауымында суретті күнә деп санайды. Сондықтан ол сезікті де болар еді. Ал өзінің уақытша үйленген жары Шоқан тілегіне қарсы болмай, бірнеше уақыт Шоқан айтуымен суретін салғызды. Бұл сурет Шоқанға ғана ескерткіш емес, Азия елінің киім киісі, әйелдерінің салт бейнесіне таңдана қарайтын ұйымға үлкен бір жаңалық болды. Шоқанның Қашғариядан алып қайтқан шығыс шеберлері әсемдеген мүліктерінің ішінде осы бір суретті салып әкелген қол-қобди бөлекше еді. Бамбук ағашынан қиюластырып, піл сүйегімен безеп жасаған қол-қобди бірінің ішінен бірі алынатын бірнешеу еді. Соның ең кішірегінің ішіне ақ торғынға орап салған сол сурет өте құрметпен салынған. Осы қобдиды да, ана ақ торғын орамалды Шоқанға сыйлаған өзінің шәукені еді.

— Енді сіз бұл жаққа ораласыз ба, жоқ па, ол мәлімсіз. Аз күн жолдас болдық. Шарифат шартымен некелі болып, енді сол шартпен ажырастық. Таңла — махшарда қосылуға нәсіп болсын, — деп ғазиз әйел майысып келіп Шоқанды ұзақ құшып еді. Шоқанның шарифат жолымен ұсынған уазифасын (еншісі деген сөз) алып тұрып, осы қол-қобдиды беріп еді. Енді қобди, мына сурет ғылым мүлкіне айналды.

Шоқанның бұл қаладағы ең дос та үйір адамы Петр Петрович Семенов-Тянышанский ғана. Әзірше жадырай кеңесер достардың тобына араласа қойған жоқ-ты.

II

Осындай біраз демалыстан кейін Петр Петрович өзі келіп: — Шоқан Шыңтысович, мен сені біраз дем алсын деп қыстамадым. Қалай, бойыңды жинадың ба? Бүгінгі келуімдегі бір басты тапсырмама, сіз мына Қашғариядан алып қайтқан мәліметтеріңізді бір ретке келтіріп, осыдан жинақтап «Жол дәптерінен» дейтін очерк жазыңыз. Және тез жазыңыз. Оны мына География қоғамының шығармалары ретімен бастыру қажет. Ал сіздің мына бөлек-бөлек әрбір мекемеге берген қысқа хабарларыңыз бытыранды болып біразда аяқсып қалады. Бұл өте құнды ғылыми мәлімет. Мүмкін, сенің өзіңе жай бір жеңіл-желпі көрген-білген болып көрінер. Ал үкіметімізге, ғылымға тамаша жаңалық, — деп Шоқанға ағалық әрі ғылымдық кеңесін айтты.

— Петр Петрович, мен әлі ойымды жинақтап, тұтас бір шығарма яки жол әсерін жазармын деп ойлаған жоқ едім. Сіз маған жаңа ой туғыздыңыз. Алғыс айтам. Бастыруды сіз басқарасыз, мен жазуға отырам. Сізге менің әлі

айтпаған бір жаңалығым бар, — деп Шоқан Семенов-Тянышанскийге жымия қарады.

— Шоқан Шыңғысович, сенен мен әрдайым жаңалық күтем. Алдыңғы жылы Бстықкөл жақта Діқанбай деген кісі мені бастап жүрді. Сол кісі бір жерде мынадай бір қазақ мақалын айтты. Мен тілмаш арқылы жазып алдым. «Қой асығы деменіз, қолайыңа жақса сақа той, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой» деген. Мен сіздің халықтың тілін білмеймін ғой, ақылды айтылған сөз бен білімді сіздің халқыңыз жоғары бағалайды екен. Сондай-ақ біздер география ғалымдары мына біз сізді жассынбаймыз. Сізді үлкен болашақ ғалым деп бағалаймыз. Біздің халқымыздың да мынадай бір мақалы бар ғой. «Кімге көп берілсе, содан көп дәметеді» деген. Сізге талант та, ақыл да мол берілген. Сондықтан сізден анау халқыңыздың дәмәтері көп. Ол халық былай тұрсын, ғылым қоғамы мен біздің сізден әлі дәмәтеріміздің ұшы-қиыры жоқ, — деп тоқтады. Шоқанның бір ауыл «Менің тағы бір жаңалығым бар», — деген сөздерінен Семенов-Тянышанский ақ көңіл, әділ ойынан Шоқанға деген мейірбан ықыласын төге салғандай болды.

-Ал енді Шоқан Шыңғысович, мен тыңдауға әзірмін, — деп Семенов трубкасын тартып, салмақтана отырды.

— Сіз аңада маған неміс ғалымы жиһанкез Гумбольт деген кісінің жайын әңгімелеп, ол кісінің шығармаларын маған танысуға берген едіңіз. Сол кісінің шәкірті Адольф Шлагинтвейттің Қашғарияда қатерге ұшыраған уақиғасын анықтап естіп қайттым, — деп аяқтағанша Семенов-Тянышанский Шоқанды тура құшақтап, жүйесі босап сүйді де:

— Шоқан Шыңғысович, тәңірім саған ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат берсін. Бұл бір бүкіл еуропа ғалымдарына, тіпті барлық еуропа мемлекетіне жұмбақ та, арман болған жайт еді. Ол бір өр талант, асқан келешегі мол ғалым еді. Оның тағдыры жөнінде әкелген хабарың бүкіл Еуропаны күңіретеді, — деп өзін-өзі әрең басты. Шоқан Адольф Шлагинтвейттің тағдыры жайында өзінің шәукенінен естіген және сол хабардың ізімен өзі анықтап жазып алған жайтты айтып шықты. Шлагинтвейт жайындағы Шоқан айтқан уақиғаны тыңдап болып, Семенов-Тянышанский:

— Шоқан Шыңғысович, сіз осы Шлагинтвейт жеңінен анықтап қайтқан хабарыңызды бүгіннен бастап отырып жазыңыз. Мен оны газетке бастырамын. Бұған Германия, Англия ғалымдары жылап көріседі. Оның тағдырынан олар ешбір хабар ала алмай қапалықта, — деп Семенов-Тянышанский Шоқанға әрі шұғыл, әрі жауапты міндет тапсырды.

— Петр Петрович, сіз тапсырған нәрсе міндетті түрде орындалады. Сондықтан да жазып, өзім қолыңызға берем, — деген уәдені Шоқан күлімдей айтты.

— Шоқан, мен сіздің басыңызға бүгін біраз міндеттер арттым. Бұлар менен гөрі езіңіз үшін керек. Бірақ істеледі, оған сенем, тек, кешіктіре көрме. Тағы бір ұсынысым бар, менің осы Петербургтағы біраз әдебиетші достарым маған бір қолқа салып жүр. Олар ақын да, халықшыл зиялылар. Сізбен таныстыр деп өтінеді. Мына бір алдыңғы хабарды жазсаң, ол газетке шығысымен олар

мені тағы мазалайды. Мен оларға өзіңмен келіспей, уәде бере алмадым. Олармен кездесуді қалай қарайсыз? — деп тоқтады.

— Петр Петрович сізге дос кісі, маған да жат емес. Мен Петербургтың зиялы қауымымен қалай танысам, солардың ортасына қалай кірем, деп келген адаммын. Мен қуанышпен танысам, — деп Шоқан қуанып кетті. Семенов-Тянышанский көп отырған жоқ:

— Шоқан Шыңғысович, мен сізді үйден күтем. Кешіктіре көрме. Және бір ескертерім — аузың мен айналаңа сақ бол, сонау Омбыдағы Фридрихе сияқты «достарыңның» мұнда да үндестері аз емес, — деп қош айтысты.

Шоқан жазып берген Шлагинтвейт жайындағы хабар Петербург газетіне шыққан күні Шоқанды шетелдер департаментіне бірнеше шетел журналистері, ғалымдары іздеп келді. Олар Шоқанның қабылдауын сұрап, Петр Петрович Семеновтың мазасын алды. Бәрімен болмаса да Семенов-Тянышанский өзіне сенімді бірлі-жарымына жолықтырды. Әрине Шлатинтвейттің басынан кешкен қайғылы хал, бір ғана Шоқан біліп қайтқан хабармен тынбады. Бірақ бұл хабар жұмбақ болып үні өшіп жатқан бір зор уақиғаның жүлгесін тапты. Оның қымбаттылығы да сонда. Әрине, Шлагинтвейттің күнделігі де ізделер, ғылымға қосқан жаңалығы да мүмкін табылар. Бірақ соны іздестіретін жол осы Шоқан алып қайтқан хабар ғана. Семенов-Тянышанскийдің тапсыруымен Шоқан өзінің «Жол дәптерінен» деген очеркін жинақтауға шұғыл кірісті. Соны жазып жүрген кезінде Петр Петрович анадағы ескертуін қайталап:

— Шоқан Шыңғысович, сен ертең демалыс ет. Біздің үйге кел. Достармен таныс, — деп арнайы шақырды.

Шоқанның Петербургқа келгелі құмарта күткені Петербург зиялыларымен кездесіп, пікір алысу. Сол мақсатының бастамасы болар деген сәтті ынталана қарсы алды. Шоқан Семенов-Тянышанскийдің үйінде бұрын тек атын еститін екі ақын — Аполлон Николаевич Майков, Я. П. Полонскийлермен танысты. Бұлар халықшыл, өте мәдениетті, сол кездегі Петербург жұртшылығының сүйіп оқитын ақындары еді. Петр Петрович Семенов-Тянышанский Шоқанды ақын достарына таныстырып:

— Қымбатты ақын достар, таныс болыңыздар, сұлтан Шоқан Шыңғысович Уәлиханов. Біздің Россия ғылымының Шығыс Азиядағы жас та, талантты да қайраткері, — деп бір тоқтап. — Шоқан, Шыңғысович, танысыңыз, анада езіңе айтып едім, біздің Россия халқының көкейіндегі көрікті сырын шертер ақындары — Аполлон Николаевич Майков, Яков Петрович Полонский, — деп екеуінің аты-жөнін айтып ұғындырды. Бұдан кейін сөзді Майков бастап: — Сіздің әріптесіңіз өте талантты ғалымды сыртынан естіп ынтызар едік. Сізге рақмет, таныстырдыңыз. Біздің Россия халқына күңгірт жатқан Шығыс Азияның шалғай өлкесінің шымылдығын ашып келгені ерекше батылдық. Ол біздің Россия ғана емес, бүкіл Еуропа үшін зор жаңалық, — деп тоқтады. Ақындар ағытыла, әсіресе Шлагинтвейт жайында әңгіме қозғап, ынталана тыңдасты. Шығыс Түркістанның Алтышәрі жайынан, әсіресе мемлекеттік тәртіптерінен сұрап танысты. Шоқанның Қашғарияда Жаркент өзенінің

бойындағы құм аймақтарда өсетін өсімдіктермен онда мекендейтін жәндіктер жайынан сұрап танысты.

— Егер рұқсат етсеңіз, тұрған үйіңізге біраз уақытқа кіріп шығар едім. Мен сіздің асқар Алатаудың мұзды қырқасынан, Жаркент алқабындағы құба құмнан жинап қайтқан өсімдік түрлерімен танысар едім. Есту мен ұғу бір басқа, көзбен кәріп сезім алу өзгеше ғой, — деп Майков ақын бір тілек айтты. — Мен сізді қазір ертіп баруға дайынмын. Құрметпен күтем, — деп Шоқан екі ақынның екеуін де пәтер үйіне шақырды.

Достар халық жайында, әсіресе Николай I-патшаның қатал да қайырымсыз жазалаған кезіндегі жер ауған зиялылар жайында пікір алысу болды. Олардың біразы Николай I-патшаның өлімінен кейін еркіндік алып, мекендеріне оралғаны айтылды. Пікірлес достарының Александр II-нің алдына тілек қойып, оларды қызметке отырғызу, еңбекке еркіндік алуларын іздестірген жайлары өз болды. Осы ретте Федор Михайлович Достоевскийдің Петербургқа келуі жайында пікірлесті.

Шоқан мемлекеттік департаментте бір мезгіл істейтін қызметінде Петербург қауымының ашық пікірлі адамдарымен танысып, достар тобын молайта түсті. Вильяминов-Зернов сияқты ірі ғалыммен, Чернышевскийдің пікірлес достары — В. және Р. Курочкиндермен танысып өте жақын достасты. «Орыс география қоғамы жазбасы» атты журналдың редакторы профессор А. Н. Бекетовпен танысып, пікірлес болды.

Шоқанның сонау Омбыда оқыған кезінде аса үйірлескен үйінің бірі Капустиндердің үй-іші болатын. Яков Капустинның, Екатерина Ивановнаның қызы Вера Яковлевна осы Петербургта нағашы ағасы Менделеевтің қолында оқуда. Шоқан Петербургқа жүрерде Капустиндердің үйінде болып, Вера Яковлевнаның адресін алған. Бірақ Петербургқа келгелі Вераны іздеуге мұршасы болмаған-ды. Осы біразда өз жұмысының басы қайрылғандай болған соң, Шоқан Вераны тауып амандасты. Сонау бір пароходқа шығарып салғаннан кейін дидарласпаған замандастар қуаныса амандасып, туыстарша шүйіркелесті. Вера өзін іздеп келген дос-жар құрбысы Шоқанды нағашы ағасымен де таныстырды. Бұрын атын естігені болмаса, таныспаған талантты талыммен де жақсы сөйлесіп, көп пікір алысты. Вера ой тоқтатып, білім өрісіне бой ұрып, бұрынғысынан әлдеқайда өсіп кеткен. Екеуі де біріне бірі бір кездегі әзілдестік жайдан сөз қозғаған жоқ.

— Вера Яковлевна, мен сізді үйімді көруге шақырамын. Алдағы демалыста күтем, — деп Шоқан шығарып салған замандасына өтініш айтты.

— Шоқан Шыңғысович, сіздің достарыңыз да көп, жұмысыңыз да көп. Мен көп нәрсеге бөгет жасаймын ғой, — деп Вера көкірегінде көптен ойлаған назының лебін осы жерде шығарды.

— Вера Яковлевна, ол сылтауыңызға мен жол бермеймін. Күтемін. Келіңіз, — деп Шоқан ширай да, өтіне де айтты.

— Күтіңіз, барайын. Ренжитін қабақ көрсеттіңіз ғой, — деп Вера Яковлевна жымыып Шоқанмен қош айтысты.

Шоқанның Петербургқа бет алғандағы бір жолығармын деген қымбатты адамы осы Вера еді. Вера алдында кешірім сұрар жолы бар. Вера

келеді, сонда Шоқан әңгімені неден бастамақ? Шоқанның бір қиналған ойы осы. Бірақ ол өзін өзі ширатып: «Жоқ, мен еш нәрсені жасырмаймын. Мен бүкіл мемлекеттік ұлы тапсырмамен бардым. Ал ол барған елімнің тәртібіне мойын ұсындым. Шынын айтам. Оған бағынбасам, менің де көрер тағдырым анау Адольф Шлагинтвейттің тағдырындай болмақ. Ал ол жағы бір болған күнде Вера екеуміздің еліміз екі қиырда, біріне бірі еркін қойындаспаған, іргелес тату ғана көрші. Вераның елі болса мынау, патшалы Россия, менің елім анау көшерін жел, қонарын сай біліп жүрген дала қауымы. Вераның айтқанын істесем, маған үмітпен қараған елімнен қол үзем. Патшалы Россияның шенді төресымағы болам. Жоқ, мен ол болмаймын. Мен Вераға шынымды айтам».

Шоқан осындай толғаныс күндерін өткізіп, ғылыми еңбегін де, міндетті қызметін де істеп жатты. Бір күні Петр Петрович Семенов-Тяньшанский өзі келіп, Шоқанмен амандасып, біраздан бері әдейі хабарласпағанына себеп болған бір жайсыз хабар айтты.

— Мен кеше шетелдер министрлігінің құпия бөлімінде болдым. Мені шақырып сұраған хабары, Шоқан Шыңғысович, сіз туралы болды.

«Уәлиханов сол Шлагинтвейттің күнделігін тауып алып, сонымен мақтанып жүр. Және өзі Қашғарияда үйленіп, сол елге азамат болуға сенім беріп келген болуы ықтимал. Уәлихановқа онша сене бермей, сақ болыңыздар. Ол кісінің Омбыдағы жағдайы да бізге мәлім. Қай-қайдағы патша үкіметіне сенімсіз жер ауған адамдармен үнемі байланыс жасап отырады» депті. Мен бұл туралы Игорь Ковалевскийге айтып, Омбыдағы Ивашкеевич Фридрихстердің жайын түсіндірдім. Ол кісі Горчаковпен өзі сөйлеспек. Сіз оған күдіктенбеңіз. Бірақ әлі де ескертерім — аса сақ болыңыз. Қазір сіз айрықша аңдуылдасыз, — деп Петр Петрович өзінің достық ақылын айтты. — Сонымен қатар бір қуанарлық жай, Федор Михайловичтің інісіне жолықтым. Ол ағасының Петербургқа келуін ізденіп жүр екен. «Жуырда рұқсат болады» деп қуантты.

Семенов-Тяньшанскийдің мына әкелген хабарлары қауіпті-қатерімен бірге қуанышты. «Еңбегімнің адалдығына, барған міндетімді мүлтіксіз орындағанымға зиялы әділ қауымның көзі жетеді. Қорықпаймын» деп Шоқан әдеттегі тәуекелшіл қажырына мінді.

Анадағы айтқан уәдесі есінде болған Аполлон Майков Шоқанның үйіне келіп, мәжілістесті. Майковке Шоқан Алатау, Ыстықкөл және Қашғария жерлерінен жинаған өсімдіктер түрлерін көрсетті. Майков ақынға әсіресе ұнағаны Алатау қиясындағы мұз белдеу өсімдіктері болды. Қытай, Индия, Азия шеберлерінің қолынан шыққан аса нәзік өрнекпен жасалған бұйымдар да ерекше ұнады. Майков ұзақ әңгімелесіп отырып, қайтар шатында Шоқанға өз қалауын айтты.

— Шоқан Шыңғысович, сіз маған мына асыл бұйымдарды жайып салып, — қалаңыз, сүйгенін алыңыз, — деп отырсыз. Мен бұйымнан гөрі, сезім жинаған жанмын ғой. Маған мына бір мұз белдеуде өскен гүлдің жапырағын сыйлаңыз. Ой салып, қалам тебірентер сыйлық болсын, — деді.

— Аполлон Николаевич, бар ықыласыммен сыйлаймын. Менен сізге сезім оятар дүние табылса, еңбегім жанғаны ғой, — деп Шоқан Майковтың қалаған гүлін кішкене әшекейлі сауытқа салып ұсынды.

— Рақмет сізге, Шоқан Шыңғысович, амандық болса лирикалық бір-екі шумақ өлең күте беріңіз, — деп күле қош айтысты.

Аполлон досын жөнелтіп, Шоқан Манас жайынан жинаған қолжазбаларын аударыстыра бір қарап өтті. «Көкетай асы» дейтін бөлімінен «Қанікей көші» дейтін тарауды орыс тіліне қара сөзбен аударып көрді. «Шіркін, ақын болсам, мына Қанікейдің сипатын қандай суреттер едім» деп қиялдады.

Уәделі демалысында күткен Шоқанды Вера Яковлевна көп зарықтырмады. Айтқан сағатында әзілшіл сыпайы мінезін істеп қалжыңдай кірді.

— Шоқан Шыңғысович, сіз туралы өсек бар көрінеді. Менен несін жасырасыз. Қашғарияда үйленіпсіз. Мүмкін, осында алып келген боларсыз. Егер Азия әйелдерінің әдетімен паранжы жамылса, оны да жасырмаңыз, — деп күлді.

— Вера Яковлевна, жасырынбақ ойнап көрген жан емеспін. Оны өзіңіз де білесіз. Барлығын ашып өзім айтайын. Қашғарияға қандай мақсатпен барғаным сізге айқын. Мен өзімнің еркімнен халқым мен үкімет тапсырмасын жоғары санайтын жанмын. Сондықтан мен барған мемлекеттің тәртібін бұза алмадым, — деп Шоқан ойлана төмен қарады.

— Шоқан Шыңғысович, сіз ол жатынан менен кешірім сұрамай-ақ қойыңыз. Оны мен ұғам. Енді жай достықпен әңгімелеселік. Менің нағашы ағам сізге сондай құмартып қалыпты. Менен сіз туралы көп жайларды сұрады. Сірә, екеуіңіз дос болатын шығарсыздар. Оны өмір көрсетер. Енді сіздің алып қайтқан мүліктеріңізбен танысалық, — деп Вера Шоқанның бір сөре етіп жинап қойған дүниелерімен танысты. Онан соң Шоқанның қолжазбаларын, жер бейнесінен, адам түрінен салып алған суреттерін көрді. Шоқан бір әсем қобдиды бірден аша қоймай, басқаларын көрсетіп еді, Вера көңіл бөле ішін аштырды. Бұл — Қытай шеберлерінің бамбук ағашынан піл сүйегімен оймыштап нақыстаған аса әдемі мүлік еді. Ол мүліктің сыры сыртындағы әшекейінде ғана емес, оның ішінде ақ торғынға ораулы жатқан Қашғардың қара көз сұлуының суретінде еді.

Осы суретті көре салып:

— Мына сурет сіздің жарыңыздың суреті болар. Жасырмаңыз, — деп Вера қадала түсті.

— Иә, Вера Яковлевна, сол уақытша тәуелді болған адамым осы. Оны мен ұмытпас үшін салғаным жоқ. Қашғар қыздарының киім киісі, жалпы бейнелері мына Еуропалық халықтарға танылсын деп салдым, — деп өзінің шын сырын сөйледі. Шоқан көрсеткен әйелдің суретіне Вера үңіле отырып: — Біздің естуімізше, Азия әйелдері сиықсыз болады, шаштары білтеленген, сойдақ тіс, тапал денелі деуші еді. Мына сіздің тәуелдіңіз көрікті екен, — деп тоқтағанда, Шоқан іле сергіп:

— Азия жайында алыстан естігенде әр алуан сөз айтылады ғой. Сол азиялықтар еуропа әйелдерінің сипатына жиіркене қарайды. Әр халық өзін мадақтайды. Ол да адам баласындағы қалыптасып қалған ұлт айырмашылығынан шыққан солақай көзқарас, — деді.

Ұсынған базарлығынан Вераның еш нәрсе алмағаны Шоқанға ауыр тиді. Бірақ ықтиярынан аттап Вераға еш нәрсені ұстата алмады. Тек ішінен: «Мынадан бір нәрсе алсам, соны көрген сайын Шоқан көз алдыма келер, тез ұмытуыма сыйлағанын алмағаным дұрыс деп ұқты ғой» — деп топшылады. Вераны шығарып салып, Шоқан өзінің жұмыстарына кірісті.

Біраз уақыт өтті. Шоқанның қолжазбалары «География қоғамының жазбасы» атты мерзімдік жинаққа дайындалды. Осы бір жұмыс аяқталып қалған кезде, бір күні Аполлон Майков күлімдеп жетіп келді:

— Шоқан Шыңғысович, мен сізге сезім ұшқынынан бір нәрсе туса, әкеліп берермін деп едім ғой. Мына бір кішкене нәрсені жазған болдым. Құр уәде болғанша, жарты түйір болса да жазба болсын, — деп өлеңін оқыды. -Өлеңімнің аты: «Мұз белдеуде».

Қараңғы, дымқыл қуыста
Көлбеңдер жансыз құр елес
Ұялшақ жандай жас тұста
Мұз таңы қалғыр ерте, кеш.
Мені де желпір жаңа өмір
Мұзды асқар сол бір шыңында.
Жайнаған сол бір қарлы өңір
Нұр төккендей, шынында,
Білемін ол жер қорқыныш,
Адамның онда жоқ ізі,
Үн қатар жүрек шүйлеп күш,
Шақырар онда жан өзі.

— Рақмет сізге, Аполлон Николаевич. Тамаша лирика. Мінеки, сезім өлеңі, — деп Шоқан қайта-қайта, алып оқып:

— Ең болмағанда сіздің осы өлеңіңіз менің жер кезген жүрісімнің бір белгісі болар. Мен көшіріп алайын, — деп Шоқан жазып алды. Ақын қиялы жүйрік қой, бір мұз белдеуге өскен бір бозғылт гүлдің қураған жапырағынан сыршыл өлең жазды. Шіркін, шын ақынның қиялы қандай көреген. Будалап зорлықпен ұйқастырып, өз айтарын өзі ұқпаған ақындардың жыры мен сырынан кейде адам мезі де болады ғой. Шын ақын шіміркене шырын төгеді. Жан жүйеңді тебірентіп, жүрегінді шымшиды-ау, — деп толғанды.

Шоқанның осы бір кейінгі күндердегі қуанышы сонау Омбыдан аттанарында өзіне соғып Тверь қаласына жүріп кеткен досының інісі М. М. Достоевский айтқан Федор Михайлович Достоевскийдің Петербургқа келетін хабары болды. Сонау Одессаға барып, еркіндік алып, ақындық еңбегіне кіріскен Сергей Дуров досынан да жиі-жиі хат алып хабарласып отырды. Осындай көңілді болар шағында іштей денесін әлсіретіп, мазасын алған сырқат шырмауына ұшырады. Амал не, өмірде бәрі тегіс берілмек емес.

III

Шоқан Петербургта татар ғалымы Хұсайын Файызхановпен танысты. Хұсайын Шоқанмен ана тілінде сөйлесіп, шығыс елінің ертегі, дастандары жайында пікірлес болды. Сонау Ыстықкөл сапарында жинап қайтқан Алатау қырғыздарынан Манас жырымен Хұсайын құштарлана танысып, кейбір жағдайда пікір қорытысты. Хұсайын татар, башқұрт, қазақ елдерінің түбірлес жыры, ауыз әдебиеті жайлы көп ізденген тәжірибелі адам еді. Оның Шоқанға серіктесе үн қосуы өзін таты бір қанаттас досқа душарластырды. Хұсайын досына «Манас» дәптерін бере отырып Шоқан:

— Сіз Хұсайын мырза, татар халқының ертеректен жазба қоры бар, қолжазбасы бар дүниесіне жастай қанықсыз ғой. Бірақ қазақ-қырғыз сияқты көшпелі елдің ауыз әдебиетімен әлі көп таныспаған боларсыз. Мен, әрине, қазақ халқының күні бүгін әлденеше дастандарды ауыз-екі ұғып, мүлтіксіз айтып шығатын өрен ақындарын көрдім де, білемін. Оның біразын әкемнің алдында ағыта үздіксіз айтқандарынан тыңдағам. Ал мына қырғыз елінің Манасты жырлайтын ақындарын «Жұмоқшы» деп атайды екен. Олар осы «Манас» жырын жұмалап емес, айлап жырлайды екен. Және бүкіл шығыс көшпелі елінің көне өмірін тегіс қамти, шіге-бүгесіне дейін мүлтіксіз айтады. Әрине, кей жерлерінде қайталау да болады. Жазылмаған ауыз әдебиетте ол болмай қоймайды. Қырғыз ақындарында тек қана «жұмоқшы» емес, ғажап бір дарынды ақынына кездестім. Ол ақынды Қашғар сапарына бет алғанда шекараға дейін ертіп бардым. Өзі бір адал жанды, асқан төкпе ақын еді, — деп қазақ, қырғыз ауыз әдебиеті, ақындық дарындары жайында Хұсайынға қызықтыра сөйлеп кетті.

— Шоқан мырза, сол ақын бұл күнде бар ғой. Аты-жөнін жазып алған боларсыз? — деп Хұсайын ол ақынның аты-жөнін білгісі келді.

— Иә, жазып алғам. Тіпті жазып алмасам да Борсық пен Төлтайды ұмытпаған болар едім. Шіркін, сол Төлтайлар, анау Боранбай манаптар, оқыса, қырғыз елінің атақ, абыройын талай жерге апарар еді, — деп көшпелі, сауатсыз елдің жайына күйіне тоқтады.

Шоқанның сырқатқа шалдыққан жайынан хабар алған Шыңғыс, баласына аталық мейірбан ықыласымен хат жазып, анасының, бауырларының сәлемдерін жеткізді.

«Шоқан, сені анаң Зейнеп, інілерің, қарындасың бәрі де сағынулы. Ал халық та сенің абыройлы қызмет етіп шетелге барып қайтқаныңды естіп, өзінді көріп, лебіңді естуге құштар. Жаз ауылға кел. Мына даланың таза ауасы, қымыз, ат үсті сені сауықтырады. Қатты сағынудамыз» деп жазды. Шоқан да сол туған жер, өз аулына барып дем алсам, сауығып кетермін деп ойлайтын еді.

Шоқан сырқатқа шалдыққалы өзінің достары арқылы қаралып, ем алып жүрген талым дәрігері бар-ды. Ол кісі де:

— Сіз сахара баласысыз. Мына Петербургтың күн сәулесі аз түсетін дымқыл ауасы сізге ауыр. Мүмкін болса еліңізге барып, қымыз бен таза ауада

емделіңіз. Жазылып кетесіз. Саулығыңызды сақтаңыз, — деп қамқорлық кеңес берді.

Семенов-Тянышанский, Достоевский сияқты абзал достары «ауылыңа барғаның оңды, саулығыңды сақта» дейді. Осы жуырда ғана Сергей Дуровтан да хат алды.

«Шоқан досым, мен сенің тек ғылыми еңбектерің емес, суретшіл өнеріңді де «Суреттеу» журналынан көріп қуандым. Достардан алған хатқа қарағанда, сен мейлінше шаршап, сырқатқа шалдыққан көрінесің. Ауылыңа бар. Біраз уақытқа демалыс істе. Өзің жіберіп, сіздің ауылда болған бір жазғы дем алысым, маған міне әлденеше жылға күш-қуат болды. Анау сіздің Көкшетау алқабы қай аурудың болсын дауасы ғой», — деп жазды.

Шоқаннан бір жыл бұрын жай тыңдаушы болып Петербург университетіне оқуға келіп түскен Григорий Потанин де Шоқанға:

Шоқан Шыңғысович, сіз жүдеп барасыз. Тезірек ауылға қайтыңыз. Мұндағы еңбегіңіздің жарық көруіне қолдан келгенді аямаспыз, — деп үлкен өтініш айтты.

— Мен өзім де қайтуға бел байлап отырмын. Жалғыз қайтпаймын, өзіммен пікірлес бірнеше жас достар бар, соларды ала барамын. Олар біздің елдің жайы-күйімен таныспақ. Бір кісінің үні қаншаға жетеді, бірнеше үн қосылса біраз жерді жаңғырықтырмай ма. Ең болмағанда олар біздің еліміздің төбесіне қамшы үйірген қаныпезер чиновниктердің иттігін көздерімен көріп кепке жайса деп ойлап отырмын, — деді. Шоқанның мына кейінгі ойын Григорий қуана қоштады.

Шоқан елге қайтуға қамданып жүрер алдында Федор Михайлович Достоевскийдің үйіне келіп, біраз кеңестер шертті.

— Шоқан досым, мен сізді қалай жақсы көретінімді айтқам, әлі де айтарым — алдымен саулығыңды сақта. Халыққа деген жақсылықты кісіден сұрап жарымаймыз. Халық оянса, өзі еріксіз тартып алады. Тек, сол халықтың санасын ояту ертелі-кешкі еңбектің арқауы болсын, — деп тоқтады.

Шоқан аға досының осы бір орынды айтқан кеңесін көкейіне сақтай, өзінің де алдағы мақсаты сол екенін таты да қайталады.

Достар ұзақ сүйісіп, қош айтысты.

Петербургтен ауылға

I

Шоқан Петербургтен қайтарында өзімен университетте бір курста оқитын бір орыс жігіті мен ғылыми досы татар ғалымы Файызханов, шығыс департаментінде бірге істейтін Ибрагимов (татар жігіті) бірге жүретін болды. Орыс жігіті Москваның белгілі бір байының баласы. Петербургтың ауа райын көтере алмай, қаны азайып, сырқатқа шалдыққан. Дәрігерлер оған да «сахараға шық, қымыз іш, қойдың жас етін же» деп кеңес берген. Шоқанды тауып тапсырған да солар болған.

Файызхановты Шоқанның өзі үгіттеп, қазақ даласын көріп, ауыз әдебиетін, тұрмыс жайын жаз деп елімен таныстыруға әдейі алып шыққан.

Осындай дос жолдастарымен Шоқан Омбыға келіп, онда бірнеше күн достар мәжілісінде болып, Көкшетауға аттанады.

Шоқан Көкшетауда бірнеше күн бөгелді. Жергілікті мекемелердің адамдарымен, қызмет тәртібімен танысты. Сонан әкесі жіберген үш тарантаспен ауылына тартты.

Шоқанның Көкшетаудан аттанып, ауылына қарай шыққанын естіген ел адамдары жүретін жолын тосып, амандасып жүргізбей, қайсыбірі қонаққа шақырып, аяғына оралды.

Шоқан әкесінің ауылына таянғанда алдынан топ-тобымен ел адамдары шығып, қарсы алып, өзіне арнап тігілген үйге әкеліп түсірді. Ақ үй маңында да құжынаған көп халық бірін-бірі кимелеп, Шоқанның қолын алып дидарласуға құштар.

Шоқан алдымен әкесінің құшағына барып кірді. Шыңғыс баласын қапсыра құшақтап, маңдайынан иіскеді. Шоқанын құшып, емірене сүйгелі шыдамсызданып отырған анасы Зейнеп Шоқан өзіне қарай бұрыла бергенде: — Келші жаным, Шоқаным, тұла бойы тұңғышым, жан сәулем, — деп зарыға құштарлана құшақтап көзінен мөлтілдете жас төгіп, маңдайынан, бетінен кезекпе-кезек сүйіп әрең дегенде мауқын басты. Шолжың сөйлейтін майда, нәзік үнімен:

— Шоқанжан, зайықтидың ғой, неге жүдеушің? — деп өкси сөйледі.

— Апеке, келдім ғой, енді сіздерді зарықтырмаймын, — деп, Шоқан біраз отырып, Петербургтен ертіп келген жолдастарымен ауылын таныстырды. Сонан кейін әке-шешесінен рұқсат алып, өзіне тігілген үйге барды. Шоқан өз үйіне келгенде, үй сыртында күтіп отырған жұрт өре түрегеліп, әлгінде кезек тимегендері амандасты. Шоқанның қасына Петербургтен күтуші болып еріп шыққан татар жігіті анталаған қауымға:

— Төре жолдан қатты шаршап келді. Сіздер біраз іркіліңіздер, мен ол кісіні шешіндірем, киімін жаңалаймын. Менен хабарсыз үйге кірмеңіздер, — деп жариялады.

Келген қонақты реттеп түсіріп жүрген Жақып болатын. Ол біраздан кейін күтушісінің сөзін тыңдамай, Шоқан жатқан ақ үйге кіріп:

— Шоқан аға, сіз шешініп жайлансаңыз, сыртта Орынбай ақын бастаған өнерпаз жас қауым күтіп отыр. Олар амандық айтып, бүгін әнмен, күймен ойын-күлкі жасамақ, — деп өтініш айтты.

— Ол дұрыс болған, келтір, — деп Шоқан рұқсат етті.

Қолына домбырасын ұстай кірген Кермағының Орынбайы өлеңді нөсерлете жөнелді. Шоқанның шақыруымен Петербург қонақтары да ақ үйге келген-ді. Олар бұрын мына сияқты домбырамен құбылта өлең төккен ақын өнерін көрмеген, таңырқай, сүйсіне тыңдауда. Әсіресе қазақ халқының ақындық өнерін алыстан естіп, ауызша тыңдауға мүмкіндігі болмаған Файызхановқа жана бір әсем өнер алдынан атой берді. Ақын үйреншікті жаттама өлең емес, Шоқанның аман-есен әке ауылына, ұлы ордасына оралғанын, сонау Қашғар сияқты шалғай ғаламды аралап көргенін әсем теңеулермен құбылта ағызды. Орынбай бірсыпыра құттықтау, шежірелеу өлеңдерін төгіп, тоқталып:

-Ендігі кезекті әншіге берелік. Мына жас әнші Төлепберген үнін естілік, — деді.

-Иә, ол дұрыс. Әнші үні де естілік, — деп Шоқан бұрын таныспаған талдырмаш, сұңғақ бойлы, ақ құба жігітке көз тастады. Аз бөгеліңкіреп қобызын сарната ән шырқады. Қобыз үнінің қоңыраулап бастап, әуелете шырқалып кететін жеріне үнін қосқанда, бір ішектен шыққандай егіз әсем үн құбылады. Қазақ әнін көптен естімей сағынған Шоқан Төлепбергенге сүйсіне қарап:

— Құсайын мырза, сіздер қазақ, қырғыз әндері анайы, мәнерсіз деп ойлайтын сияқты едіңіздер. Қалай ұнай ма? Мынау нағыз адамның жан-жүйесін балқытатын ән емес пе? — деп күлді.

— Шоқан мырза, мен ешқашан сіздің халықның өнерін суккән емеспін. Бұл бір ғажайып саз, тұла бойны тербәтә, — деп шын сүйсінгенін айтты. Төлепберген әні аз тоқталып, Шоқан Орынбай ақыннан Төлепбергеннің жөнін сұрады.

— Шоқан сұлтан, бұл әншінің әкесін өзіңіз біліп те қаларсыз, атақты Тулақ қобызшы. Бұлар бірнеше атадан үзілмеген әнші, күйші. Сырымбеттен қозыкөш жерде «Тораңғұл» деген көл бар. Тулақ қобызшылардың қонысы сонда. Ән мен күйдің қоныстаған шаңырағынан шыққан, — деп Орымбай Төлепбергенді біраз таныстырып өтті.

Шоқан ертеңінде Айғаным ордасына барды. Айғаным шаңырағындағы Ханқожа төренің кешегі шұбырған елдің ішінде болмағаны — Шоқанның өзінің келуін тосқандық еді. Асыл ана, әже орнына келгенде Шоқан халық дәстүрін істеп, анадай жерден жаяулай келіп, есікті өзі ашып кірді. Ерекше жақсы көріп, сүйсіне құрмет тұтатын Ханқожа Шоқанды құшағына алып, құштарлана сүйді. Ана орнының үңірейіп тұрған мұңын да айтты. Шоқанды жолдастарымен қонақ етіп, Шыңғысты, да шақыртып алып әже орнында жақсы мәжіліс жасады. Қобызының үнін, сыбызғысының сазын сағынған Шоқан басқа ешкімге домбыра тартқызбай, тек Ханқожа күйлерін тыңдады. «Қорқыт» күйін, «Балбырауын» күйін, Соймақтың «Сарыөзенін» тыңдап, қазақ елінің көкірегі мен көңілінде сыр мен жыр болып қалған әсем аңызға мейірленді. Әсіресе Ханқожа күйлері Хұсайын Файызхановқа ғажап ұнады. Хұсайын бір әредікте:

— Сіздің тұқымдар бек өнерлі заттан болған. Әрбір адамдарыңызның өзіне хас өнер өзгешелігі бар. Мына сізнің әткәңіз сахаруи халық ішінде бек мәдениетлі икән, — деп тоқтады.

Осы топта отырған Сал ақсақал:

— Бұл тұқымға бәрі қонған. Батыры да бар, өнерпазы да бар, — деп қарқылдай күлді. Осы бір өзге жауап қайтарып Шыңғыс:

— Иә, біздің Сал ақсақал дұрыс айтады. Батырымыз да бар, тентегіміз де бар. Өнер Ханқожада. Азды-көпті бақ бізде. Ата орнын күңіретпей жүріп жатырмыз, — деп күлді.

Шоқандар біраз дем алып тынықты. Петербургтен сахара сайранын сатынып келген Шоқан жолдастарымен салт ат мініп, күндіз ылғи дала серуенінде болады. Бірақ, сапырылысып келіп кеткен елдің аясы үзілмей, көбінесе босатпады.

Шоқан сапырылған қымыз, сайраған ақын, әнші мәжілісінде отырып, петербургтық қонақтарына:

— Қонақ мырзалар, ертең ұйқыларыңыз ерте бұзылады. Ауыл көшеді. Жаңа жерге қонады. Үй тігесіндер, — деп күлді.

— Үйні тіккені қалай? Біз ни ішләйміз, Шоқан Шыңғысович, бізге үйрәт. — Тағы да біраз отырып, үйдің шаңырағына, керегелеріне қарап:— Мына үйні қалай куэрәләр? — деді Файызханов.

— Бәрін де ертең көресіндер. Тек жігіттер, қыз-келіншектер көрсеткен жұмысқа дайын болыңдар! — деп Шоқан қонақтарының сұрағын дауалатты.

Шоқанның ұйқысы қануын күттіріп, Шыңғыс алдымен өзінің ауылын көшірді. Өздері барып жайланғаннан кейін Шоқанға тігілген ақ үйді көшіретін адамдарды жіберді. Он қанат ақ үйдің ішіне ұсталған жібек кілем, қалы бауларды босатып, жылпың жігіттер, жинақы сылаң келіншек, қыздар ойнақы қимылдайды. Тізерлей шөгерілген атпалы атандарға үйдің туырлық, үзіктерін, түндігін қомдап, қызылды-жасылды боялған жүнмен шымдап оралған әдемі шилерді бүктеп, шиыршықтап әкеліп артып, қыз-келіншектердің қолдары қолдарына жұқпайды. Көшпелі елдің жастарының мына қимылдарына петербургтықтар таңдана қарайды. Бір ғажап болғаны — ақ үйдің сырлы есігін шешіп, алып алшайған керегенің кең ашылған аңғарынан салт атпен қолына бақан алған екі жігіт кіріп, шаңырақтың күлдіреуішінен тіреп, екі жерден ерсілі-қарсылы тұра қалды. Осы сәтте дайын тұрған қыз-келіншектер уықтың бауларын сыпылдата шешіп, шаңырақтан ағытып алып, жерге қатарлап жинай бастады. Бір-ақ сәтте тіреп тұрған уықтар топ-топ болып буылды да, шаңырақ баяу төмендетіліп, жаяу тосып тұрған жігіттердің қолына берілді. Керегелер таңғыш, шандуынан шешіліп, олар да тарбиған қанаттарын жинап, жалпақ, тақтайға ұқсап ыңғайлана қалды. Осы бір үйді жыққан тамашасын көріп таңданып тұрған Файызханов:

— Шоқан Шыңғысович, мен ойлаған едім, нишік жинайлар деп мынау кибиткәні, алай исә бик шибәр жиялар, — деп осыны отыра қалып қойын дәптеріне жаза бастады.

— Инді, анық тіккәнін дә курәбіз, — деп Файызханов үйінің жығу, тігу тетігін қадағалап білгісі келді.

Шоқандар өздеріне ерттеліп қойған аттарына мініп, жаңа жұртқа тартты. Ақ үйді артқан салтанатты көш осылармен қатарласа жүрді. Алдыңғы ақ бас сары атанға отырғызған Шоқан үйінің орындық, столдарының үстінен асыра жапқан түрлі түсті жібек кілемнің шашақтары жерге жете шұбатылады. Анадайдан қарағанда әлдебір әсем дүние иіріле сорайған түйенің мойнымен жылжып бара жатқан тәрізденеді. Алдыңғы нар бас атанның бұйдасын қолына алып, сүліктей қара жорғаның үстінде, күмістеген ер-тоқымның жүген-құйысқанын, үзеңгі-таралтысын жарқылдата толықси

отырған ақ құба келіншектің реңі күн көзінде бал-бұл жанады. Сол сұлудың ақ торғын желегінің шашағы желбірей үйілгенде, бар әлем сұлулығы кара жорғаның томағадай сауырында дөңгелегендей болады.

Орда үйінен біраз жер оңашалай шөгерілген көш түйелерінен ақ үйдің сүйегі, жүгі түсіріліп, бағанағы жылпос қауым үй тігуге кірісті. Алдымен он қанат керегенің қоспасын біріне бірін қиюластыра таңғышпен шандып жіберіп, шаңырақты көтеруге кірісті. Бұл жолы кереге ішіне бағанағыдай атпен кірген жоқ. Екі жігіт жайған керегенің ортасынан екі жүк аяқ қойып, соған шығып шаңырақты ұзын қайың бақанға отырғызып алып, аспандата көтерді. Осы сәтте төрт жігіт белсене келіп, келіншектер қолдарынан берген уықты шаңыраққа ат үстінен шаншып, қыз-келіншектердің кереге басына байлауына тастап сыпылдатты. Уықтар лезде қатарлана шаншылып, шаңырақ орныққан кезде келіншектер уықты өздері шаншып байлай бастады. Осы бір кейінгі үй тігу жайын Файызханов Тақырбастан қайталап сұрап жазды.

Жаңа жұртқа қонып, ауыл еру-жайға ауысқаннан кейін, Шоқанды жолдастарымен Шыңғыс өз ордасына шақырып:

— Шоқанжан, әжеңнің салдырған мешітін көрген де жоқсың. Ол кісі бізге үлкен мұра, өсиет қалдырды. Мына өзің сәлем беріп танысып отырған ақсүйек пайғамбар әулеті Қожа. Осы кісі — қазіргі имамымыз. Бүрсігүні құрман айты, сол мешітке барып намаз оқылады. Халықты мешітке жиналсын деп хабарладық. Сол айт күні әжең басына да, мешітіне де баруың керек. Халық сыйлауға қарсы болмассың, болмассың, — деп Шыңғыс өзін ара-тұра қайталап дыбдырлата айтатын әдетімен Шоқанға көп көзінше өз хабарын айтты. Көптің көзінше баласына аталық әмірмен ана аруағын көлденең тарта айтқан Шыңғыстың өзіне Шоқан құптағаннан басқа сөз айтқан жоқ.

Ауыл отырған жайлаудан Сырымбеттегі хан ордасы мешіт тұрған жер қозы-көштей ғана еді. Шыңғыстың тапсыруымен мешіт басындағы күзетші үйіне барлық жабдық жеткізіліп, ертеңгі айт дастарқанына ерекше дайындықтар істелді. Имам Қожа, Шыңғыс, Зейнептер қонаға, шәк күні кешке, мешіт басында болды. Хан үйінің құрмалдыққа шалатын алты жасар құр өгізі де сол кеште мешіт күзетшісінің үйіне әкеліп байланған.

Айт намазына жиналған жұрттан кешікпе деп тапсырған Шыңғыс өзі бойынша Шоқандар да ерте аттанып ордаға келді. Қара нөпір жиналған қалың жұрт, кірлеген жыртық сәлдесін көкіте ораған соқыр сопылар да көбейіп кеткен. Имам хутбасын аяқтап қалған екен. Шоқандар келіп шеткерірек тұрып тыңдасты. Мына ұйып тыңдап тұрған қалың қауымнан бір пенде ұқпайтын араб тілінде сыдырта оқыған хұтбасын аяқтап, имам Қожа мінбеден түсті. Сонан келіп имамдық істеп халықты екі рәкат намазға жықты.

Ел намаздан шығып мешіт айналасында, бұлақ басына қарай тарай берген мезгілде бажылдаған бір ащы зарлы дауыс естілді. Жолдастарымен қалың топтан шеттей тұрған Шоқандарға қарай басынан қан аққан, үсті-басы алба-жалба, қара сақалды бір адам келе бере етпетінен түсті. Осы сәтте «әкет ананы былай. Не қыл деп масқара болып жүр» деген Жақып даусы да шықты.

Жақыптың жанындағы бір жылпос жігіт келе әлгі жығылып, өкіріп жатқан адамды жұлмалай бастап еді:

— Кет былай, — деп жігітке ақырып, — ананы тұрғызып алып кел, — деп Шоқан қасындағы күтуші жігітіне әмір етті. Барып қолынан сүйемелдеп, Шоқанның алдына жете бергенде, әлгі қара сақалды адам, бетінен қан жосыған қалпында: «Алдияр, жас сұлтан» деп тізерлеп отыра кетті. Шоқан қасына таяп келіп:

— Көтер басыңды. Мына айт күні неге мұнша қанға боялып жүрсің? — деп жай салмақпен сұрады.

— Алдияр тақсыр, жас сұлтан, сіздің алдыңызды көріп өлсем арманым жоқ, — деп едім. — Енді арманым жоқ.

— Мына үсті-басыңды қан жауып, қан жылап жүріп арманың жоғы қалай! Кімнен осынша қорлық көрдің, айт именбе, — деп еді, әлгі адам еңкілдеп тағы да жылап жіберді.

— Айтсам да өлем, тақсыр, айтпасам да өлем. Маған осы қорлықты көрсеткен сіздің бөтеніңіз емес...

— Әкем болса да айтшы, не істеді? — деп Шоқан қадала сұрады.

— Айтсам, ана Шепе батыр, жалғыз дөнен өгізім бар еді, соны құрбандыққа шалам деп даладан айдатып алып, айтқа шалып тастады. Артынан іле қуып келіп едім, «өзің де бір егізге мінгесетін сегіз кісінің бірі боласың, сен құдайдың құлы емессің бе, Қожекем айтқан, саған да құрбан шалу парыз. Бізде жасы құрбанға шалуға толған семіз өгіз жоқ екен. Ортамыздан шаламыз, — деді. Мен бермеймін дедім. Өгізге таласып алып кетпек болып едім, өзімді көкала қойдай етіп сойды. Өгізді өз көзімше құрбанға шалды. Көпке топырақ шашам ба, күштіге амалым бар ма. Базарға апарып пұл етем бе деген жалғыз қарам еді, бар қуат қылғаным. Өзіңе осы арызымды айта келдім, — деп солқылдап жылап жіберді.

Шепеге әкесінің әмірі жүрмейтінін білетін Шқан Шыңғысқа сабағат салмастан, қасына Жақыпты шақырып алып:

— Бар, ана Шепе атайдың үлкен баласын ертіп кел, — деді. Жақып барып Шепенің үлкен баласын ертіп келді. Оның жасы Шоқаннан үлкен болатын. Шоқан оған сәлем берді де:

— Менің сізді шақыртқаным, мына бір кедей кірме төленгіттің жалғыз өгізін ана атай айдатып алып, құрбанға шалып тастапты. Өгізіне таласқан бұл сорлыны таяқтап көк ала қойдай етіп сойған. Мына сіздерше мұсылман қауымның ұлы күні мына сияқты үстемдік істеу бір емес, он есе күнә болатын шығар. Оны ана тұрған пайғамбар әулетінен сұрап біліңіздер. Мен сізге Уәлихан тұқымы төре атынан айтпаймын, анау Петербургтағы Азия департаментінің бөлім бастығы қызметім атынан айтам. Мына кісінің өгізінің орнына — ат мінгіз! Үстіндегі жыртылған киімін бүтінде, шапан кигіз! Сақалынан қорық! — деп әмір ете айтты. Шоқанның кейінгі айтқан сөздері аса зілді екенін ұққан төре баласы:

— Құп, ақ патша офицері. Қазір орындалады. Енді бұл кісі сіздің алдыңызға жылап келмейді, — деп Петербургтан келген азаматтардың көзінше Шоқанды патша чиновнигі ретімен сыйлап, әміріне бас иді.

— Ал тұр, мына кісімен еріп бар. Разы етеді. Егер айтқан уәдесін орындамаса, өзіме кел, именбе! — деп Шоқан мәлиіп отырған адамға қайрат бере орнынан тұрғызды. Ішінен: «Мінеки, мешіт пен пайғамбар әулетінің қазақ даласына әкеліп орнатқан әділеттігі мен діні, иманы», — деп налыды.

III

Мешіт басындағы құрбандық тамақтарына Шоқан қараған жоқ. Жолдастарын ертіп, жайлаудағы ауылына келді. Шоқанның бағанағы тапсырмасын алған Шепенің баласы, әкесіне соқпастан өгіз иесін ертіп барып ат мінгізіп, шапан кигізіп разылығын алды. Шоқанның әміріне Шепе тұқымының бас игені сол атырапқа лезде-ақ тарап: «Ойбай, Шоқан төреге патша үлкен шен беріпті. Және оның айтқанын патшаның сөзінен басқа кісі бұза алмайтын көрінеді! Өзге былай тұрсын, анау аға сұлтан Шыңғысыңызды кісі құрлы көрмейтін Шепенің өзіне әмірін жүргізіпті» десіп, неше түрлі алып-қашты қауесет таратып жатты.

Баласына Шоқанның әмір беріп, өгіз иесіне ат бергізіп, шапан жапқызғанын естіп, Шепе жатып долданды. Шыңғысқа кісі жібермек болып еді:

— Әке, сіз ағалығыңызды Шыңғыс атаға істегенмен, Шоқанға ол кісінің әмірі жүрмейді. Өйткені Шоқан балаңыз маған әмір айтқанда, Петербург патшасының атынан айтты. Патша Шоқанға үлкен ерік берген көрінеді. Және ана мұсылман еліне барып қайтқандықтан, шариғат жолын да бізден гөрі көбірек білетін сияқты. Ақы иесінің рұқсатынсыз біреудің малын құрбандыққа шалу он есе ауыр күнә, — деді. — Сіздің қудай жолына шалған құрбандығыңыз қабыл болсын деп ақы иесінің разылығын алдым, — деп баласы Шепені әрең дегенде тоқтатты.

Шоқан үйінің маңы арыз айта келген адамнан мүлде босамайтын болды. Біреу байдан, жуаннан көрген зорлығын айтады. Біреу адал ақысына қолы жетпеген кемшілігін айтады. Біреу қонысынан айрылып, көрген жапасын айтады. Біреулер патша чиновниктерінің елге шыққандарынан көрген қиянат, жеген таяғын айтады. Ең аяғы шаңырақ басы түтіннен алатын шығынның әділетсіз бөлінетінін, атқамінерлердің зұлымдығын арыздайды.

Шоқанның оқу бітіріп, Батыс-Сібір өлкесінің мекемесіне қызметке орналасқаннан бергі қолға алып танысқаны қазақ-қырғыз елдерінің ішкі тәртібі жайында болатын. Сол тәртіптің жайын нақтылы бір жобаға келтіру мақсатымен анау Гасфортпен бірге Жетісу өлкесіне барғанда да, Ыстықкөл қырғыздарына да барғанда да осы жайдан естіген, білгендерін жинақтап, көп көңіл бөлетін.

Әсіресе Россия қол астына қарамай тұрғандағы қазақ халқының атақты билерінің, хандарының билік жобаларымен де танысып көп сұрастырған. Өзінің әкесі, аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың ел ішіндегі айтыс-тартысқа қолданатын жобасын да сұрап, қадағалап талдап отыратын. Нағашы ағасы Мұса Шормановтан да ертедегі халық билерінің билік жобасын сұрап жазып алған еді. Осылардың бәрін қарастырып келгенде қорытары — әлі тәртіпке қойылған дәлді жоба жоқ. Кейбір жағдайда қазақ халқының көне билік

жолын қолданса, кей жерде жаңадан кіре бастаған, қожа, молдалар таратып жүрген шарифат жолы қолданылады. Онымен қатар патша үкіметі тарапынан жүргізілетін әкімдік жолы тағы бар. Осы сияқты сан сипатты ел билеу, дау-шар шешу жолы, үнемі күшті, беделді жандардың қолшоқпары, қалай бурам десе, солай қисайта салады. Осы бір түйінді таратып бір ізге түсірер жол табар ма? Мына әділетсіз, жолсыздықтың сойқанынан момын қауым серпілер ме, осыны ойлады.

Шоқан ана Петербургтан елге келгенде, демалыс етіп, әлсіреген саулығын түзетпек еді. Сатынған даласына сайрандамақ еді. Ешкімге әкімшілік жүргізіп, ел арызын тексермек емес еді. Амал жоқ, жылауқор елдің тілегіне құлақ аспауға таты болмайды. Сондықтан ол осы бір тәртіпке келтіруді өте керек етіп отырған жағдайды қағазға түсірді. Батыс-Сібір өлкесінің қазақ-қырғыз елдерінің ішкі тәртібін басқарып отыратын бөліміне өзінің ойын толық етіп жазып жіберді. Әсіресе қырға шыққан әкімдердің тәртіпсіздік істейтінін, заңсыз үкім жүргізіп, патшалы Россия заң-заңының бұрмаланатынын көп дәлелдермен келтіріп жазды. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған үш тармақ жобаның жайсыз екенін, бір дұрыс жоба алынып, тиянақты жол салыну керектігін ұсынды.

Ана Петербургтан еріп келген бай баласы бірер айда-ақ саулығы түзеліп, құлындай ойнады. Шоқанға арнап шатын қара сабаға жекелеп ашытып, құты қара торсыққа құйылып қоятын қымыздан бірге ішті. Күнде таңертең қазының уілдірігін салып, бір жігітті салт атқа мінгізіп, құты торсықты қанжығасына байлап шайқалтып түсірген қымыздан құныға ішкен жас жігіт лезде семіріп, сауығып кетті. Ол Шоқанға, оның ата-анасына алғысын айта, әкесіне хат жазып, алдырған асыл сыйлықтарын беріп қайтатын болды.

Файызханов та өзінің ерекше ізденген мақсаттарының көп жағдайларын тауып, ауыз әдебиеті, халық, өнері дегеннен құшағы толғанша алып, ол да Петербургқа қайтты.

Шоқан әлі де болса саулығына сене алмай, қысқа шейін аулында болуға шешті..

Әкесінің надан елдің ықпалына түсіп, мына негізсіз дін жолына берілген жайы қатты күйзелтті. Осындай бір күйзеліс кезінде Шоқан өзінің аса сүйікті көретін досы Аполлон Николаевич Майковке хат жазды.

«Аса сүйікті көретін Аполлон Николаевич, мен сізге әлдеқашан хат жазбақ едім. Алдымен сіздің үй-ішіңізге бас иіп құрмет етемін. Сонау бір танысқан күннен бастап ерекше сүйкімділік көрсеткендеріңіз өмірі естен кетер емес. Кеш те болса осы хатты жазып отырмын. Әсіресе сіздер арқылы танысқан Петербургтық жолдастар қандай асыл жандар еді. Мен қазір өзімнің туған елімнің, дос, ағайын туыстың ортасындамын. Бірақ олармен өткізген осы бір күндерімді, қонысы бөлек, туысы басқа асыл жандармен достасып өткізген сағаттарыма теңемеймін. Өз туған-тұқымдасыммен ұғыныса алмай-ақ қоятын түрім бар. Менің әке-шеше, туыстарым есті де, білімді де жандар. Бірақ туған-өскен ортасы — мынау анайы өмірден қорек алған қазақ ортасы. Олар сонау-сонау ата тегінен тұқым қуалаған орынсыз өз

шамасынан тысқары кісілік арқалап жүретін тоң мойын қара сенім шырмауындағы жандар. Әсіресе Орта Азияның қанат жайған фанатик мұсылмандық, анау атам заманнан бойына сіңген шамандық, дін қара түнегімен ұштасуда. Осы бір түйін сонау ата салтын қуған таңмойын көнімсіздіктің бір тірегі. Менің «жарлы жақыбайға жәрдем көрсетем, еңбегін қанамандар, ол да адам баласы» деп «құл-құтан» атанатын қауымға ара түскенім өз үй-ішіме де ұнамайтын болды. Осындай ұғыныспаған қауым ортасында жалғызсырайсың. Пікірлес достарды сатынасың. Менің өз әкешешемнің маған деген бір үлкен наразылығы — мені үйлендірмек болды. Оған мен ырық бермедім. Әрине, мен өз ұлтымнан әйел алуға қарсы емеспін, ол кісілердің ойынша мен ақсүйек — хан тұқымымын ғой. Қалайда, мен ақсүйек тұқымына үйленуім керек. Ол кісілердің өздерінше құдаласып маған әпермек қыздары, мына Орынбор даласындағы бір сұлтанның қызы екен. Ал ол қызбен менің тетелес інім танысып, көңіл қосқан жайы бар екен. Оны екеуінің жазысқан хаттарынан көріп білдім. Оған мен қалай үйленбекпін. Содан бас тартқанымға әкешешем қатты өкпелеп, көргісіз болып алды. «Оқуға бердік, тәрбиелеп өсірдік, еңбегіміз далаға кеткем екен. Бұл орыс болып бұзылып кеткен. Бізге елдігі жоқ» деп мүлде үңіліп қалды. Шешем «емшегімді көкке сауам, сол қызды алмасаң, ақ сүтімді кешпеймін» деп өлердегі өзін айтты. Қайтейін, қыз сырын біле отыра, өз арым көтермейтін орайсыз жайға бара алмадым. Әрине, менің бұл қылығым біздің мына қазақ ішінде мейлінше дінсіздік. Соның бәріне шыдап жүріп жатырмын. Қалай, біздің достар, Достоевскийлер жақсы жайда ма? Олардан көптен хат алғаным жоқ. Оған мен өзім кінәлімін. Өйткені салақсып хат жазу арасын ұзатып алдым. Менің Сібір өлкесінің үкімет басшыларымен қандай жайда екенімді Федор Михайлович жақсы біледі. Мен ол кісіге бір жағдайды жазғанмын. Сібір өлкесінің чиновниктері, біздің халқымызды жан деп санамайды. Бұратана бір нәрсе деп бағалайды. Оған қайдан шыдарсың. Аполлон Николаевич, менің хал-жайым осындай. Менің еңбектерімнен Петербург баспа орындарында басылары бар ма, қарастырсаңыз, мен сізге үлкен алғыс айтар едім. Менің қазақ ертегілерінен, шаман дінінің жайынан жазғандарымды «Отечественных записок» баспасы қабылдамас па екен. Мен сізді өзімсініп, көп міндет тапсыра, бар сырымды ақтара жазып отырмын. Асыра көп айтып мезі етсем, кешірім етерсіз. Сіздің үйдің адамдарына, әсіресе менің кішкене досыма сәлем айтыңыз. Сізді ерекше құрмет тұтушы Уәлиханов».

«Менің адресім — Батыс-Сібір, Петропавл қаласы арқылы, Көкшетау станциясы».

Шоқан осы бір хатты Петербургтық ақын досына ашына жазған. Бұл хатта Шоқанның халық қасіретіне уланған сыры айқын суреттелген. Шоқанның осындай өз ауылы, өз үй-ішімен ұғыныса алмай жүрген шағында Батыс-Сібір өлкесінен бір хат келді. Ол хатта:

«Құрметті Шоқан Шыңғысович, сіздің мына қазақ даласының ішкі тәртібі жайлы ұсынысыңызды алғанбыз. Сол ұсынысты қарастырып, көшпелі дала халқының әкімшілік тәртібі, заң-закон билік жобасы жөнінде ойласуды,

соның жобасын жазуды ұйғарып отырмыз. Соған қазақ елінің бұрынғы билерінің билік жобасы жөнінде кеңесші ретінде сізді шақырамыз, мүмкін болса Омбыға келіңіз» деп жазыпты. Мекеме қатынасымен қатар Карл Казимирович те Шоқанның Омбыға келуін, мына келелі істе кеңесші болуын қалап хат жазыпты. Шоқан осы хатты алысымен, кешікпей Омбыға жүріп кетті.

25 мамыр, 1967 жыл.